

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнігі**

**3.С. Тоқыбаев
2017ж. «___» _____**

5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

TGP1201 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ

**пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы
(SYLLABUS)**

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 1

Семестр: 1

Кредит саны: 2

Дәріс: 15

Семинар: 15

КОӘЖ: 15

КӨЖ: 45

Курстық жұмыс: 1 семестр

Емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2017

5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған «Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS), 132 бет

Құрастырған: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковникі Тұсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы

Кафедра отырысында қарастырылды
2017ж. «__» №__ хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
полиция майоры

Р.Қ. Джиембаев

Академияның ОӘК отырысында бекітілді
2017ж. «__» №__ хаттама

© Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017ж.

3.1. Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы
2. Курс, семестр	1-курс 1-семестр
3. Пән циклі	негізгі құрауыш
4. Кредиттер саны	2 кредит
5. Сабак өткізу орны	Оқу аудиториясы
6. Лектор	Түсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковнигі (Ермеков көшесі 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі тел. 211, 312
7. Сабак беруші оқытушы	Түсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковнигі (Ермеков көшесі 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі тел. 211, 312

3.2. Пререквизит:

Аталмыш курстың материалын игеруден бұрын курсантқа белгіленген оқу жұмысы жоспар көлемінде алатын тиісті құқықтық теориялық білім қажет. Ол білімді келесі пәндер барысында игеруге міндетті: Қазақстан тарихы, Әлеуметтану, Құқық негіздері, Адам және қоғам.

3.3. Постреквизит:

Белгіленген курс бойынша оқыту көлемі курсанттардың білім, іскерлік, ғылыми зерттеулер барысында арнайы ғылыми ілімдерді пайдалануда ұсынымдар мен дағдыларды пайдалану мақсатында жұмсалу керек. Келесі пәндерде: ҚР Мемлекет және құқық тарихы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, ҚР Қылмыстық құқығы, ҚР халықаралық және азаматтық құқықтары.

3.4. Пәннің қысқаша сипаты

Пәннің мақсаттары мен міндеттері:

- курсанттардың қазіргі құқық жүйесінің дамуындағы жаңа құбылыстар мен жетекші тенденциялар, сондай-ақ, құқықты дамытудағы негізгі заңдылықтарын айқындау туралы ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;
- отандық жаңа құқықтық материалдарына талдау жасай білу.

Құқықтану - мәдениеттің жоғары күшине талпыныс береді, зангерлік ойлау қабілетіне белсенді ықпал жасайды, зангерге (курсантқа) қажетті білім береді.

Пәнді зерделеу міндеттері:

Бұл пәнде мемлекет пен құқық теориясының мейлінше маңызды мәселелерін және мәселелі жақтары қарастырылған. Әсіреле, мемлекеттің пайда болу туралы мәселеге көзқарастардың әр қылышы, қоғамның саяси жүйесінің даму генезисі, мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары, құқықты түсіну проблемалары, құқық теориясының жалпы сипаттамасы, құқық нормасы мен нормативтік актілер мәтінінің өзара байланысуының теориялық проблемаларына көп көңіл бөлінген.

«Мемлекет және құқық теориясы» курсының негізгі міндеттері: курсанттардың салыстырмалы құқықтану санаттары мен түсінігін менгеру; елдердің түрлі құқықтық жүйесіндегі қолданыстағы мемлекеттік-құқықтық заңнамаларына дұрыс бағдарлауға, елдердің қазіргі құқықтық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерді түсіну және талқылау дағдылары мен іскерленуге оқыту.

Пәнді зерделеу нәтижесінде курсант білуі керек:

- қазіргі құқық жүйесі және ілім;
- құқықтағы (құқық әдістерінің теориясы) әдістемелік мәселелері.

Үйренуі керек:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларында құқыққолданудың қазіргі құқық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілер мазмұнын тәжірибеде пайдалану;
- «құқықтану» әдісін құқықтық құбылыстарды зерделеудің бірден-бір маңызды қуралы ретінде тәжірибеде пайдалану;
- қазіргі құқық жүйесінің жалпы, ерекше және жалғыздылығын айқындау үшін салыстырмалы әдісті қолдану.

Курсанттардың сабак уақытын бөлу					
Барлығы (көлемі) 2 кредит 90 сағат	Аудиторлық сағат				
	Дәріс	Семинар. сабак	Практик. сабак	КОӨЖ (аудитор.)	КӨЖ
	50/15 мин/ саб.	50\15 мин/саб.	- мин/саб.	50/15 мин/саб.	50/45
	15 сабак	15 сабак	- сабак	15 сабак	45 сабак

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттерге сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	семинар	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы	15-30	ауызша	семинар сабакында
2	КОӘЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы		ауызша, жазбаша	15 аптаға дейін
3	КӘЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	межелік бақылау	15-30	ауызша, жазбаша тест	жоспар бойынша
4	емтихан	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	қорытынды	20-40	тест	кесте бойынша

~~Жоғары жағынан магистранттар~~ бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабактарына жүйелі түрдеу дайындалу;

~~Сабактарда белсенділік тәсілдер~~ тапсырмаларын зерделеуде бастамашылық таныту.

~~Жаңа белгілідейді және көзің калыпташып жасалғанда~~ Одан сұрақтар қойып, әңгімелесіп, аландату;

~~Жоғары жағынан магистранттар~~ тапсырмаларды орындау шарттарынан және жағдайлардан жағынан өткізу мүмкін. Мерзімдерде кестесі магистранттар үшін оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген.

Негізгі мақсаты – барлық материалды қамтып, тест түріндегі емтиханмен аяқталады. Емтиханга рұқсатнама алу үшін міндетті талап бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмалардың орындалуы болып табылады. Дәріс курсының тақырыптары бойынша жоспарланған: жазба жұмыстары, КОӘЖ аясында құқық қорғау органдының ең өзекті мәселелері бойынша пікірталас.

Қорытынды бағаны қою барысында балл қою ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойынша есептеледі.

Межелік бақылау №1 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 7 аптада өтеді.

Межелік бақылау №2 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 15 аптада өтеді.

Емтихан – 40 %.

Ағымдық және межелік бақылаудың қорытындысы жинау қағидасы бойынша ведомоспен ұсынылады және емтиханға рұқсатнамаға негіз болып табылады.

Егер курсант межелік бақылауды тапсыру қорытындысы бойынша пән бойынша (60 %) бағаның жартысын ғана алса, емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша емтихан бағасы аралық аттестация және межелік бақылау бойынша үлгерім көрсеткішінің сомасы ретінде анықталады – 40 % және 100 % құрайды.

Курсанттардың білімін бағалау жүйесі

Емтихандық баға пән бойынша ең жоғарғы максималдық межелік бақылау бағаларымен анықталады – 60% және аралық аттестация (емтиханға) - 40% ал 100% құрайды, осылай қорытынды баға мына формуламен анықталады:

$$И\% = P_1 + P_2 \times 0,4 + Э \times 0,6$$

Бұл жерде:

P1 – бірінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы.

P2 – екінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы

Э – емтихандық бағалардың пайыздық құрамы

Сондықтан, нақты есеппен қорытынды бағаларды курсанттардың білімімен бағалау қажет межелік бақылауда (рейтингте) және емтихандағы қорытынды пайызбен 0-ден 100%-ге дейін.

Курсанттардың білімі, дайындығы және іскерлігі келесі жүйе бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мағынасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	қанағаттанарлықсыз
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

3.7. Әдебиеттер тізімінің мазмұны

№№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1.Негізгі әдебиеттер:		
1.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, 2008.
2.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы	Алматы: Зан әдебиеті, 2009.
3.	Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша мемлекет бөліміне арналған дәрістер жинағы	Қарағанды, 2003.
4.	Байжанова Г.Т. Құқық теориясы	Қарағанды, 2004.

5.	Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы	Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.
6.	Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы: Ата мұра, 2007.
7.	Биекенов Н.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы	Қарағанды, 2006.
8.	Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы	Алматы: Заң әдебиеті, 2007.
9.	Дархамбаева А.Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы: негізгі терминдер мен ұғымдарды қысқаша түсіндіру/ А.Д. Дархамбаева.	Алматы: Айдана, 2003.
10.	Жоламан Қ.Д, Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: Фолиант, 2001.
11.	Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: 2007.
12.	Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық	Астана: Фолиант, 2007.
13.	Какимова М. Ш. Мемлекет және құқық теориясы негіздері: бастауыш және орта кәсіби білім беруге арналған оқулық	Астана: Фолиант, 2007.
14.	Мемлекет және құқық теориясы: оқулық / Қ.Д. Жоламан	Алматы, 2005.
15.	Өзбекұлы С., Қопабаев Ә. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, Жеті жарғы, 2006
16.	Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық	Алматы: Жеті Жарғы, 2009.
17.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы Оқулық.	Астана: Фолиант, 2007.
18.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. 2-басылым.	Алматы: Заң әдебиеті, 2011.
19.	Салкебаев Т.С., Тусупбеков С.С. Мемлекет және құқық теориясы: дәрістер курсы.	Қарағанды 2011ж.
20.	Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері.	Алматы: 2009.
21.	Шапахқызы У., Салкебаев Т. Мемлекет және құқық теориясы	Астана, 2009.

2. Нормативтік-құқықтық актілер:

22.	Қазақстан Республикасы Конституциясы	Алматы: 2017.
23.	ҚР Қылмыстық кодексі.	Алматы, 2015
24.	ҚР Азаматтық кодексі	Алматы, 2015.
25.	Қазақ КСР-ның мемлекеттік егеменділік туралы Декларациясы	//www.zakon.kz
26.	Қазақстан Республикасы конституциялық заңы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»	// www.zakon.kz
27.	«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 Конституциялық Заны (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// www.zakon.kz
28.	«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz

29.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132-II Конституциялық Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// www.zakon.kz
30.	«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz
31.	«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2737 конституциялық заңы	// www.zakon.kz
32.	Қазақстан Республикасы заңы «Прокуратура туралы» 29 желтоқсан 1995 N 2709	// en.government.kz
33.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 1998ж. 26 06 N 233 Заңы	// www.e.gov.kz
34.	Қазақстан Республикасының заңы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 23 қаңтар 2001 жыл №148 заңы	// zakon.kz
35.	«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// zakon.kz
36.	Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-XII Заңы	// www.zakon.kz
37.	Қазақстан Республикасы «Саяси партиялар туралы» заңы. 2002 жылғы 15 шілде N 344-II	// www.akorda.kz
38.	«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3-I Заңы	// www.akorda.kz
39.	«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999жылғы 23 шілдедегі № 453-1 Заңы	// zakon.kz
40.	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы	// www.akorda.kz
41.	ҚР Президенті өкімі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілікті қалыптастыру тұғырнамасы» 23 мамыр 1996	// Саясат. -1996. - №9.

3. Қосымша әдебиеттер:

42.	Абельдинов А.К. Қазақстанда нормашығармашылықтың дамуы	Алматы: Жеты Жарғы, 1998.
43.	Алауов Е. Қылмысқа тосқауыл	Алматы, 1997.
44.	Алексеев А.С. К учению о юридической природе государства и государственной власти	Москва, 1995.
45.	Алимжан К. Әдет-ғұрыптық құқық теориясы мәселелері	Алматы, 2003.
46.	Атаманчук Г.В. Новое государство: поиски, иллюзии, возможности	M., 1996.
47.	Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Тәуелсіз Қазақстанның құқығы	Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
48.	Ахметова Н.С. XYIII-XIX ғас. қазақтардың әдет-ғұрып	Қарағанды, 1997.

	зандary	
49.	Баймаханов М.Т. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан.	Алматы: КазГЮА, 2001.
50.	Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права	Алматы: Адилет, 2004.
51.	Берман Г. Западная традиция права: эпоха формирования	М., 1994.
52.	Богдановская И. Ю. Прецедентное право	Москва, 1993.
53.	Венгеров А.Б. Теория государства и права. - 8-е изд., стер.	Москва: Омега - Л, 2011.
54.	Власенко Н.А. Язык права.	Иркутск, 1997.
55.	Гаврилов О.А. Стратегия правотворчества и социального прогнозирования	Москва, 1993.
56.	Габитов Г.Х. Философия права: учебное пособие для юрид. вузов/ Г. Х. Габитов.	Алматы: NURPRESS, 2010.
57.	Давид Р. Основные правовые системы современности	Москва: Прогресс, 2008
58.	Денисов Ю.А. Общая теория правонарушения и ответственности (социологический и юридический аспекты).	Л., 1985.
59.	Журсимбаев С. Права человека в международно-правовых актах и Конституции Казахстана	Астана, 2008.
60.	Завадская Л. Н. Механизм реализации права.	М., 1992.
61.	Зивс С. Л. Источники права	М., 1981.
62.	Зиманов С.З. Древний мир права казахов	Алм-ы: Жеті Жарғы 2001
63.	Ибраева А.С. Правовая культура Казахстана: проблемы формирования, факторы развития	Алматы, 2004.
64.	Искакова Г.К. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы: оқу қуралы	Алматы, 2008.
65.	Историческое и логическое в познании государства и права	Л., 1988.
66.	Кашанина Т.В. Происхождение государства и права: современные трактовки и новые подходы.	Москва, 2011.
67.	Кенжалиев З. Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы	Алматы: Жеті жарғы, 1997.
68.	Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества	Москва, 1991.
69.	Керимов Д.А. Методология права: Предмет, функции, проблемы философии права.	Москва, 2000
70.	Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права	Москва, 2011
71.	«Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдау	Алматы, 2009.
72.	Қазақтың ата зандary.	Алматы: 2007
73.	Лейст О. Э. Сущность права. Проблемы теории и философии права	Москва, 2002.
74.	Малиново И.П. Философия правотворчества.	Екатеринбург, 1996.
75.	Малько А. В. Стимулы и ограничения в праве. Теоретико-информационный аспект.	Саратов, 1994.
76.	Марченко М.Н. Теория государства и права. 2-е изд.доп.	Москва, 2011.
77.	Марача В.Г., Матюхин А.А. Гражданское общество и государство в Казахстане: основные понятия и	Алматы, 1999

	особенности становления	
78.	Матюхин А.А. Государство в сфере права.	Алматы, 2000
79.	Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында	Алматы, 2000.
80.	Нәрікбаев М.С. Ақиқаттың ақ жолы	Астана, 2000.
81.	Нормы права. Проблемы теории (под ред. Байтина М.И.)	Саратов, 1987.
82.	Нурпеисов Е.К., Котов А.К. Қазақстан мемлекеті: хан билігінен президенттік республикаға дейін.	Алматы: Жеты жарғы, 2001.
83.	Общая теория государства и права. Академический курс в трех томах. / Т.1. Государство. Т.2. Право. Т.3 Государство, право, общество.	Москва, 2010.
84.	Өзбекұлы С. Абай және адам құқы: ғылыми басылым	Алматы: 1995
85.	Парламент және Қазақстанның заң шығару билігі. (жауапты ред. А.Таранов.)	Алматы: Жеты Жарғы, 1995.
86.	Радъко Т.Н., Толстик В.А. Функции права.	Москва, 1995.
87.	Рахметов С.М., Бапанов Т.А. Қылмыс құрамы	А., 1998.
88.	Рыбаков В.А. Рецепция права: общетеоретические вопросы: монография.	Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2009.
89.	Сартаев С.С. ҚР билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
90.	Семитко А. П. Развитие правовой культуры как правовой прогресс.	Екатеринбург, 1996.
91.	Современное государство: вопросы теории: монография / А.Д.Керимов.	Москва, 2011.
92.	Социальная структура общества и право: учебное пособие / А.М.Яковлев.	Москва, 2011.
93.	Социальная основания права: монография. / Г.В.Мальцев.	Москва, 2011.
94.	Табанов С.А. Құқықты жүйелендіру	Алматы, 1998.
95.	Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері	Алматы, 2001.
96.	Тихонравов Ю. В. Основы философии права.	М., 1997.
97.	Тихомиров Ю.А. Действие закона.	Москва: Известия, 1992.
98.	Теория государства и права: Учебник / Под редакцией Ф.М. Раянова.	Уфа, РИЦ БашГУ, 2012.
99.	Формальные источники права: монография / С.А. Дробышевский, Т.Н. Данцева.	Москва, 2011
100.	Хабибуллин А.Г. Научные основы типологии государства: вопросы теории и практики	Москва, 1997.
101.	Человек, право, цивилизация: ценностно-нормативное измерение: монография / Е.А.Лукашева	Москва, 2011.
102.	Черданцев А. Ф. Логико-языковые феномены в праве, юридической науке и практике	Екатеринбург, 1993.
103.	Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы.	Алматы, 1982
104.	Юридическая техника: учебник./ Т.В.Кашанина. 2-е изд	Москва, 2011.
105.	Юридическая техника в сфере частного права / корпоративное и договорное нормотворчество: учебное пособие. Т.В.Кашанина.	Москва, 2009.

4. Мерзімді басылымдар:

106.	Алауханов Е. Қылмыс құрамы	// Зан. - 2007. - №2.
107.	Абдрахимова Л. Д. Нормативно-правовой акт в системе	Караганда. - 2009. - С.

	действующего права // Материалы Республиканской научно-практ. конф. «Правовая система РК: проблемы и перспективы»	209-214.
108.	Ахметова Н.С. Кордас И.А. Формы систематизации законодательства // Вестник КарГУ. - Серия право	Караганда. -2011. - №2 (62). - С.27-33.
109.	Ахметова Н.С. Галы Ж.О., Абдраимова Д.С.Мұсылмандық-құқықтық мәдениеттің Қазақстандағы болашағы // Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане. Сборник научных трудов.	Караганда: ЖШС «Гласир», 2011.- С.21-25.
110.	Байжанова Г.Т., Шапахқызы У. Құқықтүсінушіліктің негізгі типтері // ҚР мемлекеттік-құқықтық жүйені дамытудың болашақ көріністері	Қарағанды, 2004. . – Б.166-171.
111.	Байжанова К.Т., Турдыгулова Г.Д. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастырудың кейір мәселелері //Қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы	Қарағанды: ЖШС «ГЛАСИР», 2010. - Б.92-97.
112.	Байжанова Г.Т. Алтаева М.У.Мемлекеттің пайда болуының шығыстық жолы // Егеменді Қазақстанда құқықтық және саяси жүйенің дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы.	Қарағанды: ҚарМУ, 2011. - Б.72-78.
113.	Бирманова А.И.Қазақстан Республикасындағы алқа билер сотын құрудың құқықтық және әлеуметтік мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы.	Қарағанды -Құқық сериясы, 2011. -№2(62).- Б.48-54.
114.	Грибанов Д. В. Теоретико-правовое осмысление инновационного развития общества / Д. В. Грибанов	Государство и право 2011. - №5. - С. 104-107.
115.	Дауленов М. Президент Республики Казахстан как субъект права законодательной инициативы в свете доктрины и практики зарубежных стран / М. Дауленов //	Зангер. -2009. - №5. - С. 37-42.
116.	Джамалдинов С.А. Совершенствование механизма принятия и официального обнародования актов в рамках нормотворческой деятельности СНГ / С. А. Джамалдинов	Зангер. - 2009. - №12. - С. 52-55.
117.	Джоусе-Иванина М. К вопросу о классификации нормативно-правовых актов / М. Джоусе-Иванина	Вестник МГУ: Серия 11. Право. 2010. №2. С.86-97
118.	Жанузакова Л. Т. Влияние норм международного права на национальное конституционное законодательство в области личных (гражданских) прав и свобод человека и гражданина: опыт Казахстана и других стран Центральной Азии / Л. Т. Жанузакова	ҚР ҰҒА хабарлары=Известия НАН РК: Серия общественных наук. - 2009. - №4
119.	Жуков В. Н. Философское познание государства и права / В. Н. Жуков	Государство и право. - 2010. - №6. - С. 31-40.
120.	Ибраева А.С. Құқықтық мемлекеттегі адамның құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі	Тураби. - 2004. - №6. – Б.17-22.
121.	Какимова М.Ш. Рахманкулова Д.Д.Понятие правовой системы Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научныхтрудов.	Караганда: ЖШС «ГЛАСИР», 2011.-С.14-21.
122.	Кемалов М. Конституциялық Кеңес: мәртебесі мен құзіреті	Зан. - 2009. - №6.
123.	Книпер, Р. Интерпретация, аналогия и развитие права:	Юрист. - 2009. - №7. - С.

	деликатное разграничение судебной и законодательной властей	27-31.
124.	Кожахметов Г.З. Шамиев Н.С. Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научных трудов.	Караганда, 2011.
125.	Кошиков А.Б. Мемлекетті тектендіру.	Қарағанды. - 2000.
126.	Қалиев Н. Қазақстанның партиялық жүйесі: қазіргі ақуал және даму келешегі	Саясат. - 2002. - №11.
127.	Қыдырәлі Қ. Қазақстан оппозициясы: кеше және бұғін	Ақыят. - 2000. - №3.
128.	Малько А. В. О роли сравнительного правоведения в современной правовой жизни / А. В. Малько, А. Ю. Саломатин	Правоведение. - 2009. - № 2. - С. 125-133
129.	Макұлбеков Б. Жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері	Ақыят. - 2001. - №3.
130.	Мень И. В. О соотношении правового и социального механизмов в государстве / И. В. Мень	Государство и право. - 2010. - №12. - С. 78-81.
131.	Мемлекеттік қызмет туралы.	Алматы, 2003.
132.	Наймантаев С. Мемлекеттік басқарудың кейбір өзекті мәселелері	Заң. - 2000. - №5-6.
133.	Нұсқабаев О., Әлиев Д. Құқық социологиясы: мәні, құрылымы және қызметі	Заң. - 2009. - №8.
134.	Нуkenov A.H. Билікті бөліну теориясы: қазақстандық тәжірибе мәселелері	Саясат. - 2007. - №6.
135.	Орақбаев Б. Толағай тарихтың жүргін көтерген желтоқсан оқиғасы	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.48-52
136.	Пищулин А.В. Современный юридический позитивизм в англосаксонской правовой семье	Вестник Московского Университета - Серия 11. Право. - 2010. - №4.
137.	Ралько В.В. Трансформация правовых систем: основные научные подходы, перспективы процесса	Государство и право. - 2010. - №1. - С. 111-115
138.	Сапаргалиев Г. С. О предмете теории права / Г. С. Сапаргалиев, Е. З. Бекбаев	ҚР ҰҒА хабарлары Известия НАН РК: Серия общественных наук. 2009. - №4. - С. 3-9
139.	Сапаргалиев Г. С. Концепция правовой политики на 2010-2020 годы и проблемы законотворчества в Республике Казахстан / Г. С. Сапаргалиев	ҚР ҰҒА хабарлары Известия НАН РК: Серия общественных наук. 2009. - №6. - С. 3-8
140.	Сартаев С.С. ҚР билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
141.	Сейтасқаров М.А. Қазақстанда саяси жүйенің жаңғыруы жағдайындағы саяси әлеуметтену ерекшеліктері. - Алматы, 2000. Суслопарова Ю. В. Английские юристы XIII-XVIII вв. о природе английского права [Текст] / Ю. В. Суслопарова	Правоведение. - 2009. - № 2. - С. 173-181
142.	Укин С. К вопросу о соотношении системы права и системы законодательства Республики Казахстан / С. Укин	Тураби. - 2008. - №1. - С. 53-55 б.
143.	Шаймердинов Е. Постфундаментальные догматы концепции правового государства / Е. Шаймердинов	Юрист. - 2008. - № 10. - С.74-84.
144.	Шамаева Н. «Медиация туралы» заң қолданыста	Заң және заман. – 2011. -

		№08 (128) . – Б.68-71
145.	Шәкірова А.Б. Қазақстандағы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара байланысы	ҚарМУ хабаршысы: Тарих, философия, құқық сериясы. - 2006. – №4. - Б. 113-118.
146.	Юсупов Р. Конституциямыз озық нормалар мен қағидалардан тұрады	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.12-15

5. Электронды қайнар көздер:

147.	Актуальные проблемы теории государства и права. 2-е издание. Электрон. учеб. пособие	CD/pdf.2011.
148.	Булгакова Д. А. ҚР мемлекет және құқық теориясы [Электронды ресурс] : әдістемелік құрал / Булгакова, Д.А. - Электронды мәтіндік ақпарат. (895Кб).	Алматы : Данекер, Б. г. - 60 с. - Б. ц.
149.	Мемлекет және құқық теориясы [Электронный ресурс]: окулық / К. Д. Жоламан. - Электронды мәтіндік ақпарат.(29.1Мб).	Алматы : Нұр-Пресс, 2005.
150.	Марченко М. Н. Теория государства и права в вопросах и ответах : курс лекций: аудио-книга mp3 / М. Н. Марченко. - М. : КНОРУС, 2010. -	1 эл. опт. диск (CD-DA)
151.	«Мемлекет және құқық теориясы мәселелері» пәні бойынша электронды лекциялар жинағы. Байжанова Г.Т.	Қарағанды: ҚарМУ, 2010.
152.	«Мемлекет және құқық теориясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы" [Электронды ресурс] / Байжанова Г.Т. - Электронды мәтіндік ақпарат. (147Кб)	Қарағанды: ҚарМУ, 2010
153.	Основы государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Электрон. дан.; 684 Мб. - М. : КНОРУС, 2010. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM) :
154.	Теория государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Электрон. дан. (695 Мб). - М. : КНОРУС, 2010. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM)
155.	Турлаев А. В. Курс лекций по дисциплине "Теория государства и права"	Карагандинский гос.ун-т. - Электрон. текстовые дан.(216Кб). - Караганда : [б. и.], 2010. –

6. Интернет-қайнар көздер:

156.	www.akorda.kz	
157.	www.zakon.kz	
158.	www.alleng.ru/d/jur/jur752.htmCached	
159.	www.twirpx.com/file/627801/Cached	
160.	www.gubkin.ru/faculty/.../subject2.phpCached	
161.	www.j www.tstu.ru/education/elib/pdf/2008/kosov	
162.	uristlib.ru › Учебная литератураCached - Similar	
163.	referat.ru/referats/view/26879	
164.	vse-uchebniki.com/.../problemyi-teorii-gosudarstv..	

165.	www.gumer.info/bibliotek_Buks/.../index.php	
166.	www.kursach.com	
167.	http://www.parlam.kz/	
168.	http://www.procuror.kz/	

3.8. «Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша тақырыптық жоспар

Тақ. №	Тақырыптың атауы	Барлы ғы	Дәріс	Семин.	КОӘЖ	КӨЖ
I-тaraу. Мемлекет және құқық теориясына кіріспе						
1.	Мемлекет және құқық теориясы пәні	6	1	1	1	3
II-тарау. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері. Мемлекет туралы ілімнің негіздері						
2.	Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет үғымы және оның белгілері	6	1	1	1	3
3.	Мемлекет нысаны (құрылымы)	6	1	1	1	3
4.	Мемлекет функциясы және механизмі (аппараты)	6	1	1	1	3
5.	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.	6	1	1	1	3
III-тарау. Құқық туралы ілімнің негіздері						
6.	Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы	6	1	1	1	3
7.	Құқық нысандары (қайнар көздері)	6	1	1	1	3
8.	Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылық.	6	1	1	1	3
9.	Құқық жүйесі және заннама жүйесі	6	1	1	1	3
10.	Қазіргі құқық жүйесінің негізі және түрпаты	6	1	1	1	3
11.	Құқықтық қатынастар	6	1	1	1	3
12.	Құқықты жүзеге асыру	6	1	1	1	3
13.	Құқық нормаларына түсінік беру	6	1	1	1	3
14.	Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм	6	1	1	1	3
15.	Құқықтық мінез-құлышқа және құқық бұзушылық. Занды жауаптылық.	6	1	1	1	3
БАРЛЫҒЫ:		90	15	15	15	45

3.9. Сабак жоспары

I-тaraу.

Мемлекет және құқық теориясына кіріспе

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

Сабак мақсаты: Мемлекет және құқық теориясын зерделеу, заң пәндерінің салаларын жақсы меңгеруге септігін тигізеді. Оның әлеуметтік және заң ғылымдары арасындағы алатын орнын жете түсіндіру, ПО қызметкерлерін дайындаудағы МҚТ пәнінің маңызын жеткізе білу бұл дәрістің мақсаты болмақ.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің ұғымы, ерекшеліктері, функциялары мен әдістері.
2. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны.

Дәріс тезисі:

Кез келген ғылымның өз пәні, өзі зерттейтін занылыштарының анықталған шеңбері болады. Занылыштар дегеніміз – белгілі бір құбылыстардың маңызын білдіретін шынайы тұрақты қатынастар. Мемлекет пен құқық теориясының пәнін мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың өмір сүруі мен дамуының жалпы занылыштары құрайды. Атап айтатын болсақ, олардың қатарына: мемлекет пен құқықтың пайда болуы; олардың тарихи типтерінің ауысуы; мемлекет пен құқық мәнінің дамуы; мемлекет пен құқық нысандарының эволюциясы; мемлекет органдары жүйесі мен құқық жүйесінің құрылуы; мемлекет пен құқық қызметін жүзеге асыру; жеке тұлға құқығы және оны қорғау; демократия, занылышқ әлемде қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамыту және т.б. жатады.

Мемлекет және құқық теориясы өз міндеті ретінде мемлекет пен құқықтың қызмет етуінің барлық емес, тек аса маңызды жалпы занылыштарын зерттеуді алады. Басқа заң ғылымдарынан айырмашылығы мемлекет пен құқық теориясы бір елдің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарын емес, мемлекет пен құқықтың жалпы даму занылыштарын зерттейді.

Мемлекет және құқық теориясы – қоғамның жалпы занылыштарын, құқықтық өмірді ұйымдастырудың принциптерін және теориясын анықтайтын, болжайтын белгілі бір жүйедегі қоғамтану ғылымы.

Оның негізгі белгілері:

а) мемлекет және құқық теориясы қоғамдық ғылым, себебі ол қоғамдық өмірдің анықталған бөлігі – мемлекет пен құқықтың обьективті даму занылыштарын, өзара байланысын және қолдану аймағын зерттейді;

ә) мемлекет және құқық теориясы занылышқ ғылым, тікелей мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттейді;

б) барлық занылышқ ғылымдарға қатысты жалпы мәселелерді зерттейтіндіктен, жалпы теориялық занылышқ ғылым;

в) терендетілген байланыстар мен қатынастарды ашудың негізінде басты қорытындыларды жасайтындықтан, негіз салушы (іргелі) ғылым;

г) салалық заң ғылымдарымен өзара байланыста бағыт беруші, әдістемелік мәндегі ғылым;

д) зандақ ғылым курсына кіріспе ғылым, себебі ол мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға біртұтас сипаттама беру кезіндегі зандақ түсініктердің негізгі жүйесін қалыптастырады.

Философия мемлекеттік-құқықтық қондырманың қоғам дамуындағы орнын анықтауды мақсат тұтады. Ол қоғамдық ғылымдарға, сонымен бірге барлық зандақ ғылымдарға теоретикалық негіз және әдістемелік бағдарлаушы қызмет көрсетеді. Құқықтық өмірді философиялық тұрғыда мазмұндау заң ғылымының шығармашылық жолмен дамуының, қолданыстағы заңнаманы әрі қарай жетілдірудің, зандалықты нығайтудың алғы шарты болып табылады.

Саясаттану - саясат деп аталатын әлемнің сан алуан жақтарын зерттеумен айналысатын ғылым. Саясат мемлекет пен құқық өмірімен тығыз байланысты. Мемлекет пен құқық теориясы саяси белгілерді пайдалана отырып мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды олардың ішкі құрылымы, нысаны, мәні және мазмұны тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ олардың саяси сипаттағы басқа институттар мен мекемелер жүйесінде алатын орны мен ролі тұрғысынан қарастырады.

Мемлекет пен құқық теориясының әлеуметтанумен тұрақты байланысы саяси-практикалық мәнге ие болады. Әлеуметтану - қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастыратын және оның жеке құрамдас бөліктері мен институттарын, әртүрлі әлеуметтік топтарды зерттеумен айналысатын гуманитарлық ғылымдардың бірі. Мемлекет пен құқық теориясы мен әлеуметтану қондырмалық құбылыстарға қоғам мүшелерінің көзқарастарын, қарым-қатынастарын анықтауға байланысты әрекеттеседі.

Тарих - адамзат қоғамының өткен дәуірлерін барлық қырынан жан-жақты зерттеп, көптеген тәжірибелер жинақтайды. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы және қоғамды басқару зандалықтары, сондай-ақ мемлекет пен құқықтың негізгі тұжырымдары тарихи материалдар негізінде жасалады.

Мемлекет пен құқық теориясы экономикалық ғылымдармен тығыз байланыста болады. Экономикалық теория - қоғамның экономикалық базисін, өндірістік қатынастарды, өндіруші күштерді, меншік тұрлерін зерттеп, олардың қоғам дамуындағы маңызын жан-жақты анықтап отырады. Экономикалық теорияда базис экономикалық қатынастар ретінде қарастырылса, мемлекет пен құқық теориясында базиске сәйкес туындастырылған мемлекеттік зандар жүйесі қарастырылады.

Адамдардың құқық туралы немесе құқыққа сай және құқыққа қарсы әрекет механизмі туралы көзқарастарын зерттеуде психологияның көмегі қажет. Сонымен, мемлекет және құқық теориясының басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы екі түрлі сипатқа ие болады. Бір жағынан, мемлекет пен құқық теориясы қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдаланса, екінші жағынан, қоғамдық ғылымдар мемлекет пен құқық теориясының тұжырымдарына сүйенеді. Бұндай қорытынды ғылыми білімнің бірлігі мен

өзара байланысы қағидасынан шығады. Мемлекет пен құқық тәріздес объектілердің күрделілігі олардың көптеген зандық ғылымдармен зерттелу қажеттілігіне әкеледі. Зандық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық шындықтың белгілі бір жағын, белгілі бір деңгейде арнайы зерттеумен шүғылданады.

Барлық зандық ғылымдарды пәндерінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа жіктеуге болады:

- іргелі тарихи-теоретикалық зандық ғылымдар;
- салалық зандық ғылымдар;
- қолданбалы зандық ғылымдар.

Тарихи-теоретикалық зандық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың аса маңызды жалпы сұрақтарын, мемлекеттік-құқықтық мекемелердің, саяси және құқықтық ілімдердің даму барысын қарастырады. Олардың қатарына мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, саяси- құқықтық ілімдер тарихы, отандық мемлекет пен құқық тарихы жатады.

Салалық зандық ғылымдар (конституциялық, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек және т.б.) нақты зандық мекемелер мен нұсқауларды және тиісінше зандық практиканы зерттейді.

Қолданбалы зандық ғылымдар (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы және т.б.) табиғат тану және техникалық ғылымдардың жетістіктерін зандық мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Зандық ғылымдар жүйесінде мемлекет және құқық теориясының алатын орны ерекше. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихи-зандық ғылымдардың ұқсастығы олардың мемлекет пен құқықты тұтас қарайтындығына байланысты, айырмашылығы тарихи-зандық ғылымдар зерттеу барысында мемлекеттік-құқықтық нысандарды даму үрдісінде хронологиялық тәртіппен, тарихи әдістерді қолдана отырып зерттесе, теория осы құбылыстарды тұжырымдап, олардың дамуының жалпы зандылықтарын анықтауға тырысады, логикалық әдісті қолданады.

Салалық және қолданбалы зандық ғылымдарға қатысты мемлекет және құқық теориясы тұжырымдаушы роль атқарады. Ол мемлекет пен құқықтың дамуы мен қызмет етуінің барынша жалпы зандылықтарын зерттеп қорытындылайды, барлық салалық заң ғылымдарына ортақ мәселелерді қарастырады, әдістемелік, бағыттаушы роль атқарады. Сонымен қатар, өзі де салалық заң ғылымдарының жетістіктерінен нәр алады, яғни ондағы фактілі материалдарды өндеп, қажетіне жаратады.

Әрбір ғылымның зерттеу пәнімен қатар зерттеу әдістері де болады. Ғылым әдісі дегеніміз – білім алу үшін ғылымда қолданылатын амал-тәсілдер, ережелер және қағидалар жиынтығы. Әдістер жиынтығы ғылымның әдістемесін құрайды.

Мемлекет және құқық теориясының зерттеу әдістері:

- жалпы әдістер
- жалпы ғылымдық әдістер
- жеке ғылымдық әдістер болып жіктелінеді.

Жалпы зерттеу әдістері – ойлаудың барынша әмбебап қағидаларын көрсететін философиялық, дүниетанымдық көзқарастар. Ол ғылымның барлық салаларында қолданылатын, барлығына ортақ қағидалар. Жалпы әдістер екі топқа жіктеледі: метафизика және диалектика. Метафизика мемлекет пен құқықты мәңгі және тұрақты құбылыстар ретінде қарайды, олар бір-бірімен және өзге қоғамдық құбылыстармен терең байланыста болмайды деп есептейді.

Диалектика – табиғат, қоғам және адам ойы дамуының жалпы зандылықтары туралы ғылым. Диалектика материалистік және идеалистік (объективті және субъективті) болып бөлінеді. Материалистік диалектика негізінде мемлекет пен құқық – қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларымен, адам табиғатымен тығыз байланыста өмір сүретін, тұрақты дамуда болатын шынайы, объективті құбылыстар.

Жалпы ғылымдық әдістер - ғылыми танымның барлық көлемін қамти алмайтын, оның нақты бір кезеңдерінде қолданылатын әдіс-тәсілдер. Жалпы ғылымдық әдістерге талдау, синтез, жүйелік және функционалдық әдістер, әлеуметтік эксперимент жатады.

Талдау – теориялық және тәжірибелік зерттеу процесінде күрделі объектилерді талдау, құрамды бөліктерден жіктел ақырату болса, синтез – сол талданған бөліктерді жинақтап қосу арқылы белгілі бір объектіні, затты құрастыру болып табылады. Синтез құбылыстың жеке бөліктерін шартты біріктіру арқылы зерттеуді білдіреді. Талдау мен синтез бірлікте қолданылады.

Жүйелік көзқарас объективтің тұтастығын, ондағы жан-жақты қатынастардың өзара байланысын ашуға бағытталады. Жүйелік тәсіл мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жүйеге, салаға топтастырып зерттейді. Ол мемлекеттік аппаратты, құқықтық жүйені, құқық нормасын және т.б. жүйелік құрылымдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Функционалдық тәсіл әлеуметтік құбылыстардың өзгелеріне әсер ету нысандарын анықтауға бағытталады. Ол қоғамдағы зандық құбылыстарды әлеуметтік бағытына, маңызына, қызметіне қарай жіктел, зерттеу жүргізуі білдіреді. Оның көмегімен мемлекет және оның органдарының функциясын, құқық функциясын және т.б. анықтауға болады.

Әлеуметтік эксперимент құқықтық реттеу барысында қабылданған қандай да болмасын шешім жобасын келтірлуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында тексеруді білдіреді.

Жеке ғылыми зерттеу әдістері – нақты техникалық, табиғаттану және қоғамдық ғылымдардың ғылыми жетістіктерін игеру салдары ретінде көрінетін ережелер, тәсілдер, әдістер. Олар зерттеу процесінің деңгейі мен бағытына байланысты көптүрлі болады: нақты-әлеуметтік, статистикалық, кибернетикалық, математикалық, формальды-зандық, салыстырмалы-құқықтық және т.б.

Нақты-әлеуметтік тәсілдер негізінен ғылыми ақпарат жинау кезінде қолданылады. Оларға жататындар: бағдарлау – мемлекет пен құқық теориясында бағдарлау объектилеріне зандық практика мен мемлекеттік мекемелер жатады. Сұрау, анкета жүргізу, сұхбаттасу, сараптама және т.б.

әдістер арқылы субъектілердің мемлекеттік-құқықтық аймақтағы нақты әрекеті туралы мәлімет жинауға болады.

Статистикалық әдіс – заңды құбылыстардың санды деректеріне, фактілеріне сүйене отырып зерттеу жүргізуді білдіреді. Онда көп қайталанатын мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың сандық көрсеткіші анықталынаады. Кибернетикалық әдіс – кибернетика түсініктерін, заңдарын және техникалық құралдарын қолдана отырып мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тануға мүмкіндік береді.

Жеке ғылымдық әдістердің арасында формальды-заңдық әдіс пен салыстырмалы-құқықтық әдіс таза заңдық әдістер болып табылады. Формальды-заңдық әдіс заңдық түсініктерді, олардың белгілерін, түрлерін анықтауға мүмкіндік береді, құқықтық нұсқауларды түсіндіреді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс әртүрлі құқықтық жүйелерді немесе олардың құрамдас бөлшектерін, олардың жалпы және ерекше қасиеттерін анықтау мақсатында заңтың зерттеу жүргізуді білдіреді.

Мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық шындық туралы жалпылама білім беретін біртұтас ғылым. Ол екі үлкен бөлімге бөлініп қарастырылады: мемлекет теориясы және құқық теориясы. Мемлекет теориясында мемлекет түсінігі мен белгілері, мемлекеттіліктің пайда болуы және тарихи дамуының жалпы мәселелері, мемлекет мәні, мемлекет типтері мен нысаны, мемлекеттің және мемлекеттік аппараттың функциясы, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны, құқықтық мемлекет мәселелері қарастырылады. Ал, құқық теориясында құқық түсінігі, құқықтың пайда болуы және тарихи дамуы, құқық нормалары және жүйесі, құқық нысаны, құқықшығармашылық, құқықтық қатынас, құқықты жүзеге асыру нысандары, құқықтық сана және құқықтық мәдениет, Құқық бұзушылық пен заңдық жауапкершілік, заңдылық және тағы да басқа көкейтесті мәселелер қарастырылады.

Мемлекет және құқық теориясы функциясы ғылымның алдына қойған міндеттерін шешуге қажетті әрекетінің негізгі бағыттарын білдіреді. Ғылым функциясы оның қоғам өмірін прогрессивті дамытуға тигізетін теориялық және практикалық маңыздылығын сипаттайды. Мемлекет және құқық теориясының онтологиялық, танымдық, эвристикалық, болжамдық, әдістемелік, идеологиялық және ұйымдастырушылық-қолданбалы функциялары ажыратылады.

Онтологиялық функция көмегімен мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың мәнін анықтайды. Мемлекет пен құқық деген не, қалай және не себепті пайда болады, өмір сүреді деген сұрақтарға жауап береді.

Мемлекет және құқық теориясының танымдық функциясы ғылыми концепциялар, доктриналар, құқықтық түсініктер мен категорияларды қалыптастыру және мемлекет пен құқықты ғылыми тануды мүмкін ететін әдістәсілдер жасаудан құралады.

Эвристикалық функция көмегімен мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық институттар дамуындағы жаңа зандалықтарды ашады. Аталмыш функция қазіргі кезеңде жаңа нарықтық реформалар дәуірінде аса маңызды қызмет түрі болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының болжамдық функциясы мемлекеттік-құқықтық шындықтың қандай да болмасын өзгерісін болжаудан, мемлекеттік-құқықтық өмірдің даму бағыттарын анықтаудан, олардың болашағы туралы ой түюден көрінеді.

Мемлекет және құқық теориясы іргелі ғылым болғандықтан, өзге заң ғылымдарында қолданылатын түсініктер мен категориялар жүйесін қалыптастыру арқылы әдістемелік қызмет атқарады.

Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқық туралы идеяларды жүйеге келтіре отырып, әртүрлі құқық субъектілерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, әлеуметтік өмірге ықпал етуге мүмкіндік алады. Бұл оның идеология саласында атқаратын қызметін бағамдайды.

Ұйымдастырушылық-қолданбалы функция мемлекеттік-құқықтық өмірді өзгерту, реформалау барысында, мемлекеттік-құқықтық құрылымның маңызды мәселелерін шешуге байланысты ұсыныстар дайындаудан, мемлекеттік басқару мен құқықтық реттеудің ғылымилығын қамтамасыз етуден көрінеді.

Әдебиеттер: 1-20; 64; 68; 101; 118; 137; 138; 147-155; 156-168.

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің ұғымы, ерекшеліктері, функциялары мен әдістері.
2. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттарға мемлекет және құқық теориясының анықтамасы, ерекшеліктері және функцияларын схема тақта арқылы түсіндіріп, конспектілеуге назар салу қажет.

Екінші сұрақ бойынша қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орны мен рөлін терендей ашып, салыстырмалы түрде көрсету керек.

Семинар сабағына дайындалу барысында авторлардың өзіндік көзқарастарымен ерекшеленетін бірнеше еңбекті қатар қолданған жөн. Эр түрлі авторлардың көзқарастарын талдау негізінде мемлекеттің шығу тегін және оны әртүрлі түрғыда сипаттайтын теорияларды өз бетінше анықтау қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 64; 68; 101; 118; 137; 138; 147-155; 156-168.

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма:

1. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық пен заң ғылымдары жүйесіндегі орны.

2. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерін дайындауда мемлекет және құқық теориясының маңызы

КОӘЖ өткізу нысаны: ауызша

Әдістемелік нұсқаулық:

Кредиттік технологияға сай оқу процесіндегі негізгі салмақ тәлімгерлерге жүктеледі. Дегенмен де, пәннің 1 курста қарастырылатынын ескере отырып, оларға оқытушылар тарапынан кеңес беру жеткілікті жолға қойылуға тиісті. Курсанттар берілген әдебиеттермен танысқаннан кейін, тақырып көлемінде түсініксіз мәселелер бойынша сұрақтар қойып, бірлесе талдауға қатысуы қажет. Бұл нұсқау КОӘЖ барлық көлеміне қатысты. МҚТ әдістерін қарастыру қажеттілігі оларды құқықтық білім алу барысында қолдана білу машиғын қалыптастырумен түсіндірледі.

Әдебиеттер: 1-20; 64; 68; 101; 118; 137; 138; 147-155; 156-168.

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу керек: мемлекет және құқық теориясы пәні; ғылымның пәні, әдістері және мемлекет құқық теориясының әдістері.

2. Мемлекет және құқық теориясы әдістерін топтастыру және мемлекет құқық теориясы мен шет мемлекеттер құқығының тарихы арасындағы айрымашылықтар және олардың өзара байланысын анықтап жазу керек.

3. Оқу пәні ретінде мемлекет және құқық теориясын жазып түсіну қажет.

Озіндік бақылау материалдары:

1. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясы заң ғылымдарының қай түріне жатады?

- салалық ғылымдарына;
- сала аралық ғылымдарына;
- шет елдердің мемлекеттері мен құқықтарын зерттейін ғылымдарға;
- тарихи-теориялық ғылымдарына;
- қолданбалы заң ғылымдарына.

2. Мына құбылыстардың қайсысы тікелей мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға жатады?

- әдет-ғұрып, мораль (өнеге), дін;
- саяси сана және саяси мәдениет;
- салт-дәстүр, ізгілік, мәдениет;
- заңдылық, нормативтік-құқықтық актілер, құқықтық сана, құ-қықтық қатынас, мемлекеттік аппарат;

- экономика, өндіргіш күштер, өндіріс тәсілі, қаржы, салықтар.

3. «Әдістер жүйесі, зерттеу әдісі мен тәсілдер жиынтығы, олар туралы ілім» анықтамасы қандай түсінікке жатады?

- концепция;

- теорема;

- аксиома;

- методология;

- презумпция.

4. Мемлекет және құқық тәріздес күрделі әлеуметтік құбылыстардың құрамдық бөліктері мен элементтері араларындағы байланыстарды, сондай-ақ өзара ықпалдасуларын анықтап-айқындау арқылы олардың құрылымын білуге мина тәсілдердің қайсысы көмек бере алады?

- жүйелілік;

- нақты социологиялық;

- салыстырмалылық;

- тарихи;

- функционалдық.

5. Төменде көрсетілген сипаттамалардың қайсысы заң ғылым жүйесіне мемлекет және құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері?

- жалпы сипаттама;

- методологиялық;

- интеграциялық;

- идеологиялық;

- көрсетілген барлық сипаттамалар.

ІІ-тaraу.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері.

Мемлекет туралы ілімнің негіздері

2-тақырып. Мемлекеттің шығу тегі.

Мемлекет ұғымы және оның белгілері

Сабак мақсаты: Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билік және мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы, мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні, мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше түрі ретінде, мемлекет типологиясына негізгі ойлардың маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билік және мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы.

2. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні.

3. Мемлекет типологиясына негізгі ойлар.

Дәріс тезисі:

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикасы ортақ меншікке негізделген және онда екі түрлі қағида жүзеге асырылған: 1) рецепроктылық - барлық табылған өнім ортаға жинақталған, 2) редистрибуция – ортақ табыс барлығына бірдей тең негізде бөлінген. Алғашқы қауымдық құрылыштың әлеуметтік негізі – ру, яғни туыстық байланыстардың дәнекер болуына және шаруашылықты бірлесіп жүргізуіне негізделген адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі болды. тайпа көсемін сайлаған. Бұлардың билігі әлеуметтік биліктің негізін құраған. Оның негізгі белгілері: а) әлеуметтік билік тек ру шенберінде таралып, оның еркін білдіреді және қандас туыстыққа негізделеді; ә) ол тікелей қоғамдық болып, алғашқы қауымдық демократия, өзін-өзі басқару бастамасында құрылады; б) алғашқы қауымдық қоғамның барлық маңызды мәселелерін шешу кезінде билік органдары ретінде ру жиналыштары, көсемдер және әскери басшылар танылады.

Әлеуметтік нормалар - адамдардың құнделікті тұрмыс-тіршіліктерін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, әлеуметтік-экономикалық негізде айқындалған, сана-сезім еркімен қалыптастырылған адамдардың мінез-құлық ережесі. Мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңде өмір сурген нормалардың белгілері: а) алғашқы қауымдық қоғамдағы қатынастар - әдет-ғұрыптармен, яғни тарихи қалыптасқан, бір үрпақтан екінші үрпаққа беріліп, дәстүрге айналған әрекет тәртібі нормаларымен реттеліп отырған; ә) жазбаша түрде бекітілмесе де, адамдар әрекеті мен санасында өмір сурген; б) негізінен дәстүрге айналу күшімен, сондай-ақ сендіру және мәжбурлеу (рудан аластау) шараларымен қамтамасыз етіліп отырған; в) барлық ру және тайпа мүшелерінің мұдделерін білдірген. Мемлекет ерте таптық қоғамның саяси, құрылымдық, аумақтық ұйымы ретінде. Мемлекеттің әлеуметтік маңызындағы дуализм: мемлекет қоғамды басқару құралы және таптық қайшылықтарды шешу құралы ретінде. Қандай да болмасын қоғамның өмір сүруінің басты шарты оның мүшелерінің арасындағы қатынастарды реттеу қажеттілігі болып табылады. Әлеуметтік реттеу екі нысанда кездеседі: нормативті реттеу және жеке реттеу. Өзара тығыз байланысты әлеуметтік реттеу нысандары адамзат дамуының ежелгі кезеңдерінен бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылышта қоғамдық қатынастарды реттеуші басты құрал әдет-ғұрып болса, мемлекеттік құрылымға ауысқан кезеңде бұл қызметті құқық нормалары атқара бастайды. Мемлекет пен құқық егіз ұғымдар. Олардың жеке дара әрекет етіп, қолданылуы мүмкін емес. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы қатар жүретін құбылыстар. Құқықтың пайда болуының екі түрлі жолы танылады:

1. Алғашқы қауымдық құрылыштағы әлеуметтік нормалар мәжбүр ету күшімен толықтырылып, құқықтық сипат алады.
2. Құқық мемлекеттік органдардың құқықшығармашылық әрекетінің нәтижесінде пайда болады.

Ерте құқық – мемлекетпен бекітілген және оның мәжбүр ету күшімен қамтамасыз етілетін, аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, үстем таптың еркін білдіретін, ресми құжаттарда анықталған, жалпыға бірдей

міндettі нормалар жиынтығы. Құқықты алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік нормалардан ажырататын мынандай белгілері болды: - әлеуметтік нормалар барлық қоғам мүшелерінің еркін білдірсе, құқық сол қоғамдағы экономикалық немесе саяси үстем таптың еркін білдіреді; - әлеуметтік нормалар саналы түрде өз қажетіне сәйкес орындалатын болса, құқық нормалары мәжбүр ету күшімен қамтамасыз етілді; - олар жалпыға бірдей міндettі болады; - құқық мемлекетпен тағайындалады және бекітіледі. Яғни, мемлекеттік аппарат нормативті актілер қабылдайды немесе әлеуметтік норманың міндettілік күшін таниды.

Мемлекеттің шығунының негізгі теориялары: материалистік теория, табиғи-құқықтық теория, органикалық теория, күш көрсету теориясы, психологиялық теория, діни, технократиялық, патриархалды, келісімдік және өзгелер. Мемлекеттің шығу нысандары: шығыстық, афиндік, римдік, германдық және өзгелер. Эр түрлі халықтарда мемлекеттіліктің дамуының әртурлілігі.

Мемлекет және құқықтың дамуының негізгі кезеңдері (типологиясы).

Мемлекет типологиясы – сан алуан мемлекеттердің өздеріне тиісті тұтастай алынған маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығы және жалпылама ерекшеліктерінің жүйесі. Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына екі түрлі көзқарас орын алған: өркениеттік және формациялық.

Формациялық көзқараста негізгі өлшем ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер (қоғамдық-экономикалық формация) қолданылады. Аталған көзқарастың өкілдерінің ойынша, қоғамдық дамудың шешуші факторы базис болып табылады, ол қондырмалық құбылыстардың: мемлекет пен құқықтың да типін анықтайды. Мемлекеттің тарихи тектері дегеніміз белгілі бір экономикалық формацияға сәйкес пайда болған, олардың таптық мәнін көрсететін мемлекеттің негізгі қасиеттерінің жиынтығы. Экономикалық базис типіне сай мемлекеттер: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік (соңғы кездері бұларға азиаттық өндіріс тәсіліне негізделген мемлекеттер мен прафеодализм қосыла қарастырылуда) болып бөлінеді.

Өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде руханилық белгілер - мәдени, діни, ұлттық, психологиялық ерекшеліктер алынады. Қазіргі таңда өркениеттің әртүрлі түсінігі бар екенін ескерсе, осы тұрғыдан мемлекеттерді де сан түрге бөлуге болатынын көреміз. Мысалы, өркениеттік сипатына байланысты шығыстық, батыстық және аралас мемлекеттер болуы мүмкін. Тарихи кезеңдерге байланысты көне, ортағасырлық және қазіргі мемлекеттер деп бөлуге болады. Тарихи және мәдени даму сипатына байланысты шаруалық, өндірістік және ғылыми-техникалық болып бөлінеді. Экономикалық даму деңгейіне байланысты жоғары дамыған, орташа дамыған және дамушы мемлекеттер болып тарапады.

Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына қатысты мәселе қарастырылғанда, көпшілік формациялық көзқарасқа жүгінетіндігіне қарамастан, оның да кем соғатын тұстары бар екенін ескеру қажет. Оған алдымен, шығыстық мемлекеттерді типтеу мәселесі жатады. Мемлекет типологиясындағы келелі мәселелердің бірі ретінде «өтпелі» мемлекет

түсінігінің де толық бағасын алмағанын атап кетуге болады. Бұндай мемлекеттер жалпы ұлттық мұддені: тәуелсіздік алу, ұлттық экономиканы, мәдениетті көтеру мақсатын қөздейтін блоктардың жиынтығы ретінде қалыптасады да, өз мұддесін қанағаттандырғаннан кейін саяси аренадан кетеді.

Құқық типін анықтау қазіргі кезеңде екі түрлі нысанда жүзеге асырылады. Бірінші көзқарас бойынша құқық типі формациялық түрғыдан анықталады. Оның басты өлшемі ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер алынады. Аталған көзқарас авторларының ойы бойынша базис (өндірістік қатынастардың типі) қоғам дамуының шешуші факторы болып табылады да, тиісінше қондырмалық құбылыстарды – мемлекет пен құқық типін анықтайды. Экономикалық базис типіне сай құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық және социалистік құқық типтері анықталған. Аталған көзқарастың ұтымды тұстарымен (құқықты әлеуметтік-экономикалық факторлардың негізінде бөлүмен) қатар осал тұстары да бар. Ол құқықтың нақты тарихи, ұлттық-мәдени және арнаулы заңдық қасиеттерін ашып көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Екінші көзқарас бойынша құқық нақты географиялық, ұлттық-тарихи, діни, арнаулы заңдық белгілеріне байланысты жіктеледі. Аталған өлшемдерге байланысты құқықтың мынандай типтері анықталған:

1. Ұлттық құқықтық жүйелер. Ол белгілі бір мемлекеттің нақты тарихи құқығының, заңдық тәжірибелің және үстем құқықтық идеологияның жиынтығы.

2. Құқықтық семьялар. Бұл қайнар көздердің, құқық құрылымының және оның қалыптасуының тарихи жолдары ұқастығы негізінде ерекшеленген құқықтық жүйелердің жиынтығы. Құқықтық семьялардың мынандай түрлері танылған: жалпы құқық, романо-германдық құқық, славяндық құқық, мұсылмандық құқық, индустиқ құқық және тағы басқалар.

Бұл көзқарастың ұтымды жағы - онда құқықтың ұлттық-тарихи, нақты географиялық және техникалық-заңдық белгілері ажыратылған. Осал тұсы құқық табиғатындағы әлеуметтік-экономикалық факторлардың ролі толық бағаланбаған.

Романо-германдық құқықтық жүйенің ұзак заңдық тарихы бар. Романо-германдық құқықтық отбасына Италия, Франция, Германия, Швейцария, Ресей, Қазақстан және т.б. құқықтық жүйелері жатады. Құқықтың негізгі қайнар көзі – заң. Романо-германдық құқықтық отбасына кіретін мемлекеттердің барлығында нормалары жоғары заңдық күшке ие жазба конституциялар болады. Романо-германдық заңдық доктринада және практикада заңының үш түрі танылған: кодекстер, арнаулы заңдар (ағымдағы заңнама) және жинақтар. Көптеген континенталды елдерде азаматтық, қылмыстық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу және өзге де кодекстер қолданылады. Ағымдағы заңнама жүйесі де күрделі, заңдар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын реттейді.

Ангlosаксондық жалпы құқық өзіндік ерекшелігі бар құқықтық отбасы. Онда заңдық реттеу жалпы айтқанда заңдық практикаға, «сот құқығына», нақтырақ айтсақ, прецеденттерге негізделеді. Прецедент – соттың белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімін осыған ұқсас өзге істерді қарғанда

міндетті түрде қолдану. Англосаксондық құқықтық отбасында үрдістік-іс жүргізушілік ережелерге басым назар аударылады. Ол зандық маңызды мәселелерді шешу әдістерінің ашық жүйесін сипаттайды. Англосаксондық құқықтық отбасына Англия, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия тәріздес 36 ұлттық-құқықтық жүйе кіреді.

Социалистік құқықтық отбасы - кезінде идеологиялық белгісі бойынша ажыратылған жүйе. Оған романо-германдық құқықтық отбасының көптеген белгілері тән. Онда құқық нормасы жалпы әрекет тәртібі ретінде қарастырылады, рим құқығынан бастау алғын құқық жүйесі мен зандық ғылым терминологиясы сақталады. Континенталды құқыққа ұқсастығымен қатар, социализмнің құқықтық жүйелері таптық сипатымен негізделген мәндік ерекшеліктерге ие. Құқықтың бірден-бір және негізгі қайнар көзі Нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Онда бастапқы кезде еңбекшілер еркі көрініс тапса, кейіннен коммунистік партияның басшылығымен бүкілхалықтық ерімүдде көзделген. Социалистік құқықтық жүйеде құқықтың тар ауқымдағы нормативтік түсінігі басымдылыққа ие болды. Жеке құқық танылмады, көшілік құқығы ұstemділікке ие болды. Құқық императивті сипатта бола отырып, мемлекеттік саясатпен тығыз байланыста болды және оның бір аспектісі тәріздес еді. Партиялық билікпен және құқықкорғау органдарының мәжбүр ету қүшімен қамтамасыз етілді. Сот тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы конституциялық деңгейде бекітілсе де, сот органдары ұstem топтың мүддесін қорғау қызметін атқарды. Соттың заң шығару және атқару билігін бақылау мүмкіндігі болмады. КСРО-да зандардың конституциялығын қадағалау жүзеге асырылмады.

Европа, Азия, Латын Америкасындағы социалистік құқықтық жүйелерге кеңестік құқықтық жүйенің тиғізген ықпалы зор болды. Қазіргі Қытай, Куба, Солтүстік Кореяның ұлттық құқықтық жүйелері кеңестік құқықтың түрлері болып табылады.

Азия мен Африканың көптеген елдерінің құқықтық жүйелері біркелкі емес. Олардың құқықтың реттеу қабілетіне қатысты көзқарасы екі түрлі:

- құқық құндылығы танылады, бірақ оның түсінігі батыстағыға қарағанда өзгеше, құқық пен діннің ұштасуы орын алады;
- қоғамдық қатынастар құқықтан өзге жолдармен реттелінуге тиісті деп санайды.

Бірінші көзқарастағы мемлекеттерге мұсылман, индус, иудей құқықтары жатады. Екінші топқа Қыыр Шығыс, Африка және Мадагаскар жатады.

Мұсылман құқығы – исламға негізделген, діни үлгіде көрініс табатын нормалар жиынтығы. Құқық Алланың құдіретімен, Мұхаммед пайғамбар арқылы тараған. Мұсылман құқығының қайнар көзін: 1) құран – исламның қасиетті кітабы; 2) сұннет – Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері; 3) иджма – ортақ келісім; 4) қияс - аналогия бойынша талдау құрайды. Мұсылман құқығындағы шарифаттың орны ерекше. Онда мұсылмандардың әрекет тәртібі анықталынады. Шарифат міндеттілік идеясына негізделеді, онда адам құқықтарынан гөрі, міндеттері басым көрініс табады. Мұсылман құқығына

кейбір институттарының көнелігі, казуистік және жүйесіздік тән. Дегенмен де, қазіргі кезде де көптеген мемлекеттерде (Иран, Сауд Аравиясы және т.б.) қолданылады.

Индустық құқық өз қолдаушыларын белгілі бір діни докторларға сенумен қатар, өзіндік дүниетанымға міндеттейді. Адамдар тұмысынан өзіндік құқықтары мен міндеттері болатын әлеуметтік топтарға жіктеледі және олардың арасында сатылық жүйе орнайды. Қоғамның касталық жүйесін ақтау – индуизмнің философиялық, діни және әлеуметтік жүйесін құрайды. Индустық құқық Индия, Пакистан, Бирма, Сингапур, Малайзия, Уганда, Кения тәріздес елдерде тұратын қауымдарда қолданылады. Құқықтың негізгі қайнар көзі әдет-ғұрып болып табылады. Үкіметтің заң шығару құқығы болады, бірақ соттар заң болған күннің өзінде, оны қатаң түрде қолдануға міндетті емес. Сот істі әділеттілік пен билікті көлістіре отырып шешуге тиісті.

Жалпы, діни-ғұрыптық құқықтық жүйеге мынандай белгілер тән болады: құқық қалыптастыруши – құдай болғандықтан, оның нұсқауларына сену және міндетті түрде орындау қажет; құқық нысаны діни-ғұрыптық нормалар мен құндылықтар болады; құқық жеке және көпшілік құқығына жіктелмейді; нормативті актілер екіншілік сипатта болады; кейбір институттарының көнелігі белгілі.

Мемлекет мәні. Мемлекет - қоғамдағы аса маңызды таптық қатынастарды және өзге де жалпы адамзаттық мәселелерді шешуді және орындауды қамтамасыз ететін, тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастыратын бірден-бір жан-жақты әмбебап саяси ұйым.

Мемлекетті алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік өкіметтен ажыратын мынадай негізгі белгілері:

1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы. Мемлекеттік биліктің ерекше белгісі - оның жалпылық және әмбебаптық сипатында.
2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы
3. Тұрғындардан салықтарды жинау
4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады
5. Жалпыға міндетті нормативті актілердің болуы

Мемлекеттің келесі негізгі ерекшелігі – егеменділігінің болуына байланысты. Мемлекет егемендігі - мемлекеттік биліктің саяси-құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі.

Мемлекет мәні – оның мазмұнын, мақсатын, қызмет етуін, яғни билік және оның тиесілік мәселелерін анықтайтын басты ерекшелік. Мемлекет мәнін қарастыру барысында оның екі жағына назар аудару қажет. Біріншіден, әрбір мемлекет саяси билікті ұйымдастыруши болып табылады. Бұл мемлекет мәнінің формалды жағы көрсетеді. Екіншіден, бұл ұйым кімнің мүддесіне қызмет ететіндігін анықтау қажет, бұл оның мәндік жағын білдіреді.

Мемлекет теориясында аталған екі негізгі: таптық және жалпы әлеуметтік қозқараспен қатар, мемлекет мәнін анықтаудың діни, ұлттық және наследдік қозқарастары да танылған. Басқаша айтқанда, мемлекет мәні көпжақты.

Мемлекет мәнін анықтайтын теориялар: элита теориясы; технократиялық теория; плюралистік демократия теориясы.

Әдебиеттер: 1-20; 43; 45; 46; 45,50,56,65,69-71, 90; 91;99; 100;102; 108; 111; 124;127;135;141; 147-155; 156-168

2-тақырып. Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет ұғымы және оның белгілері

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билік және мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы.
2. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні.
3. Мемлекет типологиясына негізгі ойлар.

Тапсырмалар:

1. Ф.Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі» еңбегін конспектілеу
2. Мемлекеттің шығу тегін түсіндіретін теориялар бойынша мәлімдемелер дайындау.
3. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу.

Әдістемелік ұсныныс:

Сабакқа дайындалу кезінде тәжірибе жұмыс барысында алынған тақырып бойынша дәріс білім материалдарын қолдану қажет. Курсанттарға қажетті ұғындыратын жайт, ол біріншіден алғашқы қауымдық, құрылыштың ыдырап кетуіне және мемлекет пен құқықтың пайда болуына қандай себептер түрткі болғандығын анықтау болса, екіншіден мемлекетті, рулық құрылыштың қоғамдық билігінен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін ашу. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп, олар жөнінде өз пікірін айту. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет пен құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылуы керек. Бірінші сұрақты курсантта мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп және ол жөнінде өз пікірінде айту қажет. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет және құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылуы тиіс. Сонымен қатар мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылышты болған қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғыну қажет. Мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу. Мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылышта болған, қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғындыру

қажет. Сонымен қатар мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу абзал. Мемлекет мәнін қарастыруда, оның екі аспектілеріне толығырақ, салыстырмалы мәлімет берген жөн. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шенберінде діни, ұлттық нәсілдік мұдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады.

Екінші сұрақтың мәнін ашу барысында курсант мемлекеттік билікке сипаттама бермес бұрын әлеуметтік билікке анықтама беріп алу қажет. Әлеуметтік билік кез-келген ұйымдасқан, белгілі бір дәрежеде тұрақты адамдар тобына – руға, тайпаға, отбасына, қоғамдық ұйымға, партияға, мемлекетке, қоғамға және т.б. тән екендігі қарастырылып, мемлекеттік биліктің үстемділігі туралы анықтама беру керек. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шенберінде діни, ұлттық нәсілдік мұдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Басқаша айтқанда мемлекет мәні көп аспектілі. Ол тек таптық жән жалпы әлеуметтік бастамаларға келіп тірелмейді. Сондықтан да тарихи жағдайларына байланысты мемлекет мәнісін, жоғарыда аталған бастамалардың қандай да болмасын біреуі құрауы мүмкін.

Үшінші сұрақ бойынша мемлекет типінің түсінігі мемлекет және құқық теориясының аса маңызды санатына жатады. Мемлекет типологиясы - формациялық және өркениеттік көзқарастар көмегімен жүргізілетін, оның өзіндік саралануы. Осы уақытқа дейін жалғыз ғылыми көзқарас ретінде формациялық танылуы, оның басты өлшемдері әлеуметтік-экономикалық белгілеріне назар аудару қажет. Мемлекет типологиясының тағы бір көніл аудараптық жағы өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде рухани белгілеріне мысалдар келтіру керек. Әсіресе, ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің пікіріне көніл бөлген жөн. Мұның маңыздысы, мәдениет факторлары мәнді ретінде анықталған болса, осал тұсы, әлеуметтік-экономикалық факторлар дұрыс бағаланбағандығына көз жеткізу абзал.

Әдебиеттер: 1-20; 43; 45; 46; 45,50,56,65,69-71, 90; 91;99; 100;102; 108; 111; 124;127;135;141; 147-155; 156-168

2-тақырып. Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет ұғымы және оның белгілері

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: кесте толтыру:

Мемлекет пайда болуының негізгі теориялар атауы.	Теория мазмұны	Өзіндік көзқарас

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсныныс:

КОӘЖ жұмыс барысында қажетті ұғынатын жайт, біріншіден алғашқы қауымдық, құрылыштың ыдырап кетуіне және мемлекет пен құқықтың пайда болуына қандай себептер түрткі болғандығын анықтау болса, екіншіден мемлекетті рулық құрылыштың қоғамдық билігінен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін ашу.

Аталмыш сұрақты оқып қарастыру бастамасына мемлекеттің шығу тегінің әлеуметтік-экономикалық теориясы негізделетін Ф.Энгельстің “Жанұяның жеке меншік пен мемлекеттің пайда болуы” – атты еңбегін пайдаланған жөн.

Әдебиеттер: 1-20; 43; 45; 46; 45,50,56,65,69-71, 90; 91;99; 100;102; 108; 111; 124;127;135;141; 147-155; 156-168

2-тақырып. Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет ұғымы және оның белгілері

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу керек: мемлекет және құқық теориясы пәні; мемлекеттік егемендік; ғылыми көзқарастар. Ф.Энгельстің «Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегін оқу қажет.
2. Кесте толтыру қажет. Мемлекет түрпаты.

Мемлекеттің пайда болу теориялары	Теорияның қағидалары	Сіздің бағаңыз

Оз бетінше заң оқулықтарын оқып, сабакта рефераттар дайындау қажет тақырыптары:

1. Класстық және жалпы әлеуметтік мемлекет типтері.
2. Қазіргі кездегі мемлекет типтері.

Озіндік тексеру материалдары:

1. Алғашқы қауым қоғамында адамдардың мінез-құлық, мінез-құлықтарын қандай әлеуметтік нормалар реттеп отырған?
 - заң нормалары;
 - саяси нормалар;
 - қауым әдет-ғұрыптары (мононормалар);
 - техникалық нормалар;
 - діни нормалар.
2. ”Отбасы, жекеменшік және мемлекеттің пайда болуы” деген ғылыми еңбектің авторы кім?
 - Ф.Энгель;
 - К.Маркс;
 - В.И.Ленин;
 - Гуго Гроций;
 - Жан-Жак Руссо.

3. Мемлекеттің патриархалдық теория бойынша туындауының ең басты идеясы неде?

- мемлекет отбасынан, оның өсіп-дамуынан пайда болады;
- мемлекет бір тайпалардың басқа тайпаларды күш жұмсап жаулап, басып алуының нәтижесінде пайда болады;
- мемлекет теңсіздік, жеке меншік, таптар пайда болғанда және олардың араларында күрес өрбуінен туындайды;
- мемлекет адамзатпен бір мезгілде пайда болған;
- мемлекеттің туындауы адам психологиясының ерекшелігімен байланысты, күштіге бағынышты, оған тәуелді болуы себепті пайда болды.

4. Мемлекеттің пайда болуы келісім (шарт) теориясының басты идеясы?

- мемлекет - қоғамды ұстеме өнімнің жекеменшіктің, таптардың пайда болуына байланысты туындайтын ымыраға келмейтін қарама-қайшылықтардың нәтижесі;
- мемлекет – адамдардың ортақтасып, бірлесіп тұру үшін өз ықтияларымен келісіп жасасқан мәмілелерінің нәтижесі;
- мемлекет құдай тағаланың-ең жоғарғы ақыл-парасаттың ерік-ықтиярымен пайда болады;
- мемлекет – жер шарындағы әлемдік климаттық өзгерістердің салдарынан пайда болады;
- мемлекет қашан да болған, ол адамзатпен бір мезгілде пайда болған.

5. Мемлекеттің пайда болуының теологиялық теориясының негізгі қағидаларын атаңыз?

- мемлекет қоғамның объективті дамуы нәтижесінде болған еңбектің жіктелуі, артық өнімнің шығуы, жеке меншіктің, таптардың туындауы негізінде пайда болуы;
- мемлекет матриархаттың патриархатпен алмасуының нәтижесінде, діннің шығуы негізінде пайда болды;
- мемлекет құдай тағаланың ерік-ықтияларымен жасасқан келісімдерінің нәтижесі;
- мемлекет адамдардың еркін келісімдерінің нәтижесінде пайда болған;
- мемлекет әрқашанда да болған, ол жер бетінде адамзат қоғамымен бір мезгілде пайда болған.

3-тақырып. Мемлекет нысаны (құрылымы)

Сабак мақсаты: Мемлекет нысанының ұғымы, мемлекеттік басқару нысаны және оның түрлері, мемлекет нысанының құрылымы және оның әртүрлілігі және мемлекеттік саяси тәртіп және оның түрлерінің маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет нысаны ұғымы және оның элементтері.
2. Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері.
3. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі.
4. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

Дәріс тезисі:

Мемлекет нысаны. Мемлекет нысаны түсінігі мемлекеттанды сипаттарының ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет нысаны ретінде мемлекеттік билік пен оның құрылымдарының ұйымдастырылуы түсіндіріледі. Мемлекет нысаны мемлекет мазмұнмен тығыз байланыста сипатталады. Егер мемлекет мазмұны мемлекеттік билікті кімнің жүзеге асырып жатқанына жауап берсе, ал мемлекет нысаны мемлекетте билік қалай ұйымдастырылып, қандай органдармен жүзеге асырылады, олардың құрылу тәртібі және өкілеттік мерзімдері жайында, сондай-ақ жалпы мемлекеттік биліктің жүзеге асырылу тәсілдері туралы сұрақтарды қарастырады. Мемлекет нысаны – басқару нысанынан, мемлекеттік құрылым нысанынан және саяси режимнен құралатын мемлекеттің ерекшелігі.

Мемлекет нысаны мемлекеттік биліктің құрылымы мәндік жағынан әртүрлі сипаттармен анықталады: мемлекеттік билік пен басқару органдарының құрылу және ұйымдастырылу тәртібі; мемлекеттің аумақтық құрылымының тәртібі, орталық, аймақтық және жергілікті биліктің өзара қатынасының белгілі тәртібі; – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Сонымен, мемлекет нысаны үш негізгі элементтен құралады:- басқару нысаны; - мемлекеттік құрылым нысаны; - саяси режим. Басқару нысаны – жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның жоғарғы және орталық органдардың ерекшеліктері, олардың құрылымы, құзіреті, ұйымдастырылу тәртібі, өкілеттілігінің деңгейі, халықпен өзара қатынасы және олардың оны қалыптастыруға қатысу дәрежесі. Жоғарғы мемлекеттік билікті жүзеге асыру бір адаммен немесе сайланбалы алқалы органмен жүзеге асырылатындығына байланысты мемлекетті басқару монархия және республика деп ажыратылады.

Монархия – жоғарғы мемлекеттік биліктің бір әuletке мұрагерлік жолымен немесе өмір бақиға сайланып берілуін білдіретін басқару нысанының бір түрі. Оның мынандай белгілері бар: - жоғарғы билік мұрагерлік жолмен беріледі; - шексіз мерзімде жүзеге асырылады; - сайлаушылар еркінен тыс жүзеге асырылады.

Монархия екіге бөлінеді: абсолютті монархия (Сауд Аравиясы, Бруней) және конституциялық монархия. Конституциялық монархия екіге бөлінеді: дуалистік монархия және парламенттік монархия.

Республика – басқару органдары белгілі бір мерзімге сайланатын, шешім алқалы түрде қабылданатын басқару нысанының бір түрі. Онда биліктің жалғыз қайнар көзі халық болып табылады. Жалпы белгілері: - бір немесе алқалы түрдегі мемлекет басшысының болуы; - мемлекет басшысы және басқа да жоғарғы мемлекеттік билік органдарының белгілі мерзімге сайланатындығы; - мемлекет басшысының заңмен қарастырылған жағдайлардағы заңдық жауапкершілігі; - жоғарғы мемлекеттік билік шешімдерінің барлық басқа мемлекеттік органдарға міндеттілігі; - мемлекет азаматтары мұдделерінің басым түрде қорғалуы, тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы.

Республиканың екі негізгі түрі бар: парламенттік республика және президенттік республика.

Мемлекеттік құрылым нысаны – тұтастай мемлекет пен оның бөлшектерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы. Мемлекет пен құқық теориясы мемлекеттің аумақтық құрылымының бірнеше түрін көрсетеді: - біртұтас мемлекет; - федерация; - конфедерация.

Мемлекет нысанының соңғы элементі – саяси режим. Ол басқару және мемлекеттік құрылым нысандары сияқты мемлекеттің мәндік-мазмұндық жағы көрінетін, мемлекет құрылымын және оның басқа да сыртқы жағын сипаттайтын жиынтық түсінік ретіндегі мемлекет нысанының бір компоненті болып табылады. Мемлекеттің билік ету әдістерін зерттей отырып, жеке тұлғаның нақты мәртебесі туралы және мемлекеттегі басқа субъектілердің қарым-қатынасы, олардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдік және қамтамасыз етілүшілік деңгейі туралы түсінік алудың болады.

Тар ауқымдағы анықтамасы: мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, оның мазмұндық қасиеті. Кең ауқымдағы анықтамасы: демократиялық, құқықтық мемлекетте жеке тұлғаның саяси бостандықтарының кепілдік дәрежесі, ресми конституциялық және құқықтық ұлгілерінің саяси жағдайларға сәйкес келу дәрежесі, билік органдарының мемлекет және қоғамдық өмірдің құқықтық негіздеріне қатынасының сипаты. Саяси режим демократиялық және демократияға қарсы болып екі түрге бөлінеді. Демократиялық режим – халықтың басқаруға қатысуына, барлық адамдардың тенденция мен бостандығы қағидасын тануға негізделген либералдық режимнің бір түрі. Демократияға қарсы режим авторитарлық және тоталитарлық режимдерге бөлінеді. Авторитарлық режим – халықтың аздаған мөлшерде қатысуымен бір адамның бақылаусыз толық билік жүргізуін білдіретін қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымы.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысаны (құрылымы)

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет нысаны ұғымы және оның элементтері.
2. Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері.

Тапсырма:

Мына тәмендегідей мәні бар ұғымдарға:

1. Қоғамның экономикалық даму деңгейіне;
2. Таптық құш ара қатынасы;
3. Ұлттық және мәдениетті салт-дәстүріне;
4. Халықаралық жағдайларға және т.б. мысал келтіру.

Әдістемелік ұсныныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттардың қажетті ұғынатын жайт, қоғамды басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастырудың түрі мемлекет нысанына баса назар аударылуы керек. Оның элементтерінің ара жігін ажыратып, маңызы мен орнын білу қажет.

Екінші сұрақ бойынша мұнда жоғарғы мемлекеттік органдардың құрылуы мен ұйымдасуының тәртібі, олардың бір-бірімен және тұрғындармен ара қатынасы сипаттау керек. Басқару нысаны ерекшеліктеріне таптық күштердің, билікте отырған әлеуметтік өкілдердің қарым-қатынасы, тұрғындардың ұлттық құрамы, мәдениет және салт дәстүр деңгейі қалай әсерін тигізетінін айту қажет. Мемлекет нысанының ерекшелігіне байланысты монархиялық және республикалық бөліну себептерін талдау азсал.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысаны (құрылымы)

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма:

1. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі.
2. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

КОӘЖ өткізу нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсныныс:

Бірінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипатын анықтау керек. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай немесе біртұтас (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі, ал, күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет: империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар және одақтастықтардың мән-мағынасы мен айырмашылықтарын көрсету қажет.

Екінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер жиынтығына қарай екі түрлі демократиялық режим (барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болып, әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, барлық азаматтар сотпен қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандықтарға қол жеткізсе, антидемократиялық режимде мемлекет қоғам өмірінің барлық саласына бақылау жасайды, адамды саяси билікке және ұстемдік етуші идеологияға бағындыратынын білу қажет. Мына төмендегідей мәні бар ұғымдарға:

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысаны (құрылымы)

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма: кесте толтыру қажет

Мемлекет атауы	Басқару нысаны	Мемлекеттік құрылымы нысаны	Саяси режим
Казахстан			
Россия			
АҚШ			
Франция			
Япония			

Өзіндік тексеру материалдары:

1. Мемлекет нысанын қалай түсінесіз?

- бұл заңшыгарушы, атқарушы және сот биліктерінің жиынтығы;
- бұл басқару нысанының, мемлекеттік құрылымы нысанының және саяси режимнің жиынтығы;
- бұл басқару нысанының, мемлекеттік құрылыштың жән саяси биліктің жиынтығы;
- дұрыс жауабы жоқ;
- бұл мемлекет нысаны.

2. Басқару нысанын қалай түсінесіз?

- саяси биліктің ұйымдастырылуы және оның жүзеге асырылуына халықтың қатысу дәрежесі деген ұғымды білдіреді;
- мемлекеттік органдар арасындағы және бұқара арасындағы өзара қарым-қатынастар;
- жоғарғы мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы, оның органдарының құрылу тәртібі және олардың халықпен өзара қарым-қатынасы;
- лауазымды мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы, оның органдарының құрылу тәртібі және олардың халықпен өзара ымыра байланысы;
- құқық қорғау органдары арасындағы және бұқара арасындағы өзара қарым-қатынастар.

3. Мемлекеттік құрылыштың негізгі нысандарын атаңыз?

- біртұтас мемлекеттер, федерациялар, конфедерациялар;
- федерациялар, конфедерациялар және империялар;
- біртұтас мемлекеттер, федерациялар және монархиялар;
- біртұтас мемлекеттер, федерациялар, конфедерациялар және республикалар;
- көптұтас мемлекеттер, федерациялар, конфедерациялар.

4. Саяси (мемлекеттік) режимді қалай түсінесіз?

- саяси режим дегеніміз мемлекеттегі саяси биліктің ұйымдастырылуы;
- саяси режим дегеніміз мемлекеттің дәрежесі;

- дұрыс жауабы жоқ;
- мемлекеттік билікті жүзеге асыру түрі.

5. Қазақстан – мемлекет нысаны ретінде -

- республика, біртұтас мемлекет, президенттік басқару нысаны;
- президенттік республика, біртұтас мемлекет, демократиялық режим;
- парламенттік республика, демократиялық режимі бар федерация;
- конституциялық монархия, біртұтас мемлекет, демократиялық режим;
- дұрыс жауап жоқ.

4-тақырып. Мемлекет функциясы және механизмі

Сабак мақсаты: Мемлекет міндеттері мен функциялары ұғымы, мемлекет функцияларының топталуы, мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары, ҚР ПО мемлекет функцияларын жүзеге асырудың рөлінің маңызын жеткізе білу. мемлекет механизмі ұғымы және құрылымы, мемлекеттік аппарат мәні және олардың қызметтерін үйымдастыру қағидалары, мемлекет органдарының түсінігі және олардың түрлері, Қазақстан Республикасы ПО-ның мемлекет аппаратындағы алатын орны.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет міндеттері, функциялары және оларды жүзеге асыру нысандары.
2. Мемлекет механизмі ұғымы және құрылымы.
3. Мемлекеттік аппарат мәні және олардың қызметтерін үйымдастыру қағидалары.
4. Мемлекет органдарының түсінігі және олардың түрлері.

Дәріс тезисі:

Мемлекет қызметі (функциясы).

Мемлекет функциясы – қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын, рөлін көрсететін оның әрекетінің басты бағыттары. Мемлекет функциясы әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Кеңестік ғылымда мемлекет функциясын ішкі және сыртқы қызмет деп бөле қарастырған. Ішкі қызмет елдің өз ішінде жүзеге асырылады және саяси билікті іске асырумен байланысты; сыртқы қызмет - мемлекеттің өзге елдермен қарым-қатынасын қамтиды. Бұл жерде айта кететін мәселе, мемлекет функциясын ішкі және сыртқы деп бөлудің шарттылығы. Қазіргі кезеңде кез келген мемлекетпен жүзеге асырылатын мемлекет функциясын төрт топқа жіктеу танылған:

- мемлекеттің экономикалық функциясы. Оған экономиканың дұрыс қызмет етуін және дамуын әртүрлі шаралардың (елдегі меншік нысандарын қорғау, сыртқы экономикалық байланыстарды үйымдастыру және нығайту...) көмегімен қамтамасыз ету жатады.

- саяси қызмет. Бұған мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ әлеуметтік және ұлттық келісімді қамтамасыз ету, өзара құресуші әлеуметтік күштердің қарсылығын басу, ел егемендігін ішкі және сыртқы күштердің қол сұғышылығынан қорғау мәселелерін шешу жатады.

- мемлекеттің әлеуметтік функциясы. Мемлекет тұрғындарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру шараларын іске асыру, тұрғындардың қажетті өмір сұру деңгейін қолдау, еңбек жағдайын, оның ақысын, тіршілік деңгейін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

- идеологиялық қызмет. Мемлекеттің аталған функциясыне елдегі басым идеологияны қолдау, білім беруді ұйымдастыру, ғылымға, мәдениетке қолдау көрсету тәріздес жұмыстар жатады.

Мемлекет функциясын жүзеге асыру нысандары құқықтық және ұйымдастырушылық болып екіге бөлінеді. Құқықтық нысандарға құқық шығармашылық (нормативті актілерді дайындау және қабылдау), құқыққолдану (нормативті актілерді іске асыру) және құқық қорғау (адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу және кінәлі жанды занды жауапкершілікке тарту) әрекеттері жатады. Ұйымдастырушылық нысандар арасынан экономикалық (несиелеу, мемлекеттік тапсырыстар, бағаны реттеу және т.б.), саяси (әртүрлі саяси ағымдарды ортақ келісімге келтіру, халықаралық келісімдер және т.б.), идеологиялық (халыққа үндеу, құнделікті тәрбиелеу жұмыстары, үгіт-насихат және т.б.) және тікелей ұйымдастырушылық (жоспарлау, бағдарлау, тексеру және т.б.) әрекеттерді бөліп көрсетуге болады.

Мемлекет функциясын жүзеге асыру әдіс-тәсілдерінің қатарынан сендіру немесе мәжбүрлеу, көтермелеу немесе жазалауды көруге болады.

Мемлекет механизмі (аппарат). Мемлекет механизмі – мемлекет әрекетінің негізгі бағыттарын жүзеге асыратын, қоғамды басқаруды жүргізетін, белгілі түрде ұйымдастырылған, ішкі тұластығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі.

Мемлекет механизмі шынайы ұйымдастырушылық және материалдық күш, мемлекет оны қолдана отырып, билікті жүзеге асырады және белгілі бір саясатты жүргізеді. Заң ғылымында «мемлекет механизмі» және «мемлекеттік аппарат» түсініктеп синонимдер ретінде қолданылады. Дегенмен де, мемлекеттік аппарат – басқару әрекетін тікелей жүзеге асыратын, арнайы биліктік өкілеттіліктерге ие органдар жүйесі, ал «мемлекет механизмі» түсінігіне мемлекеттік аппаратпен қатар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың соларға сүйене отырып, өз әрекетін жүзеге асыратын «материалдық қосымшалары» (қарулы күштер, милиция, түзеу мекемелері және т.б.) жататындығын ескеру керек. Сондай-ақ, мемлекет аппараты ретінде тұрақтылықта (статика) алынған мемлекеттің барлық органдарын, ал мемлекет механизмі ретінде осы органдарды қозғалыста (динамикада) қарастырған ғылыми көзқарастар да бар. Мемлекет аппаратын зерттеу барысында белгілі бір мемлекеттік органның маңызы, құрылу тәртібі, құзіреттілігі туралы мәселелер көтеріледі, ал мемлекет механизмін зерттеу барысында мемлекеттік органдардың әрекеті, олардың мемлекеттің белгілі бір қызметін жүзеге асыру үрдісіндегі өзара байланысы қарастырылады. Мемлекет механизмінің маңызды белгілеріне мыналар жатады:

- ол өзара байланысты мемлекеттік органдардың тәртіптелінген жиынтығын, яғни жүйесін көрсетеді. Мемлекет механизміне заң шығару органдары (парламент), өз әкімшілігімен қоса президент, атқару органдары (ұқімет, министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, әкімияттар), сот органдары, прокурорлық және өзге де қадағалау органдары, милиция, салық полициясы, қарулы күштер және тағы басқалар кіреді. Олар жиынтығында билік құрудың біртұтас жүйесін құрайды;

- оның біртұастығы ортақ мақсаттар мен міндеттер арқылы қамтамасыз етіледі. Мақсат пен міндеттер жоғарыда көрсетілген сан алуан мемлекеттік құрылымдарды тұтас ағзаға айналдырады, ортақ мәселелерді шешуге бағыттайды;

- мемлекет механизмінің негізгі элементі ретінде биліктік өкілеттіліктерге ие мемлекеттік органдар танылады;

- мемлекеттік билікті жүзеге асырудың, нақты нәтижелерге жетудің үйымдастырушылық және материалдық құші, құралы болып табылады.

Мемлекет механизмінің құрылымы деп оның ішкі құрылышын, оның аралық элементтерінің орналасу тәртібін, олардың өзара бағыныштылығын, қатынасын және байланысын айтамыз. Мемлекет механизмінің құрылымы мынандай элементтерден тұрады:

1) мемлекеттік органдар, олар өздерінің тікелей биліктік функцияларын атқару барысында тығыз өзара байланыста және бағыныштылықта болады. Мемлекеттік органдардың ерекшелігі сонда, олар мемлекеттік-биліктік өкілеттіліктерге, яғни мемлекет құшімен, жалпыға міндетті басқармашылық шешімдер қабылдаумен байланысты құралдарға, ресурстарға және мүмкіншіліктерге ие болады. Оларға парламент, президент, ұқімет, министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, әкімияттар жатады;

2) мемлекеттік үйымдар, оны басқаша, мемлекет механизмінің «материалдық қосымшалары» деуге де болады, олар мемлекеттің қорғау әрекетін жүзеге асыруға арналған. Қатарына қарулы күштерді, милицияны, салық полициясын және т.б. жатқызуға болады;

3) мемлекеттік мекемелер – мемлекет механизмінің биліктік өкілеттіліктері болмайтын (олардың әкімшілігін есепке алмағанда), әлеуметтік, мәдени, тәрбиелеу-білім беру, ғылыми аймақтардағы мемлекет қызметін атқару бойынша практикалық әрекетті тікелей жүзеге асыратын бөлігі. Оның қатарынан кітапханаларды, ауруханаларды, пошта, телеграф, ғылыми-зерттеу институттарын, мектеп, балабақша, жоғарғы оқу орындарын, театрларды және т.б. көргөзе болады;

4) мемлекеттік кәсіпорындар – бұлар да әкімшілігін есепке алмағанда биліктік өкілеттіліктері болмайтын, шаруашылық-экономикалық әрекетті жүзеге асыратын, өнім шығаратын немесе өндірісті қамтамасыз ететін, әртүрлі жұмыстар атқаратын және қоғам қажеттілігін қанагаттандыру, пайда табу үшін көптеген қызмет көрсететін мемлекет механизмінің құрамдас бөліктері. Оларға қазыналық зауыт, фабрикалар және т.б. жатады;

5) мемлекеттік қызметкерлер – басқарумен арнаулы түрде айналысатын мамандар;

6) ұйымдастырушылық және қаржылық құралдар, мемлекет аппаратының әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті мәжбүрлеу күштері.

Мемлекет органы – мемлекет қызметін жүзеге асыруға көмектесетін, мемлекет механизмінің құрылымдық бөлігі болып табылатын, биліктік өкілеттіліктерін жүзеге асыруы мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетін мекемелер мен жеке лауазымды тұлғалар.

Мемлекет органдының өзіне тән ерекше белгілері болады:

- мемлекеттік органдар мемлекет механизмінің дербес элементі, біртұтас мемлекеттік ағзаның өзіндік арнаулы орнымен сипатталатын ажырағысыз бөлігі;

- мемлекет атынан және оның өкілеттілігімен әрекет етеді;

- мемлекеттік органдар Нормативтік-құқықтық актілер (конституция, заңдар және заңға бағынышты актілер) негізінде құрылған және әрекет етеді;

- әрбір мемлекеттік орган тек өзіне тән міндеттер мен функцияларды атқарады және сол үшін тиісті нысандар мен әдістерді қолданады (биліктік өкілеттіліктерді иемденген, соның ішінде қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану да қарастырылған);

- мақсат ортақтығымен сипатталатын мемлекеттік қызметкерлер мен тиісті құрылымдардан (бөлім, басқарма, аппарат, кеңсе және өзгелерден) тұрады;

- органдардың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті материалдық база (құрылым, көлік, ұйымдастырушылық техникалары және т.б.) мен қаржылық құралдар (банктегі есеп шоты, қажетті қаржы қорлары т.б.) берілген;

- мемлекеттік органдар белгілі бір құқықтық мәртебеге ие болады, онда берілген мемлекеттік органдың жағдайы және оның нақты әлеуметтік мазмұны көрініс табады;

- мемлекеттік органдардың өзіне тиісті құзіреті болады. Құзірет - ұйымның заңмен бекітілген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Ол нақты органға немесе лауазымды тұлғага мемлекеттік, яки қоғамға маңызды міндеттер мен тиісті қызметтерді тиісті дәрежесінде жүзеге асыру мақсатында беріледі;

- мемлекеттік органдар өз құзіретін үш тәсілмен: а/нормативті актілер (жалпы сипаттағы нұсқаулар) қабылдау жолымен; ә/құқық қолдану актілерін (жеке сипаттағы нұсқаулар) қабылдау жолымен; б/нақты-ұйымдастырушылық әрекеттер жолымен жүзеге асырады;

- мұліктік құқықтарды жүзеге асыру барысында заңды тұлға ретінде көрінеді, яғни өз жауапкершілігі бойынша оған сеніп тапсырылған мұлікпен жауап береді, сондай-ақ өз атынан мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтарды иемдене және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарады, сotta талапкер және жауапкер бола алады;

- мемлекеттік органдар белгілі бір аумақта әрекет етеді.

Мемлекеттік органдар көп түрлі. Олар әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Құрылу тәртібіне байланысты мемлекеттік органдар тікелей халықпен сайланатын органдар (ҚР Парламенті, ҚР Президенті, маслихаттар) және өзге мемлекеттік органдармен қалыптастырылатын органдар (ҚР Үкіметі, ҚР Конституциялық Кеңесі) болып бөлінеді. Мемлекет әрекетін жүзеге асыру нысандарына байланысты заң шығарушы, атқарушы-жарлық етуші, сот және бақылау - қадағалау органдары ретінде айырылады. Заң шығару органдары мысалы, Қазақстан Республикасының Парламенті, заңдарда қоғам еркін және мұддесін көрсетуге лайықталған арнаулы органдар; атқарушы – жарлық етуші органдар (ҚР Үкіметі, министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, әкімияттар) қабылданған заңдар мен заңға бағынышты актілердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге арналған; сот органдары (конституциялық, жалпы құзіреттегі, әскери, өзге де арнаулы соттар) әділсотты іске асыруға, жеке және заңды тұлғалардың мүліктік дауларын қарастыруға, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған; бақылау - қадағалау органдары (прокуратура, өндірістік бақылау органдары, радиациялық қауіпсіздікті бақылау органдары) мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың және азаматтардың заңдарды дәлме-дәл және біркелкі орындаудың қадағалайды.

Мемлекеттік органдар билікті бөлу қағидасына сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына жіктеледі. Мемлекеттік органдар орналасу иерархиясына сүйене отырып, республикалық (мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары) және жергілікті болып екіге бөлінеді. Бағыныштылық сипатына байланысты «вертикалды» бағыныштылықтағы органдар (прокуратура, сот т.б.) және екі жақты «вертикалды – горизонталды» бағыныштылықтағы органдар (милиция, мемлекеттік банктер т.б.) болып бөлінеді. Әкілеттілік мерзіміне байланысты тұрақты, яғни әрекет ету мерзімі шектелмesten құрылатын органдар (оларға прокуратура, милиция, сот т.б. органдар жатады) және уақытша, белгілі бір міндетті шешу үшін құрылатын органдар түрінде беріледі. Шешім қабылдау тәсіліне байланысты мемлекеттік органдар алқалы және жеке органдар ретінде көрінеді.

Әрекет етуінің құқықтық нысандарына сүйене отырып, мемлекеттік органдарды құқықшығармашылық (парламент, үкімет, мәслихат және т.б.), құқыққолданушы (сот, әділет басқармалары, әкімшіліктер және т.б.) және құқықкорғаушы (салық полициясы, кеден органдары және т.б.) органдар деп бөлуге болады. Құзіреттілігінің сипатына байланысты жалпы құзіретті органдар және арнаулы құзіретті органдар деп бөліп қарастырамыз.

Мемлекеттік аппарат - ұйымдастырылу мен әрекет етудің жалпы қағидаларымен өзара байланысқан мемлекеттік органдар жүйесі. Мемлекеттік аппараттың ұйымдастырылуы мен әрекет етуінің қағидалары: заңдылық қағидасы; адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидасы; демократизм қағидасы; билікті тәуелсіз тармақтарға бөлу қағидасы; жариялыштық қағидасы; кәсібиilik қағидасы; алқалылық пен жеке шешімдерді

тиімді ұштастыру қағидасы; сайланбалылық пен тағайындалмалықты ұштастыру қағидасы; сатылық /иерархиялық/ қағидасы.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдар жүйесі. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасы заң шығару билігі. ҚР Парламенті. Сенат. Мәжіліс. Қазақстан Республикасы атқару билігі. Үкімет. Премьер-Министр. Министрліктер. Мемлекеттік комитеттер. Конституциялық Кеңес.

Қазақстан Республикасы сот билігі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты. ҚР жергілікті соттары.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы. ҚР Ішкі істер органдары. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті. Әскер.

Мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың жергілікті органдары. Мәслихаттар. Әкімдер.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26; 27 -33; 38; 43; 45;79; 84; 88; 90;94; 112; 114; 121; 128; 130-131; 133; 139; 146-155; 156-168

4-тақырып. Мемлекет функциясы және механизмі

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет міндеттері, функциялары және оларды жүзеге асыру нысандары.
2. Мемлекет механизмі ұғымы және құрылымы.
3. Мемлекет органдарының түсінігі және олардың түрлері.

Тапсырма:

1. Берілген нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеп, ауызша коллоквиумға дайындалу қажет.

2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу

Әдістемелік нұсқаулар:

Мемлекеттік билік органдарының құрылу және әрекет ету тәртібін нақты анықтау үшін міндетті түрде жоғарыда көрсетілген Нормативтік-құқықтық актілермен танысу және оларды терең зерделеу қажеттілігі бар. Аталған актілерді білу Қазақстан Республикасы мемлекеттік билігінің жоғарғы органдарының өкілеттігін анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз алдына студенттердің қоғамдық өмірде дұрыс бағыт алуына жол салады.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттар мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын, олардан мемлекеттің мәні мен мақсаты көрініс табатынын, мемлекеттің функциялары оның міндеттерімен тығыз байланыстырылысын, олар мемлекеттің мәніне тәуелді болып келетінін және оның өзгеруіне қарай өздері де өзгеретінін, сондай-ақ, мемлекет функциялары – ауыспалы сипаттағы категория екендігін, сондықтан да олар мемлекет түрінің басқа түрге ауысу жағдайында да өзгеретінін ұғынуы керек. Мұнда мемлекеттің функцияларын жүзеге асыруға бағытталған оның органдарының біртектес қызметін екіге

құқықтық және ұйымдастыруышлық нысандарды жекелей қарастыру қажет, Құқықтық нысандар: құқықшығармашылық, құқыққолданушы құқыққорғауыш нысандар деп бөлінсе, Ұйымдастыруышлық нысандар: ұйымдастыруыштық-реттеуші, ұйымдастыруышлық-шаруашылық ұйымдастыруыштық-идеологиялық нысандардың мағынасын білу керек. Мемлекеттің міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі мемлекет механизмін ұғынып, ондағы шынайы материалды және ұйымдастыруыштық күш, яғни осы арқылы мемлекет билікті жүзеге асыратынын, сондай-ақ кез-келген саясатты жүргізетінін, сонымен бірге мемлекет механизмінің құрылымын білу абзал.

Екінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттің басқарушылық қамтамасыз етушілік және қорғаушылық функцияларын іске асыру бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың біртұтас, иерархиялық жүйесі мемлекеттік аппараттың мәнін, яғни, бұл мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық қағидаларды есте сақтау керектігін түсіндіру. Мемлекет аппаратының анықтамасын ұғынып, “мемлекет механизмі” және “мемлекет аппараты” түсінігінің ара қатынасын қарастыру, мемлекет аппаратын мемлекет функцияларынан туындалғанын анықтау қажет. Қазақстан Республикасы мемлекет аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасы зандар жиынтығын қолдана отырып қарастырған жөн. (1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясы (енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді қоса); Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы” заң күші бар Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің “Үкімет құрылымы туралы” Жарлығы; және т.б.).

Келесі сұрақта мемлекеттік міндеттерді орындаушы және осы мақсатта билік өкілеттіктерін иеленген ұйым немесе мекеме ретіндегі мемлекеттік орган түсінігін білу. Әрбір мемлекеттік органға тиесілі: басқаруындағы мемлекеттік, қазыналық мүліктер; қаржы құралдары, банктегі есепшот, бюджеттен қаржыландыру көзі; өзіне тән ұйымдастыруыштық құрылымы, онымен байланысты қызметтік тәртіп жүйесі; биліктік өкілеттіктердің қажетті көлемі, олардың негізінде лауазымдық тұлғалар мен алқалық органдар занды міндетті әрекеттерді жүзеге асыратынына, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың түрлеріне көніл бөлу қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26; 27 -33; 38; 43; 45; 79; 84; 88; 90; 94; 112; 114; 121; 128; 130-131; 133; 139; 146-155; 156-168

4-тақырып. Мемлекет функциясы және механизмі

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: кесте толтыру:

Мемлекет органдарының түрлері олардың функциясы	Кұрылу тәртібі	Құзыреті

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсныныс:

Курсант, мемлекет аппаратының ұғымын, тағайындалуын және оның мемлекет міндеттері мен функцияларын шешудегі ролін, мемлекет органдарының ұғымының түсінігі, оның белгілері мен түрлерін ұғыну қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мемлекет аппараты іскерлігін және ұйымның қағидасын ұйымдастыру мен қызметінің қағидаларын анықтап және оған сипаттама беру қажет. Тәжірибелік жұмыс істеу барысында тиісті кесте құру қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26; 27 -33; 38; 43; 45;79; 84; 88; 90;94; 112; 114; 121; 128; 130-131; 133; 139; 146-155; 156-168

4-тақырып. Мемлекет функциясы және механизмі

КОӘЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу керек: мемлекет және құқық теориясы пәні; мемлекеттік егемендік; ғылыми көзқарастар. мемлекеттік орган, мемлекеттік аппарат және мемлекеттік аппараттың ұйымдастыру принциптері.
2. Елбасының «Қазақстан–2050» Қазақстан халқына жолдауын конспектілеу.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.95ж. «ҚР ПО туралы» заң құші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтыруларына шолу жасау.
4. «Мемлекеттік қызмет қағидалары» ҚР заңы екінші бабын оқу керек. «мемлекеттік қызмет туралы 23.07.99 жылғ.
5. Реферат жазу «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мемлекет аппаратындағы орны»

Өзіндік тексеру материалдары:

1. Мемлекет қызметінің ұғымына анықтама беріңіз –
 - мемлекет қызметі – бұл ұstemшілік таптың мұддесін көздейтін қызметінің негізгі бағыттары;
 - мемлекет қызметі – бұл ұstemшілік таптың мақсатына жетуі үшін, оның таптық мәні мен қызметтік рөлін көздейтін мемлекеттің мақсаты;
 - мемлекет қызмет – бұл мемлекеттің белгілі бір сатыда дамуындағы әлеуметтік түрғысын сипаттайтын қызметінің негізгі бағыттары;
 - бұл мемлекеттің дамуы кезіндегі алдында тұрган ауқымды мәселелері;
 - дұрыс жауап жоқ.

2. Мемлекеттік аппарат –

- бұл басқару нысандарының, мемлекеттік құрылыш және саяси режим нысандарының жиынтығы;
- заң шығарушы билік органдарының, мемлекеттік-біліктік құзырет берілген және мемекеттің міндеттері мен функцияларын шешу үшін тағайындалған мемлекеттік басқару, сот, прокуратура, бақылау органдарының жиынтығы;
- ҚР-ның материалдың-техникалық базасын құру үшін тағайындалған мемлекет органдарының жиынтығы;
- дұрыс жауап жоқ;
- басқару органдарының жиынтығы.

3. ҚР-дағы атқарушы биліктің жоғарғы алқалы органы – бұл ...

- парламент;
- ішкі істер министрлігі;
- үкімет;
- конституциялық кеңес;
- мәжіліс.

4. Қазақстан Республикасында сот жүйесі қандай?

- Конституциялық Кеңес, Прокуратура, Жоғарғы сот;
- Конституциялық сот, Жоғарғы сот және жергілікті соттар;
- Жоғарғы сот және жергілікті соттар;
- Конституциялық сот, Жоғарғы сот, Жоғарғы Арбитраждық сот және жергілікті соттар;
- аталғандардың барлығы.

5. Мемлекеттік органдар қызметтерінің ұзақтық сипаты бойынша қандай түрлерге жіктелінеді?

- заң шығарушы, атқарушы және сот органдары;
- тұрақты және уақытша органдар;
- жоғарғы және жергілікті органдар;
- федеральдық органдар мен федерация субъектілерінің органдары;
- алқалы және дара басшылық органдары.

5-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет

Сабак мақсаты: Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары, азаматтық қоғамның ұғымы және құрылымы маңызын, сонымен қатар, қоғамның саяси жүйе ұғымы мен құрылымы, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет орны мен рөлінің маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мемлекет түсінігі және қағидалары.
2. Азаматтық қоғамның ұғымы және құрылымы.
3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Дәріс тезисі:

Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Құқықтық мемлекет - адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз етуге жағдай жасайтын, мемлекеттік билікті құқық көмегімен шектейтін саяси билікті ұйымдастыру. Ол гуманистік бастауларды, әділеттілікті бекітуге арналған әлеуметтік құндылықтардың біреуі ғана емес, сонымен бірге жеке тұлға бостандығын, ар-ожданы мен намысын қамтамасыз етудің құралы, халықтық биліктің өмір сүруінің нысаны.

Құқықтық мемлекеттің жәй мемлекетке қарағанда айырмашылықтары болады: 1. Мемлекетте билік шексіздігімен сипатталса, құқықтық мемлекетте құқық ұstemдігі танылады, 2. Мемлекет қоғамнан алшақ кетсе, құқықтық мемлекетте азаматтық қоғам мемлекет әрекетін бақылап отырады, 3. Мемлекет өз тарапынан азаматтарға бассыздық пен күштеуден қорғауға толық кепілдік бермесе, құқықтық мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтары шынайы қорғалады.

Құқықтық мемлекет мәнінің екі жағын ажыратып көрсетуге болады:

1. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету, жеке тұлға үшін құқықтық көтермелесу режимі қалыптастыру. Бұл құқықтық мемлекеттің әлеуметтік мазмұндық жағы.

2. Мемлекеттік билікті құқықтың көмегімен шектеу, мемлекеттік құрылымдар үшін шектеу құқықтық режимін қалыптастыру (формальді занды жағы).

Құқықтық мемлекет функцияларын шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады. Оның ішкі функцияларына:

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың тең құқылығын және зандылық негізінде қоғам мұддесін қамтамасыз ету;
- меншіктің әр түрлі нысандарын тең қорғау;
- монополизмді жоққа шығаратын нарықтық экономиканың дамуын қамтамасыз ету;
- азаматтардың енбек жағдайын жақсарту және еңбекті қорғау;
- азаматтардың мұддесіне сай рухани құндылықтарды қорғау және байыту.

Құқықтық мемлекеттің сыртқы функцияларына:

- бейбітшілік және бейбіт қатар өмір сүру үшін күрес функциясы;
- елді сыртқы басқыншылықтан қорғау;
- дүниежүзілік қауымдастық елдерімен экономикалық ынтымақтастық;
- басқа мемлекеттермен саяси ынтымақтастық;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзге елдермен өзара әрекеттестіктің әр түрлі нысандарын қалыптастыру шаралары жатады.

Аталған функциялардың негізінде азаматтық қоғамның еркі жатады, олар қатаң түрде қолданыстағы зандарға және адам құқықтары бойынша халықаралық актілерге сай, тиісті органдарда жүзеге асырылады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарымен және олардың теңдігімен санасады.

Сонымен, құқықтық мемлекет – заң жоғарылығына негізделген, оның жалпыға міндетті еркін білдіретін және жүзеге асыратын, жалпыны қамтитын қоғам үйымы.

Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерінің қатарына заң жоғарылығы қағидасы жатады. Аталған қағидаға сәйкес қандай да болмасын мемлекеттік орган, лауазымды тұлға, ұжым, мемлекеттік немесе қоғамдық үйым не болмаса жеке тұлға заңға бағыну міндеттінен босатылмайды. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық кепілдендірілуі және ажырамастығы, сондай-ақ азамат пен мемлекеттің өзара жауапкершілігі қағидасын бекіту және үнемі қолдан отыру болып табылады.

Келесі бір негізгі қағида – мемлекеттік билікті тәуелсіз тармақтарға бөлу болып табылады. Мемлекеттің дұрыс қызмет ету процесін қамтамасыз ету үшін, онда бір-бірінен дербес, тәуелсіз билік тармақтары болуы қажет. Олардың қатарына заң шығару билігі, атқару билігі және тәуелсіз сот билігі жатады. Заң шығару билігі парламентке берілген, атқару билігі үкіметке, сот билігі соттарға беріледі.

Биліктердің теңділігі халық егеменділігіне негізделеді. Оған сәйкес, заң шығару билігі заңдар қабылдауға, атқару билігі олардың орындалуын үйымдастыруға, ал сот билігі заң шығарушы органмен қабылданған заңдарды негізге ала отырып, құқық туралы дауларды шешуге тиісті.

Құқықтық мемлекеттің өзге де қағидалары: заңдылық қағидасы, мемлекеттік биліктің шектеулілігі, адам құқықтары мен бостандықтарының ажырағысыздығы, саяси, идеологиялық және экономикалық плюрализмнің болуы танылған.

Құқықтық мемлекет қалыптастыруды анықтаушы факторлар мен мәселелер төнірегінде сөз қозғағанда басым міндеттер қатарында материалдық және идеалдық сипаттағы алғы шарттарды қарастыру қажет. Материалдық сипаттағы қажетті алғы шарттарға әділ, тәуелсіз сот билігінің болуы, мемлекеттік билікті жіктеу, мемлекетте құқықтың (заңдардың) ұstemдік құруы, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының шынайы кепілдендірілуі жатады.

Құқықтық мемлекет қалыптастырудың өзге алғы шарттарына тоқталатын болсақ, алдымен оның қоғам тұрақты демократиялық, құқықтық, саяси, мәдени дәстүрлерді ұстанатын жерлерде пайда болатынын атауға болады. Егер мәдениет, құқық, демократия, заңдылық әрбір жеке тұлғаның ішкі құндылығына айналмайтын болса, онда құқықтық мемлекет туралы ойлар да негізсіз болады.

Қоғамның саяси жүйесі. Азаматтық қоғам және саяси жүйе. Билік және оның көрінісі. Қоғам өзара әрекеттестікте болатын әр түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, құқықтық жүйелер жиынтығы ретінде. Қоғамның саяси жүйесі – құқық және өзге де әлеуметтік нормалар негізінде тәртіпке келтірілген, белгілі бір елдің саяси өмірін қамтамасыз ететін және саяси билікті жүзеге асыратын мекемелер мен үйымдардың жиынтығы.

«Саяси жүйе» түсінігі саяси процесстердің қалай реттелетіндігін, саяси биліктің қалай қалыптасатындығын және қызмет ететіндігін көрсетеді. Бұл саяси әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың механизмі. Билік және оған қатынас әртүрлі әлеуметтік институттардың саяси функциясын сипаттайты. Билік, егеменділік, тұлға бостандығы тәріздес қоғам өмірінің аймағы көптеген адамдардың мұддесін қозғайды да, саяси аймаққа айналады. Осы тұста кешенді алынған адамдардың үлкен тобының билікті, егемендікті, тұлға бостандығын қамтамасыз етуді, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды жеңіп алу, ұстап тұру және пайдалану барысы бойынша қатынасы саяси сипатқа ауысады.

Қоғамның саяси жүйесі мынандай қызмет атқарады: 1) қоғам дамуының мақсатын, міндетін және жолдарын анықтау; 2) осы мақсат, міндеттерге жету үшін қажетті құралдар мен ресурстарды топтастыру; 3) қоғамды жақындастыру, оның құрылымының әртүрлі элементтерінің өзара әрекеттестігі үшін қажетті шарттарды жасау; 4) мемлекеттік билікті легитимдендіру, яғни шынайы саяси өмірді ресми саяси және құқықтық нормаларға сәйкестендірудің жоғарғы деңгейіне жеткізу; 5) қоғамдық-саяси әрекет режимдерін реттеу.

Саяси жүйелерді әр түрлі негізде топтастыруға болады. Оның пайда болуының әлеуметтік ортасына қарай тоталитарлық және либералды-демократиялық саяси жүйелер танылады, осы сипатына байланысты аралас (конвергенциялық) түрлері де кездеседі. Өзара әрекеттестік сипатына байланысты ашық және жабық саяси жүйелер анықталған.

Қоғамның кез келген жүйесі, соның ішінде саяси жүйе өзара әрекеттестікте болатын көптеген элементтерден құралады. Құрамдас бөліктердің өзара бірлігі жаңа сапа тудырады. Саяси жүйенің құрылымы деп оның элементтері мен олардың арасындағы байланысты айтамыз. Саяси жүйенің келесі компоненттері танылған:

1) қоғамның саяси ұйымы, оған мемлекет, саяси партиялар және қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т.б. жатады.

2) саяси сана, саяси билік саяси жүйенің психологиялық және идеологиялық жақтарын сипаттайты.

3) қоғамның саяси өмірін және саяси билікті іске асыру үрдісін реттейтін әлеуметтік-саяси және құқықтық нормалар.

4) саяси билікке қатысты жүйе элементтерінің арасында қалыптасатын саяси қатынастар.

5) саяси практика /тәжірибе/, ол саяси әрекет пен жинақталған саяси тәжірибеден құралады.

Осы жерде саяси жүйенің субъектілеріне де тоқтала кетуге болады. Оларды екі деңгейде ажыратып қарастырсақ, институционалдық деңгейде субъектілер құрамына парламент, президент, үкімет, кәсіподактар және т.б. кіреді де, функционалдық деңгейде оның қатарына шіркеу, армия, оппозиция және т.б. жатады.

Саяси жүйенің құрамына тікелей немесе жанама түрде белгілі бір саяси функцияларды атқаратын немесе өзінің қоғамдық роліне байланысты қоғамның

әлеуметтік мақсаты мен идеалын қалыптастырушы әлеуметтік институттар кіреді. Саясатпен тікелей айналысатын әлеуметтік институттарға мемлекет пен саяси партиялар кіреді. Қоғамдық қозғалыстар, еңбек ұжымдары, кәсіподақтар, шығармашылық одақтар, жастар ұйымдары, спорттық ұйымдар және т.б. саясатпен жанама түрде айналысатын әлеуметтік институттарды құрайды.

«Мемлекет» және «қоғамның саяси жүйесі» түсініктері бөлшек пен тұтас категориялар ретінде арақатынаста болады. Мемлекет саяси өмір құбылыстарын «жалпы міндеттілік» өлшемі арқылы өткізіп, өз бойына саяси мұдделердің көпшілігін шоғырландырады. Міне осы тұрғыдан мемлекет саяси жүйеде ерекше роль атқарады, оған тұтастық пен тұрақтылық береді. Ол қоғам ресурстарын пайдалана және оның өмір сұруін ретке келтіре отырып, басқару бойынша әрекеттердің басым бөлігін атқарады.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде орталық, жетекші орын алады. Себебі:

- мемлекет өзінің аумақтық шекарасы көлемінде азаматтық белгісі бойынша біріккен бүкіл халықтың бірден-бір ресми өкілі ретінде көрінеді.
- егеменділіктің бірден-бір иегері болып табылады.
- қоғамды басқаруға арналған арнаулы аппаратқа (көпшілік билігі) ие.
- «күштеу» құрылымдары болады (қарулы күштер, милиция-полиция, қауіпсіздік органдары және т.б.)
- көбінесе құқықшығармашылық монополиясына ие болады.
- материалдық құндылықтар жиынтығын иемдене алады (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т.б.)

Саяси жүйеде қоғамның саяси өмірінің маңызды әлеуметтік институты саяси партиялар расында үлken роль атқарады. Саяси партиялар - өздерінің негізгі мұдделерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік билікті жеңіп алу, ұстап тұру және пайдалану мақсатын көздейтін идеологиялық және ұйымдық біріккен адамдардың ерікті қауымдастыры. Партияларды парламенттік - билікті демократиялық жолдармен, парламент жұмысына қатысу арқылы жеңіп алушы мақсат ететін және билікті құшпен басып алушы, қоғамдық құрылымды құштеп өзгерту міндеттін қоятын партиялар деп ажыратуға болады. Мемлекет ісіне қатысуына байланысты парламенттік партиялармен қатар, басқарушы партияларды – билікті жеңіп алған және жүзеге асырып отырғандарды да атауға болады. Бағдарламалары мен әрекетінің әлеуметтік бағытталғандығына байланысты саяси партиялар социал-демократиялық, либералды-демократиялық, коммунистік, таптық, ұлттық, нәсілдік, фашистік, діни болып жіктеледі. Әрекетінің идеалдық негізіне байланысты доктриналдық (өз идеологиясын қорғауға бағытталған), прагматикалық және харизматикалық болып бөлінеді. Саяси спектрдегі орнына байланысты – солшыл, оңшыл және орталықшыл түрінде танылады.

Саяси жүйелер бірпартиялық және көппартиялық (плюралистік) болып та жіктеледі. Қазақстан Республикасы кеңестік дәуірдегі бірпартиялық жүйеден бас тартқалы бері, елімізде қабылданып жатқан Нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, әр түрлі саяси партиялар құрылышын әрекет етуде. Оның

құқықтық базасын ҚР Конституциясы, ҚР заңы «Саяси партиялар туралы», ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдары құрайды.

Қоғамдық саяси қозғалыстар – азаматтардың белгілі бір әлеуметтік тобының мүддесін көздеуге және маңызды саяси мақсатқа жетуге бағытталған қоғамның барынша белсенді тобы. Қоғамдық қозғалыстардың саяси партиялардан айырмашылығы: қозғалыстар тек бір саяси тұжырымды қолдайды және бір ірі мәселені шешуді мақсат етіп қояды (Семей полигонын жабу); қозғалыс билікке таласпайды, оған ықпал ету арқылы өз мәселесін шешуге бағыттайды; қоғамдық-саяси қозғалыста формальды ішкі иерархия, нақты анықталған тұрақты мүшелік және тиісті құжаттар (бағдарлама, жарғы) болмайды.

Қоғамдық - саяси қозғалыстарды да саяси партиялар тәрізді әр түрлі негіздер бойынша жіктеуге болады: әрекет ету аймағына байланысты – әлеуметтік-саяси, этносаяси, конфессионалдық, экономикалық, экологиялық, ғылыми және т.б.; қатысуышыларының санына байланысты – бұқаралық, элитарлық; әрекет ету аумағына байланысты – жергілікті, аймақтық, республикалық, мемлекетаралық; әлеуметтік құрамына байланысты – кәсіби, әйелдер үйымы, жастар одағы және т.б.; үйымдасу тәсіліне байланысты – фронт, ассоциация, бірлестік, одак, үйым және т.б. деп бөлуге болады.

Саяси жүйелер тарихында мемлекет пен дін қатынасы туралы мәселе ерекше орнымен танылған. Тарих теократиялық (діни) және зиялы, жаугер-атеистік және конфессиялық-плюралистік мемлекеттермен, соған сәйкес саяси жүйелермен таныс. Жалпы айтқанда, діни үйымдар көптеген қоғамда саяси жүйенің маңызды элементтерінің бірі ретінде (либералды-демократиялық саяси жүйелерде бұл жоққа шығарылса да) танылып отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына, Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған заңына сәйкес еліміз зайырлы мемлекет ретінде танылып, ондағы діни үйымдар мен мемлекеттің ара қатынасы анықталған.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 23; 24; 35-39; 40; 48; 49; 58; 63; 66; 75-78; 81- 83; 88; 91; 110; 123; 129; 134; 143-155; 156-168

5-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мемлекет түсінігі және қағидалары.
2. Азаматтық қоғамның үйымы және құрылымы.
3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Әдістемелік ұсныныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттар құқықтық мемлекетті - адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік

үйымы ретінде айқындау. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолдары мен пробелмалары: мемлекеттік биліктің барлық жүйесі биліктердің бөліну принципіне сай құрылуы; сот реформасын жүргізу; адамның ең жоғары қазына ретіндегі құқықтары мен бастандықтары жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіру және дамыту; дамыған азаматтық қоғам құру; қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейін көтеру мәселелерін көрсету. Құқықтық мемлекеттің белгілері: құқықтың ұstemдігі; биліктердің бөлінуі; тәуелсіз сот; адамның құқықтары мен бастандықтарын сактау және қорғау; демократия маңызын анықтау.

Екінші сұрақ бойынша азаматтық қоғам - әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесінде маңызын ашу керек. Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподактар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя. Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бастандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптастасын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің занды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясатын анықтау.

Үшінші сұрақ бойынша қоғам мүдделердің өзара сәйкестігі негізінде құрылатынын, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болуы, яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болатынын, қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, қоғамдық билік екендігін түсіндіру. Ал қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның саяси жүйесі мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау механизмін белгілеп, міндетті нұсқау бүйрықтар беріп, іске асуын бақылап отыратынын тәжірибедегі мысалдармен келтіру. Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатынын білу абыз.

Тапсырмалар:

1. ҚР «Саяси партиялар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер» «ҚР жергілікті өзін-өзі басқару органдары туралы» зандарды конспектілеу
2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу

Әдістемелік нұсқаулар:

Саяси жүйенің қоғамның өзге жүйелерімен арақатынасы жан-жақты зерделенуі тиіс. Саяси жүйенің құрылымдық элементтерін білумен қатар, олардың қоғамның саяси өміріне тигізетін әсерін мысалдар келтіре отырып қарастыру керек. Мемлекет пен діни ұйымдардың арақатынасын студент пайымдай білуі және түсіндіре алуы шарт. Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің бүгінгісі мен болашағы туралы ой қорыту берілген әдебиеттерге сүйене отырып жүзеге асырылады.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 23; 24; 35-39; 40; 48; 49; 58; 63; 66; 75-78; 81- 83; 88; 91; 110; 123; 129; 134; 143-155; 156-168

5-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет

КОӨЖ – 1 сағат

Тапсырмалар:

1. Мына тақырыптар бойынша рефераттар жазу:

- Құқықтық мемлекеттің тарихи аспектілері
- Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет
- Құқықтық мемлекеттің негізгі қафидалары
- Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі.

2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу.

Әдістемелік нұсқаулар:

Тәуелсіз Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптастыру мәселелері оның теориялық негіздерін жан-жақты зерттеп-тануды қажет етеді, бұл тақырыптың міндегі аталған мақсатты жүзеге асырудан көрінеді. Құқықтық мемлекет түсінігі, мәні мен атқаратын қызметтерін қарастыру барысында оның жәй мемлекеттен айырмашылықтарын ескерген жөн. Құқықтық мемлекеттің қафидаларын теорияға сүйеніп те, КР қалыптасу тәжірибесіне сүйене отырып тақарастырған дұрыс болады.

КОӨЖ откізу нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші және үшінші реферат тақырыптары аясында, курсанттар құқықтық мемлекеттің адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы ретінде айқындау. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолдары мен проблемалары: мемлекеттік биліктің барлық жүйесі биліктердің бөліну принципіне сай құрылуы; сот реформасын жүргізу; адамның ең жоғары қазына ретіндегі құқықтары мен бастандықтары жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіру және дамыту; дамыған азаматтық

қоғам құру; қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейін көтеру мәселелерін көрсету. Құқықтық мемлекеттің белгілері: құқықтың ұstemдігі; биліктердің бөлінуі; тәуелсіз сот; адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау; демократия маңызын анықтау.

Екінші тақырып бойынша курсанттар азаматтық қоғамды әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мұдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесінде маңызын ашу керек. Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподактар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя. Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясатын анықтау.

Төртінші сұрақты зерделеу барысында Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның даму процесі мемлекеттің дамуына және оның ролінің артуына жағдай туғызу жөнінде ел басшының әр жылдардағы халыққа жолдауларынан қарау керек.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 23; 24; 35-39; 40; 48; 49; 58; 63; 66; 75-78; 81- 83; 88; 91; 110; 123; 129; 134; 143-155; 156-168

5-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет

КӨЖ – 3 сағат

Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:

1. Терминологиялық сөздік жазу қажет:

- қоғамдағы саяси жүйе ұғымы;
- қоғамдық бірлестіктер;
- саяси партия;
- азаматтық қоғам.

2. КӨЖ сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалып, келесі сұрақтардың мағынасын ашу.

1. Құқықтық мемлекеттің тарихи аспектілері
2. Құқықтық мемлекет түсінігі, мәні, функциялары
3. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері
4. Қазақстан Республикасында демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Құқықтың пайда болу жолдары және негізгі теориялары
2. Әлеуметтік нормалар түсінігі, түрлері. Құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен арақатынасы
3. Құқық түсінігі және негізгі белгілері
4. Құқық пен экономиканың, саясаттың арақатынасы
5. Қазіргі кездегі құқық түсінушілік, негізгі теорияларға сипаттама
6. Құқық функциялары.

III-тарау Құқық туралы ілімнің негіздері

6-тақырып. Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы

Сабак мақсаты: Құқық ұғымы, мәні мен мазмұнын, құқық қафидалары және функцияларын, Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтың маңызын, сонымен қатар, құқық нормасының ұғымы мен белгілерін, құқық нормасының топталуын (түрлері), құқық нормасының құрылымын, құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық түсінігі, мәні және қафидалары.
2. Құқық нормасының ұғымы және белгілері.
3. Құқық нормасының топталуы (түрлері).
4. Құқық нормасының құрылымы.

Дәріс тезисі

Құқықтың түсінігі және мәні. Құқық көп жақты, күрделі құбылыс.

Сондықтан оған берілетін анықтамалар да сан қырлы. Құқық (жалпы әлеуметтік мағынада) тиісті мүмкіндіктердің заңда көрсетілген, көрсетілмегендігіне қарамастан адамгершілік, әдет-ғұрып тұрғысынан әрекеттің негізделуі мен еркіндік ретінде танылады. Құқықтың функционалдық анықтамасы – қазіргі кездегі экономикамен негізделген халықтың, көпшіліктің еркін білдіретін, нормативті анықталған және бұзылудан тәрбиелеу, сендіру және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қорғалатын, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаратын, құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру мақсатында қоғамдық келісім құралы болатын нормалар жүйесі ретінде көрсетеді.

Құқыққа мынандай белгілер тән: -еріктілік сипаты болады; -жалпыға бірдей міндеттілік күші танылған; -нормативтілік; -мемлекетпен қалыптастырылады және қорғалады; -жүйелілік; -қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарады.

«Құқық» термині екі мағынада: объективтік және субъективтік болып қолданылады, бірақ қай қайсысының да мағынасы толық ашылмаған. Бірінші мағынасында «құқық дегеніміз өмірдің заңдық тәртібі, мемлекетпен қорғалатын барлық құқықтық ережелердің жиынтығы», ал екінші жағдайда – құқық

дегеніміз «жеке тұлғаның нақты құқық өкілдігіндегі абстракттылы өреженің нақты көрініс табуы».

Құқық философия мен теория категориясы ретінде шынайы мазмұнды құрай отырып, инструменталдық роль атқарады. Құқық түсінігіне, шығу жолына, мәні мен мағынасына қатысты ғылымда сан алуан көзқарастардың болу мүмкін. Бірақ құқықты өмірде қолдануға келгенде міндетті түрде біркелкі ойдың, көзқарастың тұргысынан табылу керек. Егер құқық әртүрлі мағынада ұғынылатын болса, онда ол өзінің құндылығын, қоғамдық қатынастарды тұрақтандыру мен ретке келтірудегі ролін жоғалтушы еді. Құқық түсінудегі анықталғандық - қоғамдық қатынастардың анықталғандығы мен тәртібінің бастауы. Құқыққа деген әртүрлі көзқарастар қоғамды демократияландырумен үштасады, пікір плюрализміне сәйкес келеді. Субъективті, объективті факторлармен қатар, көзқарастардың көптігіне гносеологиялық та себеп бар. Таным барысында құбылыштың бір ғана жағына еліктеу, оны жоғары санап, өзгелерін жоққа шығару мүмкіндігі бар. Міне, осыдан құқықтың әртүрлі анықтамалары туындейдьы. Егер бір жақты анықтама өзгелерін алмастыруды мұрат тұтпаса, жалғыз дұрыс деген атауға ұмтылмаса, онда одан келетін еш жамандық жоқ. Құқықты терең түсіну үшін, егер ол шындыққа сәйкес келетін болса, кез-келген анықтама пайдалы. Ал, практикалық қолдану үшін құқықтың тұтас түсінігі болуы қажет.

Құқық мәнін анықтау барысында екі түрлі көзқарасты ескеру қажет. 1. Таптық қөзқарас, онда құқық экономикалық үstem таптың заңдастырылған еркін білдіретін, мемлекетпен кепілдендірілген нормалар жүйесі ролін атқарады. 2. Жалпы әлеуметтік қөзқарас бойынша құқық қоғамның әр түрлі топтарының арасындағы келістіруші ролін атқарады. Дегенмен де, құқық түсінігі тәріздес, оның мәнінің де жан-жақты көп қырлы екендігін естен шығармауымыз қажет. Осы тұрғыдан құқықтың діни, ұлттық, нәсілдік және тағы да басқа мәні болатындығын атап өту қажет. Құқық мәнін анықтайтын нормативистік, табиғи-құқықтық, тарихи-материалистік, әлеуметтік теориялар бар. Құқықтүсінушіліктің негізгі типтеріне мыналарды жатқызады: нормативистік; әлеуметтік юриспруденция; табиғи құқық теориясы; философиялық құқықтүсінушілік.

Құқық – қоғамның мемлекеттік еркін, оның жалпыадамзаттық және таптық сипатын көрсететін жалпыға міндетті, формальды-анықталған нормалар жүйесі; мемлекетпен шығарылады немесе санкцияландырылады және бұзылудан мемлекеттік мәжбүр ету мүмкіндігімен қорғалады; қоғамдық қатынастарды өкімдік-ресми реттеуші болады.(Байтін М.И.)

Құқық – көмегімен құндылық тағайындалымдар анықталынатын және бекітілетін, белгілі бір социумның өкілдерімен жалпы маңызды ретінде танылған және заңдық кепілдіктер жүйесі мен заңдық жауапкершілік шараларымен қамтамасыз етілген біртектестендірілген әрекет стандарттарының жиынтығы.(Ромашов А.И.)

Құқық – мемлекеттен бастау алатын және орындалуы онымен қамтамасыз етілетін әрекет тәртібі жүйесі. (Раянов Ф.)

Құқық нормалары. Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі- құқықтық нормалар. Құқықтық норма бұл мемлекетпен бекітілген, макұлданған іс-әрекет тәртібі. Құқықтық норма - заңда және басқа қайнар көздерде мемлекет құқық объектісінің заңды тыйым салынбаған әрекетін көрсететін өлшем ретінде саналатын жалпыға міндетті іс-әрекет тәртібі. Құқық нормаларына тән сипат жүйелік, формальды-айқындылық, жалпыға міндеттілік, әрекеттің көп мәрте қайталануы, адресаттардың белгісіздігі, мемлекеттің қамтамасыз етуі, белгілі бір құқықтар берумен қатар, міндеттер жүктеу.

Гипотеза, диспозиция, санкция әрекет тәртібі ретіндегі заңдық норманың құрылымдық элементтері. Гипотеза өмірлік жағдайларға сілтейтін солардың болуы арқасында оның диспозициясы жүзеге асатын заңдық норманың элементі. Гипотезаның көмегімен анықталған, абстрактілі әрекет варианты нақты өмірлік жағдайларға, субъектілерге, уақытқа жеке бекітіледі.

Диспозиция - құқықтық қатынастың қатысушылары орындауға тиісті әрекет тәртібіне сілтейтін заңдық норманың элементі. Диспозиция заңдық норманың тұп тамыры - әрекет тәртібі. Диспозиция әрқашан да құқықтық әрекеттің моделі. Осыған байланысты қылмыстық құқықтың кейде жалпы теоретикалық әдебиеттерінде гипотезаны диспозиция деп те атайды.

Заңдық норманың санкциясы оны логикалық аяқтайтын құрылымдық элементі. Құқықтық нормадағы санкцияның мазмұны заң әдебиетінде құқық бұзушы үшін пайда болатын мемлекеттік күштеу шаралары, жаза арқылы беріледі. Әрі осындай түсініктің шенберінде санкцияның ұғымының әр түрлі бейнесі көрсетіледі. Санкция жинақтық түсінік: а) онда ретроспективтік жауапкершілік шаралары; б) ескертпелік әсер ету шаралары; в) қорғау шаралары; г) субъектінің әрекетінің нәтижесінде пайда болған жағымсыз салдар жинақталады. Олардың мәндік және біріктірушілік ерекшеліктерін жағымсыз салдарға көрсетеді (материалдық, ұйымдастырушылық немесе жеке сипаттағы айырулар), бұлар нормада тағайындалған әрекет тәртібін бұзған немесе оларды орындаудан қашатын субъектілерге қатысты пайда болады. Санкцияның түрлері: абсолютті айқын, біршама айқын, балама санкциялар.

Құқық нормаларының тағайындалуы мен реттеу мүмкіндігі туралы толық түсінік нормаларды әртүрлі негізде жіктеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты құқық нормалары мынадай түрлерге бөлінеді: 1. реттеуші; 2. қорғаушы. Әрбір норма адамның еркіне, санасына ықпал етеді, оның іс-әрекетін реттейді. Сондықтан реттеуші нормалар құқық тағайындаушы, онда қоғамдық қатынастарға қатысушыларға берілетін құқықтар мен міндеттерді жүктейтін нұсқаулар бар. Осыған байланысты олардың әрекеті тікелей реттеледі. Қорғаушы нормалар құқықтық жауапкершілікті және басқа субъективті құқықтарды қорғайтын күштеу шараларын белгілейді. Бұл жерде адамдардың әрекетін реттеу жанама түрде асырылады. Құқық нормаларын қолданудың теориясы мен тәжірибесі үшін құқық нормалары мен олардың элементтерінің келесі жіктелуі неғұрлым маңызды .

- а) реттеу пәніне байланысты;
- б) қолдану аймағына байланысты;

- в) бағыныштылығына байланысты;
- г) құқық субъектілерінің әрекетіне әсер ету әдістеріне;
- д) нұсқау үлгілеріне байланысты;
- е) әрекет етуінің шегіне байланысты;
- ж) құрылуына байланысты.

Құқық нормалары құқықтық реттеу пәніне байланысты конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, экологиялық және т.б. болып бөлінеді.

Колдану аймағына байланысты нормалар жалпы, арнаулы және төтенше болып бөлінеді. Құқық нормалары нормада қалыптасқан тәртіпке байланысты міндеттеуші, өкілдік беруші, тыйым салушы және көтермелесуші нормалар деп бөлінеді. Құқық нормалары заң нормалары және заңға бағынышты акт нормалары деп бөлінеді. Нұсқау үлгілеріне байланысты құқықтық нормалар императивті, ұсынымдық, диспозитивтік болуы мүмкін..

Әрекет ету шегіне байланысты нормалар кеңістіктегі әрекетке байланысты жалпы және жергілікті, уақыт аралығындағы әрекетіне байланысты мерзімді және мерзімсіз, субъектілеріне байланысты жалпы, арнаулы, төтенше деп бөлінеді. Құқық нормаларының құрылышы бойынша реттеуші, дефинитивті, декларативті, өзге де нормалардың әрекетін реттейтін нормалар деп бөлуге болады.

Әдебиеттер: 1-20; 34, 44; 46; 50; 54-55; 72; 85; 87; 95; 109; 132; 135; 147-155; 156-168

6-тақырып. Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық түсінігі, мәні және қафидалары.
2. Құқық нормасының ұғымы және белгілері.
3. Құқық нормасының түрлері және құрылымы.
4. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы.

Тапсырма:

1. «Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары» - реферат
2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу.

Әдістемелік ұсыныс:

Курсант бірінші сұраққа дайындалу барысында құқық ұғымын анықтап, оның белгілерін түгендеп, олардың мазмұны жайында әнгіме қозғауды керек. Құқық мәнін қарастыру барысында 2 аспектіні ескеру қажет. Ол формальді және мазмұнды жақтары, құқық мәніне қатысты жалпы әлеуметтік және таптық бағыттарды бөліп көрсеті керек. Қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі ретінде құқықты тану. Құқықтың белгілеріне, мақсатына және құндылығына зер салу керек. Сонымен бірге, қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын, нормативтік

актілердің ішкі құрылышы құқықтың мазмұны мен негізгі элементтерінің ара жігін ажырата білу. Сондай-ақ, қоғамдық қатынастарды реттеуден, нормативтік негізде қоғамның тұрақты ұйымдастырылуына жете отырып, демократияның, экономикалық бостандықтың, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінетін құқықтың мәні мен тәсілдеріне де көніл бөлу қажет. Курсанттар аталмыш негізгі бағыттармен қатар, шенберінде діни, ұлттық және национальдік мұдделер, зандарда, заңға бағынышты актілерінде, құқықтық әдет-ғұрыптар мен нормативтік шарттарда ұstemшілік жасайтын құқық мәніне қатысты діни, ұлттық национальдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болатындақтарын естен шығармағандары жөн. Басқаша айтқанда, құқық мәнісі көп аспектілі. Ол тек таптық, жән жалпы әлеуметтік бастамаға келіп тірелмейді. Сондықтан да тарихи жағдайларына байланысты құқық байланысты құқық мәнісін қалайда болмасын жоғарыда айтылған бастаулардың біреуі қамтуы мүмкін.

Екінші сұраққа дайындалу барысында курсант ең алдымен мемлекет таныған және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальді анықталған жүргіс-тұрыс ережесі ретінде құқық нормасын таныту. Құқық нормасынан қоғамдық қатынастарға қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінен туындайтынын және осы ереже аталған субектілердің әрекеттерін реттеуге бағытталатынын көрсете білу керек. Құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі - заң нормасына анықтама беру. «Құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің айырмашылықтарын ажырату керек. Құқық нормасының белгілеріне көніл бөлу абзсал. Сонымен қатар, әлеуметтік және техникалық норма ұғымдарының басын ашып алып, әлеуметтік нормалардың ішінен құқық нормаларын жеке бөліп көрсетуі тиіс. Құқық нормасының белгілерін атап көрсетіп, солардың негізінде құқық нормасының ұғымын құрастыру қажет. Қазақстан Республикасының “Нормативтік құқықтық актілер туралы” (24.03.1998 ж.) заңында белгіленген құқық нормасының ұғымымен міндетті түрде танысу керек.

Үшінші сұрақты дайындауда курсант құқықтық реттеу пәні бойынша, құқықтық реттеу әдісі бойынша, ұйғарымдардың көрсетілу түрі бойынша, әрекет ету шегіне байланысты, кеңістікте әрекет етуіне байланысты, уақыт аралығындағы әрекетіне байланысты, субектілеріне байланысты топталуының мәнін түсіндіру. арналған кестедегі мәліметтерді қолдануы қажет. Оның функционалдық дербестігін қамтамасыз ететін қажетті элементтердің реттелген бірлігі ретінде құқық нормасының құрылымын анықтау. Құқықтық норманың құрылымындағы уш элемент: гипотеза (болжау), диспозиция (ұйғарым) мен санкцияға (өтем) сипаттама беру және олардың түрлеріне түрлі мысалдар арқылы қарастыру.

Курсант төртінші сұраққа дайындалу барысында құқық нормасы мен нормативтік акті бабы бір ұғымдар емес, сондықтан да олардың көп жағдайда сәйкес келмейтін себептерін анықтау. Құқық нормасы – бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан құралған жүргіс-тұрыс ережесі десек, ал, заң шығармашылық актісінің бабы – бұл құқық нормасының жүзеге асырылу қуралы, мемлекеттің ерік білдіру нысаны ретінде сипаттау. Құқық нормасы

нормативтік акті бабының мазмұны, ал, бап құқықтық норманың нысаны болып табылатынын және олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие болатынын дәлелдеу. Жүргіс-тұрыс ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасын логикалық құрылымының үш элементтің де нормативтік актінің бір бабына енгізу, не бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізу мүмкіндіктерін зерделеу. Кейде құқық нормасы элементтерін әртүрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсету. Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының үш түрін ажыратада білу., құқық нормасының нормативтік құқықтық акт бабының ара қатынасының мәнін ашуы тиіс. Нақтырақ айтсақ: а) құқық нормасы мен нормативтік құқықтық актінің бабы бір-бірімен теңдессе; ә) нормативтік құқықтық акті бабында бірнеше құқық нормасы бар болса; б) бір құқық нормасы бірнеше нормативтік құқықтық актілерде бар болса, әр жағдайға Қазақстан Республикасы зандарын қолдана отыра, мысал келтіру керек.

Әдебиеттер: 1-20; 34, 44; 46; 50; 54-55; 72; 85; 87; 95; 109; 132; 135; 147-155; 156-168

6-тақырып. Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: кесте толтыру

Құқық нормасының құрылымы.	Норма құрылымының түрлері.	Мысалдар

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс:

Курсант құқық нормаларының ұғымын, құқықтық реттеудің нормативті негізі ретінде ұғынуы қажет.

Құқық нормаларының басқа да әлеуметтік норма түрлерінен айырмашылығы, құқық нормаларының ішкі құрылышын, оның құрылымын анықтаған жөн.

Қазақстан Республикасы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстеріндегі баптарды қолдана отырып кесте құру қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 34, 44; 46; 50; 54-55; 72; 85; 87; 95; 109; 132; 135; 147-155; 156-168

6-тақырып. Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу қажет: құқық, құқық принциптері және құқық функциясы. әлеуметтік норма, техникалық норма, құқық нормасы, морал нормасы, қоғамдық бірлестіктердің нормасы, діни норма, гипотеза, диспозиция, санкция.

2. Конституциясының 4 бабын (әрекет етуші құқық)

3. Рефераттар дайындау:

- нормативтік көзқарас құқық түсінігі.
- социологиялық құқық түсіну
- психологиялық құқық түсінігі.

4. ҚР Конституциясынан және ҚҚ АК баптарындағы құқық нормалары құрылымын анықтау қажет (б.49, б.27); Қылмыстық кодекс (бап.101, бап.96).

5. Құқық нормасымен нормативті акті арақатынасын анықтау қажет.

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Құқық – бұл ...

- заң нормаларының жүйесі;
- әлеуметтік нормалардың жүйесі;
- әдет-ғұрып және салт-дәстүрлер жүйесі;
- моральдық нормалардың жүйесі;
- заң және моральдық нормалардың жүйесі.

2. Құқық – бұл ...

- ұзақ уақыт нәтижесіндегі әдет ретінде орындалушы тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі;

- діни дәстүрлерді қолдану кезіндегі міндетті мінез-құлық ережелері;
- белгілі-бір мемлекеттің сот шешімінің ережесі;
- жамандық, жақсылық, абырай және т.б. бар екендігін білдіретін өкілдерге байланысты қоғамда орнатылатын мінез-құлық ережесі;
- мемлекетпен құрылатын және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген әділеттілік туралы қоғам түсінігін бейнелейтін.

3. Көрсетілген құқықтың ұғымы ішінен табиғи құқық теориясына сәйкес келетін құқық – бұл ...

- мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген міндетті нормативтік актіде бейнеленген мемлекет еркі;

- өзінің құқық өкілдігін жүзеге асыруши, жеке және занды тұлғалардың қызметі;

- әділеттілікті, бостандықты, теңдікті бейнелейтін мемлекеттен тәуелсіз жоғары тұрақты әрекет етуші нормалар мен принциптер;

- рұқсат етілген және тыйым салынған, мүмкін және қажетті, занды және құқыққа қайшы өлшемі;

- қоғамда мемлекет етуші таптың еркіндігін бейнелеуші күрделі феномен.

4. Мына төмендегі анықтамалардың қайсысы құқық ұғымының мәнін толық және дәл білдіреді?

- қоғамның пікір күшімен қамтамасыз етілген сол қоғам мүшелеріне өз мінез-құлықтарына бағыт-бағдар ету үшін берілген ақыл-кеңестер, тілектер, ұсыныстар;

- өнеге және ізгілік принциптерінің жиынтығы, қоғам мүшелері өз болмыстарында бұларды басшылыққа алып отыруы тиіс;

- мемлекет белгілеген және мемлекетпен қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей мінез-құлық ережелердің жиынтығы;

- діни идеялар, өнегелік принциптер мен ізгілік өнегелердің бағыт-бағдарламары;

- адамдарың өз мінез-құлық, мінез-құлықтарында басшылыққа алып отыруы тиіс мақсаттың іс-әрекеттері мен дағдылары.

5. Құқық түсінігіне нормативтік көзқарастық негізі идеясы көрсетініз?

- құқық – бұл жалпыға міндепті, формальді – анықталған нормалар жүйесі, қоғамдық партияларды реттейтін, ерекше сипатқа тән, мемлекетпен санкцияланған және кепілдендірілген мінез-құлық ережесі;

- өзіне тән жазылған мінез-құлық ережесі ғана емес, сондай-ақ өзге де құқықтық құбылыстың мінез құлқы құқықтық сала, құқықтық қатынас, субъективтік құқықты қолдану актілері;

- құқық – бұл теңдік, еркіндік, ізгілік қадамдарына негізделген нормативке негізделген әділеттілік;

- құқық – мәдениет пен өркениеттің феномені;

- құқық адам табиғатынан, адами санасынан, жалпы өнегелік қағидалардан бастау алады, құқық негізгі өнегелік және құқықтық идеялар мен қағидалар, табиғи заңдар болып табылады.

6. Құқықтық норманың гипотезасының анықтамасы -

- бұл құқық нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік шарасы;

- бұл құқық субъектілерінің мінез-құлықының (мінез-құлқының) ережесі;

- бұл құқықтық нормалардың әрекет ету шарттары (жағдайлары);

- дұрыс жауабы жоқ;

- құқықтың әрекет ету шарты (жағдайы).

7. Құқық нормасы өзіне қандай элементтерді қосады -

- гипотезаны, жүріс тұрыстың (мінез-құлықтың) ережесін және диспозицияны;

- гипотезаны, диспозицияны және санкцияны;

- мінез-құлықтың (мінез-құлықтың) ережесін, диспозицияны, санкцияны;

- диспозицияны, гипотезаны, санкцияны және жауапкершілікті;

- гипотезаны, диспозицияны, санкцияны және мінез-құлықты.

8. Құқықтық норманың диспозициясының анықтамасы -

- бұл құқықтық норманың әрекет ету шартына (жағдайын- сілтейтін құқықтық норманың бөлігі;

- бұл құқық субъектілерінің мінез-құлық ережесі;

- бұл құқық нормаларын бұзғаны үшін жауап кершілік шарасы;

- бұл құқықты іске асыру нысандарының бірі;

- бұл құқық объектілерінің мінез-құлық ережесі.

7-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)

Сабак мақсаты: Құқық нысандарының ұғымы және түрлері, нормативтік-құқықтық актілер түсінігі және түрлері, заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері, нормативтік актілердің уақыты, кеңістік жағынан және тұлғалар бойынша қолданылуы бұл сабактың мақсаты болмақ.

Жоспар:

1. Құқық нысандарының ұфымы және түрлері.
2. Нормативтік-құқықтық актілер түсінігі және түрлері.
3. Зандардың түсінігі, белгілері және түрлері.
4. Нормативтік актілердің уақыты, кеңістік жағынан және тұлғалар бойынша қолданылуы.

Дәріс тезисі:

Құқық нысандары (қайнар көздері). Құқық теориясында осы мәселеге қатысты дау әлі де болса дамылдамай отыр. Даудың басы кейбір ғалымдардың нормативті актілер, әдет-ғұрыптар мен прецеденттерді құқық нысаны деп тануы мен екіншілерінің аталған құбылыстарды құқықтың қайнар көзіне жатқызуында десек жаңылмаймыз. Құбылысқа әртүрлі анықтама беру оның мәнінің сан қырлылығын білдіреді дей отырып, аталған екі көзқарасты да қолдауға болатындығын ескеру керек. Аталған қос түсінікті де қолдануға болады, дегенмен де алдымен олардың әрқайсысының жеке мазмұнын анықтау.

Құқық түп нұсқасы ретінде құқықтың пайда болуы мен әрекет етуін мүмкін ететін факторларды айтады. Бұндай факторларға мемлекеттің құқықшығармашылық әрекеті, халық еркі және қоғам өмірінің материалдық жағдайлары жатқызылады. Құқық қайнар көзі құқықты тану барысында да қолданылатын термин. Бұл жағдайда оның мазмұнын құқықтың тарихи ескерткіштері (Ману зандары, Орыс правдасы, Жеті Жарғы), археология мәліметтері, қолданыстағы құқық актілері, зандық тәжірибе, келісім-шарттар, құқықтанушылардың енбектері құрайды. Құқық қайнар көзінің бұдан да тар ауқымда қолданылатын түсінігі бар. Ол тәжірибеде нақты істі шешу барысында қолданылатын құжат. Бұнда мемлекеттік еріктің сомдалуын білдіретін құқықтың сыртқы нысаны көрініс табады.

Құқық нысаны – жалпыға бірдей міндетті, занды маңызы бар, қоғамда орын алған құқық нормаларын ұйымдастыру тәсілі. Құқық нысаны мынандай ерешеліктерімен айшықталады:

- азаматтардың нормативті бекітілген еркін бейнелейді, әлеуметтік-экономикалық базиспен негізделеді;
- халықтың саяси билігін бекітеді және қамтамасыз етеді, оның мұддесіне қызмет етеді;

Құқық нысанының негізгі 4 түрі танылған: прецедент, әлет-ғұрыптық құқық, нормативті акт, нормативті келісім.

Прецедент - құзіретті мемлекеттік органның белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімінің осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолданылуы. Прецедент әкімшілік және сот прецеденттері болып екі топқа бөлінеді. Англо-саксондық құқық жүйесінде қолданылады..

Әдет-ғұрып құқығы тарихи қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормаларына мемлекеттік мәжбүр ету күші тағайындалатын құқық нысанының бір түрі. Қазіргі кезеңде көбінесе діни-ғұрыптық құқықтық жүйелерде (мұсылман құқығы, иудаистік және индуистік құқықтарда) танылған.

Қазіргі Қазақстанда дүниежүзілік нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес азаматтық және банк құқығы салаларында істік айналым әдет-ғұрыптары қолданысқа енуде.

Нормативті келісім – субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сұруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны. Нормативті келісім - құқықшығармашылық субъектілерінің жаңа құқық нормасын қалыптастыратын келісімі. Нормативті актілермен қатар қолданылуы мүмкін.

Нормативтік-құқықтық акт. Нормативтік-құқықтық акт – құқық нормаларын бекітуге, өзгертуге немесе жоюға бағытталған, айқындалған тәртіpte қабылданатын мемлекеттік органның актісі. Үлкен екі топқа жіктеледі: зандар және заңға бағынышты актілер.

Заң - мемлекеттің жоғарғы өкілді органы немесе тікелей халықтық дауыс беру (референдум) арқылы қабылданған, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін реттейтін және жоғарғы зандық күші болатын Нормативтік-құқықтық акт. Оның белгілері.

- заң шығару билігі органдарымен немесе тікелей халықтық дауыс беруімен қабылданады;
- дайындау және қабылдау тәртібі Конституция мен парламент регламентімен анықталады;
- халықтың еркі мен мүддесін көздеуі қажет;
- барынша маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді;
- жоғарғы зандық күші болады.

Ол мынадан көрінеді: 1)өзге құқықтық актілердің барлығы заңдан бастау алуға және оған қарсы келмеуге тиісті, егер белгілі бір қайшылықтар болатын болса, заң ұstemдігі танылады; 2) зандар оны қабылдаған органнан басқа ешкімнің бекітуін қажет етпейді; 3) занды қабылдаған органнан басқа ешкім оны қайтарып алуға немесе өзгертуге хақысыз.

Заңның өзі зандық күшіне байланысты бөлінеді: конституциялық зандар, зандар. Конституциялық зандар қоғамдық және мемлекеттік құрылымның аса маңызды мәселелерін реттейді және парламенттің басым көпшілік (депутаттардың 2/3 бөлігінің) даусымен қабылданады.

Заңға бағынышты акт дегеніміз заң негізінде және заңға сүйене отырып қабылданатын, қоғамдық қатынастардың заңмен реттелмеген бөлігін қамтитын, міндеттілік күш болатын Нормативтік-құқықтық актінің бір түрі. Оның түрлері: Президенттің жарлықтары мен өкімдері; Үкіметтің қаулысы, Премьер-Министрдің өкімі; Министрліктер, ведомстволар мен мемлекеттік комитеттердің нормативті бұйрық, нұсқау, ережелері; Мемлекеттік биліктің жергілікті органдарының қаулылары мен шешімдері; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешім, өкім, қаулылары.

Құқық нормасы мен нормативтік-құқықтық акт бабы бір-біріне дәлме-дәл сәйкес келетін құбылыстар емес. Құқық нормасы гипотеза, диспозиция мен санкциядан тұратын әрекет тәртібі. Заң актісінің бабы мемлекеттік еріктің

көрініс табу нысаны, құқық нормасының жүзеге асырылу құралы. Құқық нормасы мазмұнды құраса, заң бабы оның нысаны болып табылады. Құқық нормасы мен нормативті акт бабының арақатынасы төмендегідей түрде болуы мүмкін:

- әрекет тәртібін мазмұндағы отырып, заң шығарушы құқық нормасының барлық үш элементін нормативті актінің бір бабына енгізуі мүмкін. Яғни, бір заң бабында бір құқық нормасы беріледі;
- нормативті актінің бір бабына бірнеше құқық нормасын енгізуі де мүмкін;
- құқық нормасының элементтерін сол нормативті актінің бірнеше баптарында беруі мүмкін;
- құқық нормасының элементтерін бірнеше нормативті актінің бірнеше баптарында беруі мүмкін.

Мазмұндалу тәсілдеріне байланысты құқық нормасы мен заң бабының үш түрлі арақатынасы танылған:

- 1) тікелей жазылу тәсілі; онда құқық нормасы нормативті акт бабында тікелей және нақты мазмұндалады;
- 2) сілтемелі жазылу тәсілі; бұнда құқық нормасының белгілі бір бөлігі осы нормативті актінің басқа бабына сілтейді;
- 3) бланкеттік жазылу тәсілі; онда норманың белгілі бір бөлігі өзге нормативті актіге немесе актілерге сілтенеді.

Нормативті актілер әрекеті кеңістік, уақыт және адамдар арасында таралады. Нормативті актілердің кеңістіктегі әрекеті территория ұғымымен анықталады. Нормативті актінің қабылдаған органның құзіреті қандай аумақта міндетті болса, актілер сол аумақта орындалады. Қазақстан Республикасының аумағына оның құрғактағы аумағы, ішкі және территориялық сулар, әуе кеңістігі, жер қойнауы жатады. Сондай-ақ, шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің аумағы, ашық теңіздегі сауда кемелері мен әскери кеме, әуе кемесінің іші мемлекет аумағы ұғымына кіреді. Сондықтан, аталған жерлерде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге заңға бағынышты актілерінің юрисдикциясы жүреді.

Нормативті актілердің уақыт аралығындағы әрекеті оның заңдық күшіне енүі және заңдық күшінен айырылуы түсініктерімен беріледі. Заңның уақыт аралығындағы әрекеті үш түрлі қағидаға сәйкес жүреді.

1. Заңның тікелей әрекеті. Қазақстан Республикасының заңдары қабылдағаннан кейін заңмен немесе Парламент палаталарының қаулыларымен өзге тәртіп анықталмаса, 10 қун мерзім ішінде заңдық күшіне енеді де содан кейін пайда болған қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Заңның кері күші. Заңның кері әрекеті немесе кері күші деп заңның заңдық күшіне енгеннен кейін де, соған дейін де пайда болған қоғамдық қатынастарды реттеуін айтамыз. Жалпы қағида бойынша заңның кері күшін қолдануға болмайды. Заңға кері күш беру екі түрлі жағдайда мүмкін деп саналады. Біріншісі, егер заңның өзінде кері күші болу мүмкіндігі туралы

тікелей айтылатын болса, екіншіден, егер заң қылмыстық жауапкершілікті женілдететін немесе тіпті жоятын болса заңның кері күші танылады.

3. Заңның мерзімінен аса әрекет етуі. Кейбір жағдайларда заңдық күші жойылған заң актілері жаңа заң қабылданғанға дейін толықтай немесе белгілі бір бөлігінде қолданылуы мүмкін. Ол көбінесе азаматтық-құқықтық қатынастар аймағында қолданылады. Бірақ жалпы тәртіп бойынша бұндай заң әрекетіне де жол беруге болмайды. Сонымен, нормативті актілер мынандай жағдайларда заңдық күшінен айырылады:-актінің әрекет ету мерзімі аяқталғанда; -бұрынғы әрекет еткен актінің орнына жаңа акт қабылданғанда; -нақты органның актінің күшін жою туралы шешімі шыққанда.

Нормативтік-құқықтық актінің адамдар арасындағы әрекеті жоғарыда айтылған мәселелермен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының заңдары оның аумағындағы барлық мемлекеттік органдарға, кәсіпорын, мекеме, үйымдарға, ҚР азаматтарына, осы аумақта тұрақты немесе уақытша тұратын шет ел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға міндетті. Дегенмен де аталған қағидадан ауытқу кездеседі. Арнаулы актілерге байланысты мемлекет басшыларының экстерриториалық құқығы болады. Олар қай мемлекеттің аумағында болса да, тек өз елдерінің заңдарына бағынады. Депутаттардың, дипломатиялық өкілдіктердің арнаулы қызметкерлерінің иммунитеті танылған. Сондай-ақ, шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың саяси құқықтары шектелген.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 47; 50-51; 53; 60-61; 96; 98; 106; 108; 115-116; 127; 141; 147-155; 156-168

7-такырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)

Семинар –1 сағат

Жоспар:

1. Құқық нысандарының ұғымы және түрлері.
2. Нормативтік-құқықтық актілер түсінігі және түрлері.
3. Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері.
4. Нормативтік актілердің уақыты, кеңістік жағынан және тұлғалар бойынша қолданылуы.

Әдістемелік ұсныныс:

Бірінші сұраққа дайындалу барысында позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі оның формальды сипаты болып табылатын құқық нысандарына, құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру. Халықтың еркін қалыптастырудың екі жолы құқықшығармашылық пен санкциялаудың мәнін түсіндіру. Құқық нысандарының түрлері: нормативтік-құқықтық актілер, санкцияланған әдет-ғұрыптар, заңды прецедент, нормативтік шарт, құқықтың жалпы қағидалары, діни мәтіндердің мазмұны мен ара жігін ажырата білу. Сондай-ақ, есте ұстауды қажет етер жағдай, ол құқық теориясында қарастырып отырған ұғымға қатысты екі түрлі көз қарас қалыптасқан. Бірінші көзқарас, “Құқық нысандары” ұғымын (Щебанов А.Ф.

Форма советского права. М., 1968 ж.) дұрыс деп санаса, екіншісі “Құқық қайнар көздері” ұғымын (Зивс Л.С. Источники права. – М., 1981 ж.) артық көреді. Сіздер бұл ұғымдарды арнайы заң мағынасында қарастыру керек.

Дәстүрлі түрде құқық нысанының (қайнар көзінің) төрт түрі қалыптасқан: а) құқықтық әдет-ғұрып; ә) сottық (әкімшілік) ұлғі іс; б) нормативтік құқықтық акт; в) нормативтік шарт. Накты сұраққа жауап беруде құқық қайнар көзінің әр бір түрін сипаттау қажет.

Екінші сұраққа барысында нормативтік құқықтық акт – құқықтың негізгі қайнар көзі деген сөз тіркесін ашу керек. Нормативтік құқықтық акт ұғымы мен түрлерін жалпылай сипаттауда КР-ның “Нормативтік құқықтық актілер туралы” заңын (24.03.1998ж.) қолданған жөн. Кодекс, Ереже, Жарғы және т.б. сынды нормативтік құқықтық актілердің ерекшеліктерін анықтаңыздар. Нормативтік актілер құқық нормасының мазмұнын нақты бекітуге мүмкіндік беретінін, бұл бірыңғай саясатты жүргізуге, ерікті талқылауға және қолдануға жол бермеуге әкеп соқтыратынын, нормативтік актілер мемлекеттен қолдау табатынын, онымен қорғалатынын. Сонымен қатар, нормативтік акті талаптары бұзылған жағдайда бұзушылар заңын негізінде қудаланатынын және жазаланатынын түрлі мысалдармен түсіндіру. Қоғамның салалық қатынастарын реттеп басқаратын нормалар жиынтығы, нормативтік-құқықтық актілер – бұл құзыретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттардың заңды күшіне қарай екіге заңдар мен заңға сәйкес актілер ұғымына түсінік беру.

Ушінші сұрақта құқық теориясы бойынша заң – мемлекеттің және қоғамдық өмірдің әлде қайда маңызды саласын реттейтін және ерекше тәртіппен қабылданатын, жоғары заңдық күшке ие нормативтік-құқықтық акт екендігіне тоқтала кету. Сонымен қатар, заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіpte қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акті ретінде қарастырып, оның белгілеріне (қатаң, жоғары, міндетті) және түрлеріне (Конституция, конституциялық заңдар, ағымдағы заңдар және төтенші заңдар) көніл бөлген жөн. Сондай-ақ, заңдар әрекет ету мерзімі бойынша тұрақты заңдар мен уақытша заңдардың мағынасын түсіндіріп ету керек қойылған сауалдарға жауап іздеу тұрғысында қарастырған дұрыс: Заң қай және қандай уақыттан әрекет жасай алады? КР нормативтік құқықтық актілері қандай адамдарға қатысты әрекет (әсер) етеді. Накты сұрақты оқып қарастыру барысында заңын көрі күші механизміне, НҚА уақыттың саналу тәртібіне, актілердің заңды күшіне енуі мезгілін қарастыру керек.

Төртінші сұрақта нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістік және субъектілік шектері: нормативтік актілердің уақыттағы күші және оған байланысты жалпы ережелердің ішінде ерекше ереже: заңын көрі күші мен жана заңдағы арнайы көрсету бойынша жүзеге асуын мысалдар арқылы көрсетіп беру. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күшін мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістіктің, олардың үстіндегі аяу кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі

елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшактар танылатыны туралы мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: Заңың белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумактық ұғымына тоқталу. Заңың тұлғалар шенбері бойынша күші нормативтік талаптардың белгілі бір актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуында ауытқуышылықтарды айта кеткен жөн.

Тапсырма:

1. Зивстің «Источники права», Тихомировтің «Публичное право» еңбектерімен танысу
2. Нормативті актілердің уақыт, кеңістік және адамдар арасындағы әрекетіне мысалдар келтіру (жазбаша)
3. Тақырып көлемінде лекцияда қарастырылған сұрақтар бойынша түсініксіз мәселелерді талдау

КОӘЖ өткізу түрі: жазбаша, ауызша

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқық қайнар көздері тақырыбын зерттеу барысында дүние жүзілік құқық теориясында анықталған құқық нысандарының жалпы сипаттамасына тоқтала отырып, Қазақстан Республикасында басым түрде қолданылатын құқық нысаны ретінде Нормативтік-құқықтық актілерге басты назар аудару қажет. Нормативті актілердің белгілерін қарастырумен бірге, оның негізгі түрлері зандарға және занға бағынышты актілерге ерекше тоқтала кету керек. Тәлімгер құқық нысаны мен қайнар көздерінің арақатынасын білуге тиісті, құқық нысанының жеке түрлерін қарастырғанда құқықтық жүйелермен байланыстыра алуы шарт.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 47; 50-51; 53; 60-61; 96; 98; 106; 108; 115-116; 127; 141; 147-155; 156-168

7-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: кесте толтыру

№ 1 кесте

Құқық нысандарының (қайнар көздерінің) түрлері.	Құқық нысандарының (қайнар көздерінің) мысалдары.

№2 кесте

Нормативтік актілер шығаратын органдар.	Нормативті актілердің түрлері.

Әдістемелік ұсыныс:

Курсант құқық нысандарын (қайнар көздерін) оқи отыра құқық нысандарының не екендігіне көзі жетіп, құқық қайнар көздерінің түрлерін білулері тиіс.

Оқып қарастыру негізінде тиісті кестені толтырындар:

Курсанттарға Қазақстан Республикасының “Нормативтік актілер туралы” Заңын оқып, Заңның 1 бабын мұқият қарап шығып, конспектілеп, ондағы мынандай ұғымдардың басын ашу керек: зан, кодекс, ереже және т.б. Мысалдар келтіру керек.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 47; 50-51; 53; 60-61; 96; 98; 106; 108; 115-116; 127; 141; 147-155; 156-168.

7-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу қажет: құқық нысаны, құқықтық әдет ғұрып, соттық прецедент, нормативтік құқықтық актілер, нормативтік шарт. Оқып конспектілеу «ҚР нормативтік құқықтық актілер туралы» 24.03.98ж. өзгертулер мен толықтырулар 2001ж. және 06.03.2002 ж.
2. Төмендегідей тақырыптарда рефераттар дайындау
 - сот прециденті құқық қайнар көзі ретінде;
 - уақыттағы, кеңістіктегі және тұлғалар арасындағы нормативтік-құқықтық актілердің әрекет етуі;
 - нормативті шарт құқық қайнар көзі ретінде.

Озіндік бақылау материалдары:

1. Құқықтың негізгі нысандарын (қайнар көздерін) атаңыз -
 - зандық актілер, жарлықтар, құқықтық әдет-ғұрыптар, сот (әкімшілік) шешім;
 - нормативтік акт, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ырымдар, соттық (әкімшілік) өнеге (прецедент);
 - нормативтік акт, құқықтық әдет-ғұрыптар құқықтық актілер, сот үкімі;
 - нормативтік акт, құқықтық әдет-ғұрып, нормативтік шарт (келісім), соттық (әкімшілік) прецедент;
 - дұрыс жауабы жоқ.
2. Заң бұл -
 - мемлекеттік және қоғамдық өмірдің ең маңызды салаларын реттейтін және ерекше тәртіpte қабылданатын, жоғары зандық күші бар нормативтік-құқықтық акт;
 - заңның күші берліген, әдетке кірген мінез-құлықтың (мінез-құлықтың) тарихи қалыптасқан ережесі;
 - мемлекет жалпы міндетті мән берген, мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз еткен және белгілі құқықтық актілерде бекіткен тарихи қалыптасқан мінез-құлықтың (мінез-құлықтың) ережесі;

- мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалатын мінез-құлықтың (мінез-құлықтың) жалпы міндettі ережесі;

- дұрыс жауабы жоқ.

3. Сот өнегесі (прецедент) құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады:

- романо-германдық құқықтық жүйеде;

- кеңес (советтік) құқығының отбасында;

- діни құқықтық жүйеде;

- әдеттегі құқық жүйесінде;

- англосаксондық құқықтық жүйеде.

4. ҚР-дағы әкімдер Конституцияға сәйкес өз құзыретіне жататын мәселер бойынша қабылдайды -

- шешімдер мен өкімдер;

- шешімдер мен бұйрықтар;

- өкімдер мен нұсқаулар (директивы);

- қаулылар мен заңдар;

- бұйрықтар мен қаулылар.

5. “Өзінде заңдық нормалары бар құқықшығар-машылық нәтижесінде құрылған мемлекеттің ресми құжаттары” деген анықтамаға сәйкес болатын ұғымды көрсетіңіз

- әдет-ғұрып;

- санкцияланған әдет-ғұрып;

- сот өнегесі (прецедент);

- заңдық доктрина;

- нормативтік акт.

8-тақырып. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылық

Сабак мақсаты: Құқық шығармашылық ұғымы, түрлері және қағидалары, Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі, нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі мен түрлерінің маңызын жеткізу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендірудің түсінігі, түрлері мен қағидалары.

2. Құқық шығармашылық ұғымы, түрлері және қағидалары.

3. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі.

Дәріс тезисі:

Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу мақсаты құқықтық материалды тәртіпке келтіру, оларды анықталған белгілеріне байланысты топтастыру болып табылады. Жүйелеу қажетті нормативті актіні іздеуді жеңілдетеді және заңдылық талаптарына жауап береді. Бұл тұргыдан, нормативті актілерді сыртқы жүйелеуді айтамыз. Ішкі сипаттағы жүйелеу құқықтық нормалардың ішкі бірлігіне жетуге, яғни құқықтағы қайшылықтар мен ақаулықтарды жоюға бағытталған.

Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу деп жинақтар немесе кодекстер түрінде нормативтік-құқықтық құжаттарды белгілі бір тәртіппен ұйымдастыру, ретке келтіруді айтамыз. Ол заң шығарушыға, құқық қолданушыға, азаматтарға қажетті әрекет. Құқықтық мәліметті ғылыми негізделген жүйелеу құқық шығармашылық органдарына қысқа мерзімде әрекеттегі заңнаманы бағалауға, олардың қайшылықтарын, келіспейтін тұстарын, құқықтық реттеудегі ақаулықты анықтауға және оларды жою шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Заңнаманы жүйелеу құқық қолданушының қауырт енбегін женілдетеді, қажетті норманы тез табуға және оны талқылауға көмектеседі. Заңнама қоғам мүшелеріне белгілі болуға тиісті. Олар тұпнұсқалардан өздерінің құқықтары мен міндеттерін біліп отыруы қажет. Бұл тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеруге негіз болады. Құқықты жүйелеу ғылыми қағидаларға негізделуі тиіс және ғылыми тәсілдерді қолдануы қажет.

Нормативті актілерді жүйелеудің үш түрі танылған: кодификация, инкорпорация және консолидация.

Кодификация – нормативтік-құқықтық актілердің ішкі мазмұнымен қатар, сыртқы үлгісін де өзгерту жүргізілетін жүйелендірудің бір түрі. Кодификациялау барысында нормативті актілерді жіктеу ғана жүзеге асырылмайды, сонымен қатар оның мазмұнына мәнді өзгерістер мен толықтырылуар енгізіледі, ескірген қағидалар мен нормалар жойылып жаңалары қосылады. Кодификация тек құқық шығармашылық өкілеттілігі бар органдармен жүзеге асырылады және құқық шығармашылықтың бір түрі болып табылады. Кодификация түрі реттінде заңнама негіздерін және негізгі бастауларын, кодекстер мен жарғыларды атауға болады. Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі кезеңінде басым түрде кодекстер қолданылады. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі.

Инкорпорация – Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнын өзгерпестен, тек оның сыртқы үлгісі өндөлетін жүйелендірудің бір түрі. Инкорпорация жүйелендірудің ең қарапайым және кең таралған түрі болып табылады. Онда нормативті актілер реттейтін қоғамдық қатынастарының сипатына немесе тақырыптарына байланысты (жүйелік инкорпорация), сондай-ақ, қабылдану мерзіміне байланысты (хронологиялық инкорпорация) топтастырылады. Инкорпорация реттеу пәніне байланысты барлық заңнаманы қамтитын болса, бас инкорпорация деп аталады, егер тек белгілі бір бөлігіне ғана қатысты болатын болса, жеке инкорпорация делінеді. Инкорпорация оны жасайтын органдардың сипатына байланысты ресми немесе биресми түрге бөлінеді. Ресми инкорпорация құзіретті органдармен (Парламент, Үкімет және т.б.) жүргізіледі. Биресми инкорпорация ұйымдар және жеке тұлғалармен өз ынтасына, қажеттігіне байланысты жүргізіледі. Олар анықтамалық-мәліметтік қызмет атқарады.

Консолидация – нормативті актілерді олардың мазмұнын өзгерпестен, дербес заңдық маңызын жоя отырып, біртұтас актіге біріктіру жолымен жасалатын жүйелеудің бір түрі. Ол кодификацияның да, инкорпорацияның да белгілеріне ие болатын аралық звено. Оның барысында бірнеше нормативті акт

нормаларының логикалық кезектілігімен, қайталаулар мен қайшылықтар жойыла отырып, бір актіге біріктіріледі. Кейбір баптарының жаңа редакциядан өтуі де мүмкін. Бірақ, консолидация қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге мәнді өзгеріс енгізе алмайды. Консолидация нәтижесінде заңнама жинақтары жасалынады, көбінесе, олардың ресми сипаты болмайды. Консолидация актілері әдетте, мемлекеттік және қоғамдық әрекеттің тиісінше аймағында әрекет ететін тұлғалар үшін зандық көмекші құрал ретінде қолданылады.

Құқықшығармашылық.

Әрбір мемлекет қоғамдық қатынастарда құқық нормасында реттелетін, қамтамасыз етілетін, қорғалатын және сақталатын зандылық және құқықшығармашылық көмегі арқылы анықталған тәртіп орнатады. Құқықтық аймақтағы шығармашылық – мемлекеттік еріктің заңға айналуын білдіретін мемлекеттік әрекет, құқық қалыптастыру үрдісінің соңғы, қорытындылаушы кезеңі. Құқықшығармашылық - занды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың занды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процессынің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметі. Оның белгілер:

- белсенді, шығармашылық, мемлекеттік әрекет болып табылады;
- нәтижесінде басым түрде Нормативтік-құқықтық актілерде орын алатын зандық нормалар қалыптастырылады;
- қоғамды басқарудың маңызды құралы;
- құқық шығармашылық деңгейі мен мәдениеті қоғамдағы демократия мен өркениеттіліктің бейнесі болып табылады.

Құқықшығармашылыққа мынандай қағидалар тән: ғылымилық (нормативті актілерді дайындау барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды зерттеу қажет); кәсібілік (арнаулы мамандар айналысуы керек); зандылық (заңға сәйкес және заң негізінде орындалуы); демократизм (азаматтардың қатысу дәрежесін көрсетеді); жариялышық (қоғамның мәліметтік хабарлылығын көрсетеді).

Құқықшығармашылық күрделі әрекет болғандықтан біртекtes болуы мүмкін емес. Сондықтан ол әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Субъектілерінің сипатына байланысты былай бөлінеді:

1. Халықтың тікелей құқықшығармашылығы. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша тікелей халықтық дауыс беру (референдум) жолымен зандар қабылданады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы тікелей халық еркімен қабылданған акт.

2. Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы. Қазақстан Республикасында Нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау құқығына Қазақстан Республикасының Парламенті, Президенті, Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар ие.

3. Қоғамдық ұйымдардың құқықшығармашылығы немесе санкцияланған құқықшығармашылық. Мемлекет белгілі бір жағдайларда

қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы мүмкін.

Құқық шығармашылық маңыздылығына байланысты заң шығару және заңға бағынышты актілерді шығару деп екі үлкен топқа жіктеледі. Заң қабылдау құқығына мемлекеттегі ең жоғарғы өкілді орган құзіретті болады және оның актілерінің жоғарғы заңдық күші танылады. Заңға бағынышты нормативті актілерді қабылдау Президентке, үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік комитеттерге, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшыларына берілетін құқық.

Құқық шығармашылық процесі кезектілікпен жүргізіletін ұйымдастырушылық әрекеттердің жиынтығы, нормативті актілерді жасау және оның нұсқауларын адресаттарға жеткізу технологиясы. Заңшығармашылықтың бірінші кезеңі заң жобасын дайындау болып табылады. Заңдық бастамашылық - конституцияда анықталған, соған өкілеттілігі бір белгілі бір субъектілердің заң жобасын дайындалап, оны заң шығарушы органға енгізуі және оның заң жобасы бойынша шешім қабылдау міндеттілігі. Қазақстан Республикасында заңдық бастамашылық құқығы КР Үкіметі мен Парламент депутаттарының тобына берілген. Екінші саты заң жобасын талдау деп аталады. Ол парламенттің төменгі палатасында – Мәжілісте заң жобасын ұсынған субъектінің баяндамасын тыңдаумен басталады. Аса маңызды заң жобалары бүкілхалықтық талдауға түседі. Заң жобасын талдау бап бойынша немесе толықтай түрде жүзеге асырылады. Ушінші саты заңды қабылдау сатысы. Заң алдымен Мәжілісте, сонынан Сенатта қабылданады. Заң қабылдаудың екі түрлі тәртібі бар: заңдар көпшілік даусымен, яғни депутаттардың $50\% + 1$ дауыс жолымен немесе конституциялық заңдар басым көпшілік даусымен, депутаттардың үштен екі бөлігінің даусымен қабылданады. Парламент палаталарымен қабылданған заң актілері Президенттің қол қоюына жіберіледі. Қол қойылған заңдар іске асырылады. Тәртінші саты заң актілерінің жарық көрүі және заңды күшіне ену сатысы деп аталады. Жарияланбаған заңдар қолданылмайды. Қазақстан Республикасында ресми жариялану органдары ретінде Парламент жаршысы, Президент пен үкімет актілерінің жинағы, Егеменді Қазақстан танылған. Заңдардың заңды күшіне енуінің арнаулы тәртібі «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» заңда көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығарушылық процесс - Қазақстан Республикасының Конституциясы (61, 62 бап.), 16.10.1995ж. қабылданған «КР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» КР Конституциялық заңының 3-тaraуымен және «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері туралы» КР 24.03.1998ж. заңымен реттелетіндіктен, оларға барынша сүйене отырып, қажетті тұстарын конспектілеу керек. Заң шығару процесінің: заң шығару бастамасы, заң жобасын талқылау, заңды қабылдау, заңды жариялау кезеңдеріне және ондағы процедуралар мен ерекшеліктерге аса назар салған жөн.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 60; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

8-тақырып. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылық

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі мен түрлері.
2. Құқық шығармашылық ұғымы, түрлері және қағидалары.
3. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ барысында нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіруде заңнаманы қолдану ынғайлылығын арттыру үшін көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету маңызын білу қажет. Жүйелеудің түрлері: инкорпорация, оның қағидалары: инкорпорацияны түрлерін бөліп қарастыра отырып, консолидация. оның инкорпорациядан айырмашылығы, ал консолидацияның ерекшелігі туралы зерделеп, кодификация, кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі кодекс болып табылатынын, заңдарды кодификациялау жалпылай, салалық, арнайы түрлеріне назар салыңыз.

Екінші сұрақты оқып қарастыру барысында құқық шығармашылық құзыретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметінің маңыздылығын білу керек. Сонымен қатар құқық шығармашылықтың белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызметті білдіретінін, оның негізгі өнімі нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары, бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы екендігін, мұнда оның даму бағдарламасы қалыптасып, маңызды мінез-құлық ережелері қабылданатынын, құқышығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы қоғамның өркениеттілігі мен демократиялығының көрсеткіші болатынына көз жеткізу. Субектілердің түріне қарай құқық шығармашылық түрлері: референдум - жүргізу; құқық орнықтырушы қызметі; мемлекеттік санкциялау сипаттамаларына мысалдар келтіру абзал. Әсіресе, құқық шығармашылық қағидалары: ғылыми, кәсібиілік, заңдылық, демократиялық, жариялышық сынды тұжырымдамаларды жанжақты, қысынды ой-пікірлермен бөліскең дұрыс. Үшінші сұрақты қарастыру, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау процедуралар мен ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығарушылық процесс - Қазақстан Республикасының Конституциясы (61, 62 бап.), 16.10.1995ж. қабылданған «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 3-тaraуымен және «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері туралы» ҚР 24.03.1998ж. заңымен реттелетіндіктен, оларға барынша сүйене отырып, қажетті тұстарын конспектілеу керек. Заң шығару процесінің: заң шығару бастамасы, заң жобасын талқылау, заңды қабылдау, заңды жариялау кезеңдеріне және ондағы процедуралар мен ерекшеліктерге аса назар салған жөн.

Тапсырма:

1. «Зандық техника, оның құқықшығармашылық қызметтегі маңызы» тақырыбында реферат жазу.
2. Кодификация түсінігі және ерекшеліктерін ашу
3. Консолидациялық актілерді дайындау өзгешелігі туралы

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқықшығармашылықты сипаттау барысында басты назарды заңшығармашылық үрдісінің сатыларына, әрбір сатының мазмұнына аудару қажет. Зандық техника мәселелерін де қараусыз қалдыруға болмайды. Зандық техника деңгейі құқықтық мәдениет дәрежесін көрсетеді. Зандылықты сақтау мен құқық тиімділігі сол арқылы анықталады. Қазіргі кезде құқық техникасын жай сақтап қана қою жеткіліксіз, сонымен бірге заңнаманың жалпы стилін де ұстану керек.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 60; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

8-тақырып. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылық

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма:

Оқып қарастыру негізінде тиісті кестені толтырындар:

№ 1 кесте.

Құқық шығармашылығы сатылары көздерінің) түрлері.	Құқық шығармашылығына мысалдары.

№2 кесте.

Нормативтік актілерді жүйелендіру түрлері.	Нормативті актілердің түрлері.

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс: тапсырманы орындау алдында әдебиеттер тізімінде белгіленген нормативтік-құқықтық актілермен танысып, қолдана отырып кесте толтыру қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 60; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

8-тақырып. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылық

КОӘЖ – 3 сағат

Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:

1. Терминологиялық сөздік жазу қажет
2. ҚР Парламент депутатары құқықтық мәртебесі туралы занды конспектілеу 16.10.95ж. өзгерістермен толықтырулар мен бірге 06.05.99 ж.

Өзіндік тексеру материалдары:

1. ҚР Парламентінің зандарын өзгерту мен толықтыру тәртібі қандай?

- өзгертулер ҚР Президентінің Жарлықтарымен енгізіледі;
- оларды қабылдау тәртібіне ұқсас;
- қоғамдық пікірлерді (ойларды) сұрастыру негізінде;
- референдум нәтижелерінің негізінде;
- жұмыс тәртібінде, Парламент палаталарында дауыс бермей енгізіледі.

2. Заң шығару процессынің негізгі сатылары -

- жобасын шығару, оны талқылау және жариялау;
- заң шығару бастамасы, бекіту және басылымға шығару;
- заң шығару бастамасы, жобаны талқылау, қабылдау және басылымға шығару;
- заң шығару бастамасы, жобаны талқылау, бекіту және басылымға шығару;
- жалпы халықтық талқылау мен референдум жолымен қабылдау және оны басылымға шығару.

3. Заң шығару бастамасы -

- ресми емес дауыс беруді жүрізбей қатысушылардың жалпы келісімі негізінде шешім немесе шарт мәтінін қабылдау;
- заң шығарушы органдарға, бұл органдардың заң жобасын талқылау және сол ойынша шешім қабылдау міндетіне әкеп соғатын, заң жобасын енгізу құқығы;
- нормативтік-құқықтық актінің жобасын дайындау және оны заң шығарушы органға енгізу (беру);
- заң жобасын жоғары өкілдік органдада талқылау құқығы;
- құқық субъектілерінің қызметінде заң нормаларының алдын ала жазбаларын нақтылы көрсету, жүзеге асыру.

4. Құқық институты – бұл ...

- құқықтың алғашқы клеткасы, құқықтық норма;
 - құқық салалары;
 - бүтіндей құқық;
 - қоғамдық қатынастардың айқын түрлерін реттеуші, құқықтық нормалар тобы;
 - құқық қызметі
5. Субъекті бойынша құқық шығармашылық түрлерін бөлініздер -
- халықтың тікелей құқық шығармашылығы (референдум);
 - мемлекеттің лауазымды адамдарының құқық шығармашылығы;
 - мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы;
 - мемлекеттің құзыретті адамдарының құқық шығармашылығы;
 - барлық тізілгендері.

9-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі

Сабак мақсаты: Құқық жүйесі ұғымы және оның элементтері, құқықтық реттеу пәні мен әдістері, құқық салаларына жалпы сипаттама, құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің қатынасының маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық жүйесі ұғымы және оның элементтері.
2. Құқықтық реттеу пәні мен әдістері. Құқық салаларына жалпы сипаттама.

Дәріс тезисі:

Құқық жүйесі объективтік құбылыс қоғамның диалектикалық даму процесінің объективтік заңдылықтары арқылы өмірге келетінін айту қажет. Қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару процесінде нормативтік актілер саласалаға, жүйе-жүйеге бөлініп дамып, құқық жүйесі қалыптасып жатса, заң шығару жүйесінің өмірге келу жолы басым түрде субъективтік процесс арқылы қалыптасатынын білу керек. Парламент арқылы құқықты құрастыратын (қалыптастыратын) нормативтік актілердің жиынтығы (негіздері) ретінде заң жүйесін сипаттау. Нормативтік актілерсіз, заңсыз құқық болмайды, сондықтанда заң жүйесі мен құқық жүйесі бір-бірімен тығыз байланыстырылығын айыра білу. Заң шығару жүйесінің негізгі салаларына да көніл бөлу қажет. Құқық және заң жүйелерінің даму бағыттары құқық пен заңның дамуы қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларға тікелей байланысты екенін анықтау. Құқық жүйесі – құқықтың құрамдас бөліктерінің ішкі өзара сәйкестігі мен бірлігін көрсететін және объективті түрде оны салалар мен институттарға бөлетін, қоғамның экономикалық құрылышына негізделген құқықтың ішкі құрылымы. Құқық мазмұны оның нормалары болатындықтан, құқық жүйесін де белгілі түрде құрылған және өзара байланысты құқық нормалары құрайды. Құқық жүйесіне бірлік, дербестік, объективтілік тән болады. Құқық жүйесі және заңдар жүйесі. Құқық мазмұны бойынша әлеуметтік-экономикалық құрылым табиғатына сәйкес келетіндігі, халықтың өмір сұру деңгейін көрсетіндігі және ұлттық, әлемдік мәдениеттің жемісі екендігі, адам әрекетінің әмбебап реттеуші болып табылатындығы белгілі. Ол нысаны бойынша тиісінше ұйымдастырылуға тиісті, іштей келісімде болуы керек. Құқық, осы тұрғыдан арнаулы-зандық реттеуші жүйені құруға тиісті, яғни жүйелік сипаты болуы шарт. Құқық жүйесі оның қандай құрамдас бөліктерден тұратындығын және олардың өзара байланысын көрсетеді.

«Құқық жүйесі» мен «құқықтық жүйе» ұғымдарын шатастыруға болмайды. Қоғамның құқықтық жүйесі кең мағынадағы құбылыс, ол құқық жүйесінен басқа, заңдық практика мен ұstem құқықтық идеологияны қамтиды. «Құқық жүйесі» және «құқықтық жүйе» бөлшек пен тұтас тәрізді арақатынаста.

Құқықтық реттеу пәні – құқық нормаларымен реттелінетін қоғамдық қатынастар. Құқықтық реттеу пәні ретінде кез-келген қатынас бола алмайды, оларға мынандай белгілер тән болуы қажет:

- тұрақтылық және оқиғалар мен адам әрекетінің қайталанбалығымен сипатталуы қажет;
- мемлекеттік-құқықтық (сыртқы) бақылау мүмкіндігі болуға тиісті;
- реттелінуіне объективті қажеттілік болуы керек.

Құқықтық реттеу пәні - құқықты салаларға бөлудің маңызды өлшемі. Себебі, қоғамдық қатынастар объективті өмір сүреді және олардың анықталған сипаты тиісінше құқық нысанын талап етеді. Дегенмен де, құқықтық реттеу пәні бірден-бір өлшем бола алмайды. Өйткені, оны құрайтын қоғамдық қатынастар жан-жақты және кейде бір қоғамдық қатынас әртүрлі құқық саласымен және әртүрлі тәсілдермен реттелінеді. Сондықтан, құқықтық реттеу әдістері екінші (қосымша) өлшем ретінде беріледі. Пән құқықтың нені реттейтіндігін көрсетсе, әдістер қалай реттейтіндігін білдіреді. Пән материалдық өлшем болса, әдіс формальды-зандық өлшем болып табылады.

Құқықтық реттеу әдісі – біртекtes қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асыруға көмектесетін зандық құралдар жиынтығы. Құқықтық реттеу әдістері императивті, диспозитивті, көтермелесу, ұсынымдық әдістер болып жіктеледі.

Құқық саласы – біртекtes қоғамдық қатынастарды реттейтін зандық нормалардың тәртіпке келтірілген жиынтығы. Сала құқық жүйесінің барынша үлкен бөлігі болып табылады. Қоғамдық қатынастардың сапалы біртектілігі, арнаулы белгілері тиісті құқық саласын қалыптастыруға негіз болады. Құқық саласы сала бөліктерінен, институттарынан, нормаларынан құралады.

Құқық саласы жалпы және ерекше бөлімдерден құралады. Жалпы бөлімге ерекше бөлімнің барлық институттарына тиісті болатын ережелер кіреді. Ерекше бөлімде олар нақтылана түседі.

Сала бөлігі – құқық саласына кіретін бір тараудағы қатынастарды реттейтін құқық жүйесінің бір бөлігі. Әрбір құқық саласының өзіне тән құқықтық бөліктері (бөлімдері) болады.

Құқық институты – құқық нормаларының жиынтығынан тұратын, бір топтағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, құқық саласының құрамына кіретін құқық жүйесінің құрамдас бөлігі.

Құқық институттары мазмұны бойынша қарапайым және құрделі институттар болып екі топқа жіктеледі. Қарапайым институт құқықтың тек бір саласының зандық нормаларын қамтиды. Құрделі институт әртүрлі құқық саласының құрамына кіретін, бірақ өзара байланысты туыс нормалар жиынтығы. Құқық институттары материалдық және процессуалдық, қорғаушы және реттеуші болып та бөлінеді.

Құқықты жеке және көпшілік құқығына бөлу, олардың арақатынасы адам өмірінің барлық жақтарын: бостандық көлемі, жеке ынта, ерік дербестігі және мемлекеттің адам өміріне араласу шектерін анықтайды. Құқықты жеке және көпшілік құқығына бөлу мемлекеттің араласуына тыйым салынған немесе шектелген қоғам өмірі аймақтарын занды тануды білдіреді. Жеке құқық – тұлға мұддесін өзге жандармен қарым-қатынасында қорғайтын құқық. Ол мемлекеттің тікелей араласу құқығы шектелген салаларды реттейді.

Мемлекеттік көпшілік-құқықтық қатынастар жақтардың заңдық теңсіздігімен сипатталады. Оның бір жағы биліктік өкілеттіліктері бар мемлекет немесе оның органы болып табылады. Көпшілік құқығы аймағында қатынастар бір орталықтан, мемлекеттік билікпен реттелінеді.

Заңдық теория мен практикада «құқық жүйесі» және «заңнама жүйесі» ұғымдары әртүрлі мағына береді. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесі мазмұн мен нысан тәріздес арақатынаста болады. Заңнама жүйесі құқық жүйесінің көрінісі, оның объективтендірілген нысаны.

Құқықты реттеудің пәні – бұл әрқашанда құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қоғамдық қатынастардың көп түрлілігі осы қатынастарды реттейтін құқық нормалардың әртүрін, жиынтығын анықтау қажет. Қоғамдық қатынастар өзінің түрлеріне сәйкес қандай да бір белгілері бойынша салаларға немесе топтарға бөлініп, тиісті білгілі бір құқық нормаларының жиынтығымен, тобымен реттелетінін мысалмен келтіру. Құқықтық реттеудің әдісі – біртекті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қолданылатын заңи құралдардың жиынтығы екенін анықтау. Құқықтық реттеудің негізгі әдістері: императивтік, диспозитивтік, қолдау әдісі, ұсынбалы әдістерге сипаттама жасап, мысалдармен дәлелдеу қажет.

Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасы мынандай: құқық жүйесінің бастапқы элементі норма болса, заңнама жүйесінде – нормативті акт болады; құқық жүйесі мазмұн болса, заң жүйесі нысан; құқық жүйесі қоғамдық қатынастар сипатына байланысты объективті қалыптасатын болса, заңнама жүйесі заң шығарушының еркіне байланысты болатындықтан, субъективті; құқық жүйесі бастапқы, заңнама жүйесі туынды сипатта болады.

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

9-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі

Семинар-1 сағат

Жоспар:

1. Құқық жүйесі ұғымы және оның элементтері.
2. Құқықтық реттеу пәні мен әдістері. Құқық салаларына жалпы сипаттама.
3. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің қатынасы.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша құқық жүйесінің ұғымын оқып қарастыру мынандай жағдайларға назар аудартады, яғни ол құқық нормаларының ішкі келісімділігі мен тұптастығын және де олардың бір уақытта тиісті салалар мен институттарға бөлінуін пайымдайтын экономикалық, әлеуметтік құрылыштармен жағдайланған құқық құрылымы.

Құқықтық институттардың топтасуы көптүрлі. Құқық жүйесін салаға бөлу критериялары болып құқықтық реттеу пәні мен әдісі табылады. Құқықтық реттеу пәнінің құрылымына мынандай элементтер кіреді: реттелетін қоғамдық қатынастардың субъектілері мен объектілері; тиісті қатынастардың туындауына жағдай құқық жүйесінің құқықтың ішкі құрылымы, оның салаларға, бағынысты

салаларға және құқықтық институттарға бөлінуі туралы айта кеткен жөн. Құқық жүйесінің белгілеріне көніл бөлу керек. Құқық жүйесінің құрылымдық элементтері: құқық нормасы, құқықтық институт, құқық саласы, құқықтың бағынысты саласы болып табылатынына сипаттама жасау қажет туғызатын әлеуметтік фактілер; адамдардың тәжірибелі қызметі.

Екінші сұрақта құқықты реттеудің пәні әрқашанда құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қоғамдық қатынастардың көп түрлілігі осы қатынастарды реттейтін құқық нормалардың әртүрін, жиынтығын анықтау қажет. Қоғамдық қатынастар өзінің түрлеріне сәйкес қандай да бір белгілері бойынша салаларға немесе топтарға бөлініп, тиісті білгілі бір құқық нормаларының жиынтығымен, тобымен реттелетінін мысалмен келтіру.

Құқықтық реттеудің әдісі – біртекті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қолданылатын зәни құралдардың жиынтығы екенін анықтау. Құқықтық реттеудің негізгі әдістері: императивтік, диспозитивтік, қолдау әдісі, ұсынбалы әдістерге сипаттама жасап, мысалдармен дәлелдеу қажет. Мұнан соң құқықтың негізгі салаларына, (конституциялық, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, қылмыстық-процессуалдық, азаматтық-процессуалдық) қысқаша сипаттама беру керек. Құқық салаларының материалдық және процессыалдыққа топтасуын қарастыру керек. Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен сыртқы қатынасын жүзеге асыруының құқықтық нысаны болып табылатын халықаралық құқықты ерекше атауға болады.

Үшінші сұрақ бойынша құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің қатынасы. Құқық жүйесі объективтік құбылыс қоғамның диалектикалық даму процесінің объективтік заңдылықтары арқылы өмірге келетінін айту қажет. Қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару процесінде нормативтік актілер сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлініп дамып, құқық жүйесі қалыптасып жатса, заң шығару жүйесінің өмірге келу жолы басым түрде субъективтік процесс арқылы қалыптасатынын білу керек. Парламент арқылы құқықты құрастыратын (қалыптастыратын) нормативтік актілердің жиынтығы (негіздері) ретінде заң жүйесін сипаттау. Нормативтік актілерсіз, заңсыз құқық болмайды, сондықтанда заң жүйесі мен құқық жүйесі бір-бірімен тығыз байланыстырылып айыра білу. Заң шығару жүйесінің негізгі салаларына да көніл бөлу қажет. Құқық және заң жүйелерінің даму бағыттары құқық пен заңның дамуы қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларға тікелей байланысты екенін анықтау.

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасы құқық салаларына жалпы шолу
2. Тақырып көлемінде лекцияда қарастырылған сұрақтар бойынша өзекті мәселелерді талдау.

КОӨЖ откізу нысаны: ауызша

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқық жүйесінің құрылу қағидаларының ішінде дәстүрлі жүйе кең таралған. Осылан сәйкес келетін Қазақстан Республикасының құқық жүйесін сипаттауда құқық салаларын жетік білу аса маңызды.

9-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі

КОӘЖ - 1 сағат

Тапсырма:

- Құқық жүйесі ұғымы және оның мәні
- Құқық жүйесін қалыптастыруға дәстүрлі көзқарас (құқықтық реттеу пәні мен әдісі құқықты салаларға жіктеудің негізі ретінде)
- Құқық саласы, құқық бөлімі, құқықтық институт ұғымдары
- Көпшілік және жеке құқық
- Қазақстан Республикасы құқық салаларына жалпы шолу

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқық жүйесін теориялық ұғыну ұлттық құқықтық жүйелермен жұмыс жасау мүмкіндігін береді. Соңдықтан да, тақырыптың сұрақтарына жеткілікті назар аудару қажет. Құқық жүйесінің құрылу қағидаларының ішінде дәстүрлі жүйе кең таралған. Осыған сәйкес келетін Қазақстан Республикасының құқық жүйесін сипаттауда құқық салаларын жетік білу аса маңызды. Соның ішінде әрбір саланың құқықтық реттеу пәні мен құқықтық реттеу әдістерін білу тіпті де қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

9-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу қажет: құқық жүйесі, құқық нормасы, құқық институты, құқық саласы.
2. Жария құқығымен жеке құқық түсінігін ашып қосып көрсетініздер
- есепті шығару:
- сатып алу, сату шарты, азаматтық институт, көлік қылмыстары қандай құқық саласында жатады.

Озіндік тексеру материалдары:

1. Құқық жүйесінің анықтамасы -

- сол немесе басқа мемлекеттің құқығының ішкі құрылуы, құқықты өзара бір-бірімен байланысты және бөлшектелген жеке ішкі келісілген бөліктерге бөлу;

- сол немесе басқа мемлекеттің құқығының ішкі құрылуы, құқықты гипотеза, диспозиция және санкцияға бөлу;

- құқық нормасы, құқықтық институт, құқық саласы және сала асты құқығы;

- халық еркін құқық салаларына бөлу;

- ол немесе өзге мемлекеттің құқығының сыртқы құрылуы, құқықты өзара бір-бірімен байланысты және бөлшектелген жеке сыртқы келісілген бөліктерге бөлу.

2. Құқық жүйесінің ішіндегі біркелкі қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін реттейтін құқықтық нормалардың оқшауланған жиынтығы анықтамасына сәйкес ұғымды көрсетіңіз?

- құқық институты;
- құқық саласы;
- құқық жүйесі;
- құқық нормасы;
- құқық саласының бөлігі.

3. Құқық жүйесінің анықтамасы -

- сол немесе басқа мемлекеттің құқығының ішкі құрылуы, құқықты өзара бір-бірімен байланысты және бөлшектелген жеке ішкі келісілген бөліктерге бөлу;

- сол немесе басқа мемлекеттің құқығының ішкі құрылуы, құқықты гипотеза, диспозиция және санкцияға бөлу;

- құқық нормасы, құқықтық институт, құқық саласы және сала асты құқығы;

- халық еркін құқық салаларына бөлу;

- ол немесе өзге мемлекеттің құқығының сыртқы құрылуы, құқықты өзара бір-бірімен байланысты және бөлшектелген жеке сыртқы келісілген бөліктерге бөлу.

4. Құқық жүйесінің ішіндегі біркелкі қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін реттейтін құқықтық нормалардың оқшауланған жиынтығы анықтамасына сәйкес ұғымды көрсетіңіз?

- құқық институты;
- құқық саласы;
- құқық жүйесі;
- құқық нормасы;
- құқық саласының бөлігі.

5. Құқық жүйесінің құрылымды бөліктері -

- сала, салааралық құқықтық институт, құқық нормалары;

- құқық нормасы және сала;

- гипотеза, диспозиция және санкция;

- құқықтық жүйе, құқықтық мәдениет және құқық санасы;

- жеке, салааралық құқықтық жүйе, құқық нормалары.

6. Құқық жүйесінің салаларға бөлінуінің негізгі айырым белгілері -

- заң шығарушының (құқық шығармашылығы ісімен шұғылданатын органның) шешіміне байланысты;

- құқықтық реттеудің пәні мен әдісі;
- құқықтың қайнар көздерінің сипаты;
- құқықтық сана;

- іс жүзінде (практикад- қолданылуына байланысты.

7. Инкорпорация – бұл ...

- мазмұны қайта өндөлетін және жаңа нормативтік-құқықтық акт құрылатын нормативтік материалдарды реттеу;

- қоғамдық қатынастардың белгілі бір аумағын реттейтін құқық нормалары жүйелендірілген және біркітірілген заң актісі;
- заң шығарушиның ойын баяндау (айту) нысаны, оның мемлекеттік ерікті көрсету нысаны;
- нормативтік материалдың сыртқы өндөлуі ғана жүзеге асырылатын нормативтік материалды реттеу (алфавиттік, хронологиялық), бірақ актілердің мазмұндары өзгермейді;
- қоғамдық ұйымдардың, ведомстволардың белгілі бір қызметі реттелетін нормалары бар, ақпараттық – құқықтық акт.

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

10-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты

Сабак мақсаты: Құқық жүйесінің ұғымы, құқықтық жанұя және оларды топтастыру, романо-германдық құқықтық жанұя, англосаксондық құқықтық жанұя, мұсылман жанұя құқығы, әдет-ғұрып жанұя құқығының маңызы.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық жүйесінің ұғымы, құқықтық жанұя және оларды топтастыру.
2. Романо-германдық құқықтық жанұя.
3. Англосаксондық құқықтық жанұя.
4. Мұсылман жанұя құқығы.
5. Әдет-ғұрып жанұя құқығы.

Дәріс тезисі:

Құқық жүйесі көлемі жағынан өте кең және сонымен қатар, өзімен бірге занды тәжірибе мен құқықтық идеологияны да қосады. Басқаша сөзбен айтқанда, құқықтық жүйе мен құқық жүйесі бүтіндей бір жүйе ретінде өзара байланысады.

Құқықтық жүйе — бұл құқықтық шынайылықтың басқа белсенді элементтерімен, құқықтық идеологиямен және сот тәжірибесімен біртұтас қарастырылатын құқық. Осы үш элемент: зандар мен басқа да мемлекетпен танылған қайнар көздерден көрініс тапқан жалпыға міндетті нормалар жүйесі ретінде құқық, құқықтық сананың белсенді жағы — құқықтық идеология және сот тәжірибесі құқықтық жүйені құрайды.

Құқықтық жанұя — олардың көмегімен қоғамдық қатынастар реттелетін өзара байланысқан, келісілген және өзара әрекет етуші зандық құралдардың жиынтығы. Құқықтық жүйе түсінігінің белгілі бір мемлекеттегі құқыққа сипаттама берудегі маңызы зор. Бұл жағдайда ұлттық құқықтық жөнінде сөз болып отыр. Құқықтық жүйенің құқықпен қатар қай элементінің не сот тәжірибесінің, не құқықтық идеологияның ерекше рөлге ие болуына сол мемлекеттегі барлық құқықтық құбылыстар тәуелді болып келеді. Осы белгілері бойынша құқықтық жүйенің келесі жанұяларын (құқықтық қайнар көздерінің ортақтығы негізінде бөлінген құқықтық жүйелердің жиынтығы) бөліп қарастырады:

1. Континенталдық Еуропаның нормативтік-заңнамалық жүйелер жанұя — бұл романдық-германдық құқық. Бұл құқықтық жүйелерде бірінші орынға заң қойылған (Италия, Франция, Германия, Португалия және т. б.).

2. Нормативтік-соттық, ағылшын-саксондық құқықтық жүйелер жанұясы. Бұл құқықтық жүйелерде басты орынды сот тәжірибесі, занды прецедент иеленген (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия және т. б.).

3. Діни-дәстүрлі, идеологиялық құқықтық жүйелер жанұясы — мұсылман құқығы және кеңестік құқық. Бұл құқықтық жүйелерде ерекше рөлді дін мен партиялық идеология иеленген (Иран, Ирак, Пәкістан, Судан және т. б.).

«Құқықтық жүйе» түсінігі нақты елдің құқығын сипаттауда мәнді маңыздылыққа ие. Әдетте бұл жағдайда «ұлттық құқықтық жүйе» түсінігі қолданылады. Мысалы. Ұлыбританияның ұлттық құқықтық жүйесі. Қытайдың ұлттық құқықтық жүйесі, Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесі. Құқықтық жүйелер генезис (пайды болуы), қайнар көздер сатысы, құқық жүйесі, соттың рөлі және т. б. сияқты негізгі белгілері бойынша құқықтық жанұяға біріктіріледі. Атақты компаративист Давид Рене келесідегідей негізгі құқықтық жанұяларды бөліп көрсетеді:

- романо-германдық құқықтық жанұя (бастаулары римдік жеке құқықта жатыр, құқықтың негізгі кайнар көзі — зан). Қазақстанның құқықтық жүйесі нақ осы жүйеге жатады;
- англо-саксондық құқықтық жанұя (бұл жүйелерде соттық тәжірибе, прецедент басымдылық танытады);
- діни-дәстүрлі құқықтық жүйе жанұясы — мұсылман құқығы, инду құқығы, Африка елдерінің (бұл жүйелерде дін мен әдет-ғұрып анықтаушы рөл ойнайды) кәдімгі (дәстүрді) құқығы.

Құқықтық жүйе түсінігі теориясын заң ғылымында тек XX ғасырдың 80-жылдары ғана қарастыра бастады. Оның маңызы мынада: ол адамның мінез-құлқына әсер ететін барлық өзара байланысқан зандық блоктарды біріктіреді, сондай-ақ, құқықты қолданушылық және құқық қорғаушылық сұрақтарын нақты шешуді көздейді. Құқықтық жүйе құқыққа негізделеді, бірақ одан әлде қайда кең, «құқық» және «құқықтық жүйе» түсініктері тұтас және бөлік ретіндегі қатынаста болады. Егер құқық мемлекетпен бекітілетін және қамтамасыз етілетін формальды анықталған, жалпыға міндетті заң нормаларының жүйесі ретінде түсіндірлсе, ал, құқықтық жүйені ресми биліктің, адамдардың мінез-құлқына құқықтық әсерін тигізетін қоғамның барлық құқықтық ұйымын, тұластай құқықтық нақтылықты, зандық құралдардың жүйесін бейнелейтін құбылыс деп түсіндірледі.

«Құқықтық жүйе» түсінігі нақты қофам өмірінің зандық саласын кешендік бағалау ретінде сипатталады. Заң әдебиеттерінде оның құрылымына бірнеше көзқарастар бар. Сонымен В. К. Бабаев оған мыналарды жатқызады:

- құқық және оны сипаттайтын заңнама;
- құқықтық түсініктер;
- құқықтық қағидалар;
- құқықтық қатынастар;
- құқықтық рәміздер;
- құқықтық идеология; құқықтық мәдениет;

— құқықтық саясатты жүзеге асыратын құқықтық шығармашылық, құқық қолданушылық немесе құқықты қолданушылық қызметпен айналысатын құқықтық институттар мен құқықтық мекемелер; заңдық тәжірибе.

С. С. Алексеев құқықтық жүйеге белсенді, өзара тығыз байланысқан элементтерді жатқызады:

- занда, өзге мемлекетпен танылған қайнар көздерде көрініс тапқан, міндетті нормалардың жүйесі ретіндегі құқық;
- құқықтық идеология — құқықтық сананың белсенді жағы;
- соттық (зандық) тәжірибе.

Құқықтық ұғым — бұл заң ғылыми, заңнама, құқықтық қолдану тәжірибесі сүйенетін ұғым. Бұл ұғымсыз адамдар арасында қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Мысалы, атап айтсақ, біз мемлекет, мемлекет функциясы, мемлекет механизмі ұғымдарына тиісті мазмұнды толықтыра отырып сүйенеміз. Мейлінше жалпы, өз шегінде кең құқықтық ұғым құқықтық санаттар деп аталағы. Олар — қолданыстағы заңды ұғымдардың жинақталған нәтижесі. Мысалы, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де жауаптылықтарды анықтай отырып, біз заңды жауаптылықтың жалпы ұғымын шығарамыз.

Құқықтық рәміздер — айқындалған заңды мазмұнды жасау үшін заңнамада бекітілген, шартты үлгілер. Мысалы, мемлекет рәміздері: елтаңба, ту, әнұран. Халыққа қызмет ету рәсімі — Президентке ант беру.

Құқықтық саясат — бұл қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бағыттары мен міндеттерінің қағидалары, сондай-ақ, оларды іске асырудың стратегиясы мен тактикасының негізі. Атап айтсақ, біздің құқықтық саясат экономиканың дамуына жәрдемдесетін, құқық тәртібін және халықаралық келісімдерді қамтамасыз ететін, мұндай заңнамалардың қабылдануына бағытталған болып табылады.

Занды тәжірибе — бұл заңды нормаларды шығару және іске асыру жөнінде құзыретті органдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың әдістәсілдерінің жинақталған қызметтері.

Құқық қағидалары — құқық мәнін жасайтын, негізін қалайтын идеялар мен бастау. Құқықтың әрбір тарихи тұрпатына нақты қағидалардың сәйкес келуі. Атап айтсақ, құлиеленушілік құқықтық қағидада құқық субъектісінің құқығы танылмады, феодалдық құқықта ұstemдік күш қағидасы жүргізілді, ал, буржуазиялық құқықта — кәсіпорын мен жұмысшылар арасындағы келісімшарттар бостандық қағидасы болды. Қазақстан Республикасында демократиялық, заңдылық, азаматтардың заң алдындағы тенденция, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауаптылығы. Міне, осында жағдайларға байланысты, құқық жүйесі — қоғамдық қатынастарды реттеу көмегімен өзара байланысқан, келісілген және өзара әрекеттесуші заңды құралдардың жиынтығы.

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

10-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық жүйесінің ұғымы, құқықтық жанұя және оларды топтастыру.
2. Романо-германдық құқықтық жанұя.
3. Ангlosаксондық құқықтық жанұя.
4. Мұсылман жанұя құқығы.
5. Әдет-ғұрып жанұя құқығы.

Әдістемелік ұсыныс:

Семинар сабағына дайындалу барысында тындаушылар құқықтық жүйе түсінігін қараған жөн, оның негізгі белгілерін және ұғымын түсіну қажет. Сонымен бірге, құқықтық жанұялардын бір-бірмен байланысы және ерекшеліктерін олардын топталуын қарастырған жөн. Құқықтық жүйе түсінігінің белгілі бір мемлекеттегі құқыққа сипаттама берудегі маңызы. Бұл жағдайда ұлттық құқықтық жөнінде сөз қозғау. Құқықтық жүйенің құқықпен қатар қай элементінің – не сот тәжірибесінің, не құқықтық идеологияның – ерекше рөлге ие болуына сол мемлекеттегі барлық құқықтық құбылыстар тәуелді болып келетінін тұжырымдау. Осы белгілері бойынша құқықтық жүйенің жанұяларын (құқықтың қайнар қөздерінің ортақтығы негізінде бөлінген құқықтық жүйелердің жиынтығы) бөліп қарастыру керек.

Келесі сұрақтарды қарастырғанда құқық қайнар қөздерін құқық нормасының түсінігін құқық құрлымы және құқықтық жанұяларға қандай мемлекеттер қайсысына жататыны көрсетілуі қажет. Заң ғылымындағы құқықтық жанұялардың бірі - континентальді Еуропаның нормативті-заннамалық жүйе жанұясы, романо-германдық құқықтың (бұл жүйелерде бірінші орында заң тұрады) пайда болуына негіз болған рим құқығы. Романо-германдық құқықтық жанұясына тән ерекшеліктерді ажыратада білу қажет. Романо-германдық (континентальдық) құқықтық жүйеде, Қазақстан Республикасында, сот прецеденті құқық қайнар көзі ретінде танылмайтынына ескеру.

Үшінші сұрақты қарастыру барысында англо саксондық елдердің құқықтық жүйесін зерделеу қажет және осы елдердегі сот тәжірибесінің рөлін бағалау керек (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Жаңазеландия). Сот прецеденті - келешекте үқсас істерге ұлгі болатын нақты сот ісі бойынша шешім шығару кезінде заннамада қажетті норма болмаған жағдайда ғана қолданылатынын айта керек. Бұдан шығатыны, прецедент кезінде құқық қолдану функциясын орындайтын органдар құқық шығармашылық органдарының функцияларын өздері иеленеді. Қазіргі уақытта прецедент ангlosаксондық құқық жүйесі орнаған елдерде Англияда, Үндістанда, АҚШ-та қолданылады. Англо-саксондық құқықтық жүйесінде мынадай үрдіс байқалады, яғни, статуттық құқықтың үлес салмағы ұлғайып келеді, ал романдық құқықтық жүйеде (Франция. Германия және т. б.) прецеденттік құқық салмағы ұлғаюда". Ангlosаксондық құқықтық жанұяға Англияның, АҚШ-тың, Канаданың, Австралияның, Жаңа Зеландияның және т.б. ұлттық-құқықтық жүйелерін жатқызады. Берілген жанұяның белгілеріне сипаттама бере отырып, көрсету.

Төртінші сұрақты қарастыру барысында ислам мемлекеттерінің құқықтық нормалары мен діни нормаларды мақсатты түрде салыстырып, қайнар көздерін табу қажет. Сонымен бірге, әдет ғұрып құқығын негізі мен сипатын көрсету қажет. Берілген құқықтық жанұяның белгілерінің ішінен құқықтың пайда болуы қоғам мен мемлекеттен емес, ал, Құдайдан деп тануын бөліп көрсетуге болады, сондықтан да заңдық нұсқаулар бірден мәңгілікке берілген, оларға сеніп және сәйкесінше қатаң сақтау керек. Шариаттың үш саладағы құдіретті бағыттарын атап өту. Мұсылмандардың киелі кітаптары — Құран, Сунна, Иджма, Қияс көрсетілген діни-құқықтық қағидалар құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылатынына сипаттама жасау қажет.

Бесінші сұрақта, құқықтық әдет-ғұрып — мемлекет міндепті мән берген және олардың сақталуын өзінің мәжбүрлеу күшімен кепілдік ететін дәстүр. Әдет-ғұрып — тарихи қалыптаскан және әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Құқықтық (санкцияланған) әдет-ғұрып, мемлекет заңдық күш, санкция берген, әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі ретінде көрініс табады. Санкциялау дегеніміз мемлекетпен бекіту деген сөз. Басқаша айтқанда, құқықтық әдет-ғұрып - мемлекеттен туындалғанда тек онымен танылатын құқықтың қайнар көзі. Құқықтық әдет-ғұрыпқа құл иеленушілік құрылыштағы феодалдық құқықтың ескерткішін жатқызуға болады: Қазакстанда «Жеті Жарғы», Үндістанда «Ману заны», Германияда «Солистік шындық», Ресейде «Русская правда».

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

10-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және түрпаты

КОӨЖ – 1 сағат

Тапсырма:

Кестені төмендегіше құрастырыңыз:

Құқықтық жанұяның атауы	Негізгі қайнар көздері	Ерекшеліктері
Романо-германдық құқықтық жанұя.		
Англосаксондық құқықтық жанұя		
Мұсылман жануя құқығы		
Мұсылман жануя құқығы		

КОӨЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс:

Сабакқа дайындалу барысында авторлардың өзіндік көзқарастарымен ерекшеленетін бірнеше еңбекті қатар қолданған дұрыс. Әр түрлі авторлардың анықтамаларын талдау негізінде құқықтық жанұя түсінігін қалыптастыру және оның негізгі түреріне ерекше тоқталып қарастыру қажеттігі бар. Құқық мәні, функциялары тәріздес құқықтық жанұяға қатысты өзіндік ой қорыта отырып тұжырымдар жасай білу керек.

Әдебиеттер: 1-20; 52-53; 116-117; 120; 123; 142; 147-155; 156-168

10-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты

КӨЖ – 5 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу: құқықтық жүйе, құқықтық жанұя,
2. Рефераттар дайынданызы:
3. Германдық құқықтық жанұяның ерекшеліктері.
- Президент институты, азаматтық, сатып алу, сату, көліктегі қылмыстар құқық саласының қай институтына, қай саласына жатады?

Өзіндік тексеру материалдары:

1. Құқық жүйесінің ұғымы.
2. Құқықтық жанұя және оларды топтастыру.
3. Романо-германдық құқықтық жанұя.
4. Англосаксондық құқықтық жанұя.
5. Мұсылман жанұя құқығы.
6. Әдет-ғұрып жанұя құқығы.
7. Қазақстан Республикасында қалыптасқан құқықтық жанұя.

11-тақырып. Құқықтық қатынастар.

Сабак мақсаты: Құқықтық қатынас ұғымы, құқықтық қатынас құрамы, Қазақстан Республикасы ПО-ның қатысуымен құқықтық қатынас негізгі топтарының маңызын жеткізе білу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық қатынастар: ұғымы және құрамы.
2. Занды факті.

Дәріс тезисі:

Құқықтық қатынастар. Құқықтық қатынас - қатысушылардың субъективті құқықтары мен занды міндеттері болатын, құқық нормалары мен занды көрсетілген фактілерге сәйкес туындастын, ерік-ықтиярды білдіретін қоғамдық қатынастар. Құқық нормасы құқықтық реттеудің статистикалық жағдайын білдіретін болса, құқықтық қатынас оның динамикалық, яғни қозғалыстағы жағдайын көрсетеді. Құқықтық қатынас абстрактілі құқықтық нормаларды жекеленген байланыстар, яғни белгілі бір субъектілер үшін субъективті құқықтар мен занды міндеттер деңгейіне аударуға мүмкіндік береді. Құқықтық қатынастардың белгілері:

- әлеуметтік субъектілер арасындағы екі жақты нақты байланысты көрсететін қоғамдық қатынас;
- құқық нормасы негізінде пайда болады (құқық нормасының жалпы талаптары нақты субъектіге және оның жағдайына байланысты дербестенеді);
- адамдар арасындағы субъективті құқықтар мен занды міндеттер көмегімен жүзеге асырылатын байланыс;
- ерікті қатынастар болып табылады, себебі оның пайда болуына қатысушылардың ең болмаса біреуінің еркі қажет;

- қатынас белгілі бір объектінің, құндылықтың төңірегінде жүргізіледі;
- мемлекеттің мәжбүр ету күшімен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынас.

Құқықтық қатынас күрделі құрамға ие. Оның құрамының элементтері қатарына мыналар жатады: субъект; объект; субъективті құқық және заңды міндет (заңдық мазмұн).

Қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастың материалдық мазмұнын құрайтын болса, субъективті құқықтар мен заңды міндеттер оның заңды мазмұнын білдіреді. Құқықтар мен міндеттер арқылы құқықтық қатынасқа қатысушылардың заңды байланысы жүзеге асырылады.

Субъективті құқық – субъектіге жеке мүддесін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін болатын әрекет мөлшері. Оның негізгі ролі, маңызы субъектіге өз мүддесін қанағаттандыруға, белгілі бір құндылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады. Субъективті құқықтың құрылымы: өкілді жанның белгілі бір әрекетке мүмкіндігі; міндетті жаннан әрекеттің белгілі бір түрін талап ету мүмкіндігі; құқығын қорғау үшін құзіретті мемлекеттік органға қайырылу мүмкіндігі; белгілі бір әлеуметтік құндылықты пайдалану мүмкіндігі.

Заңды міндет дегеніміз өкілді жанның мүддесін қанағаттандыру үшін тағайындалған заңды қажетті әрекет өлшемі. Міндеттілік субъективті құқықты жүзеге асыру кепілі. Заңды міндеттілік құрылымына мыналар кіреді: белгілі бір әрекеттерді жасау немесе олардан бас тарту міндеті; өкілді жанның талаптарына бет бұру қажеттілігі; аталған талаптарды орындаған жағдайда заңды жауапкершілік тарту қажеттілігі; контрагентке құндылықтарды пайдалану құқығына кедергі келтірмеу.

Субъективті құқық пен заңды міндеттер арасындағы айырмашылықтар:

- 1) егер субъективті құқық өз мүддесін қанағаттандыруға бағытталса, заңды міндет өзгенің мүддесін қанағаттандыруға бағытталған;
- 2) субъективті құқық мүмкін болатын әрекет мөлшері болса, заңды міндет тиісті әрекет мөлшерін көрсетеді.

Құқықтық қатынас субъектілері құқықтарға және айқындалған міндеттерге ие болатын құқықтық қатынасқа қатысушылар. Құқықтық қатынас субъектілері өзінің құқық, әрекет қабілеттілігін пайдаланған құқық субъектісі. Құқық субъектісі деп заңдық нормалар негізінде жеке құқықтық қатынастарға түсетін, жеке құқықтар мен заңды міндеттерге ие болатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды айтамыз. Құқықтық қатынас субъектілері екі топқа жіктеледі: жеке және ұжымдық. Жеке субъектілерге мыналар жатады: азаматтар; екі азаматтылығы бар адамдар; азаматтығы жоқ адамдар; шет ел азаматтары. Ұжымдық субъектілерге мыналар жатады: мемлекет; мемлекеттік ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар. Жеке құқықтық қатынастар аймағындағы ұжымдық субъектілер заңды тұлға белгісіне ие. Заңды ұйым - меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан

мұліктік және мұліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сotta талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

Құқықтық қатынас субъектілері мәселесін көтергенде құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік туралы ерекше тоқталу қажет. Құқық қабілеттілік – азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті. Құқық қабілеттілік адамға тұмысынан беріледі, өлгенде жойылады. Кейбір жағдайда анасының құрсағындағы тіршілік белгісін берген балалардың да құқыққа қабілеттілігі танылады. Мысалы, мұрагерлік құқықта.

Әрекет қабілеттілік құқық субъектілерінің өз әрекетімен құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі. Әрекет қабілеттілік субъектінің психикалық және жастық қасиеттеріне байланысты. Қазақстан Республикасында толық әрекет қабілеттілік 18 жастан бастап танылады. Әрекет қабілеттіліктің бірнеше түрі кездеседі:

- толық әрекет қабілеттілік (18 жастан басталады);
- жартылай әрекет қабілеттілік (14 пен 18 жас аралығында);
- шектелген әрекет қабілеттілік (ішімдікке немесе нашақорлыққа салынуына байланысты өзін немесе отбасын ауыр материалдық жағдайға әкелетін болса, жақын туыстарының өтінішімен немесе прокурордың талабымен 18 асқан азамат сот арқылы әрекет қабілеттілігі шектеледі);

Әрекет қабілеттілігінің болмауы. Жүйке ауруларымен ауруына байланысты кәмелетке толған субъект өз әрекетіне жауап бере алмайтын жағдайда болса, сот органының шешімімен әрекет қабілетсіз деп танылады.

Қазіргі кезде азаматтық құқықта 16 толған жасөспірімдер еңбек шарты бойынша еңбек ететін болса немесе ата-анасының немесе қамқоршыларының келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, толық әрекет қабілетті деп сот арқылы тануға рұқсат етіледі.

Құқық субъектілік – мемлекетпен танылған құқық, құқықтық қатынас субъекті болу қабілеті (құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің бірлігі). Ұжымдық субъектілер құқық субъектілікке ие болады.

Құқықтық қатынастың объектісі деп құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің жеке құқықтары мен заңды міндеттерін жүзеге асыру арқылы өз қажеттіліктерін (рухани, мұліктік, әлеуметтік игіліктер) мұдделерін қанағаттандыруын айтамыз.

Құқықтық қатынастың пәні деп материалдық немесе рухани құндылықтарды, сондай-ақ құқықтық қатынастың пайда болуына себеп болатын адам әрекетін айтамыз.

Объектінің түсінудің екі түрлі жағы танылған: құқықтық қатынастың объектісі болып тек адам әрекеті танылады; құқықтық қатынастың объективлері сан қырлы. Олардың қатарына:

- 1) материалдық құндылықтар (мулік, зат, құндылықтар);
- 2) материалдық емес құндылықтар (адам өмірі, денсаулығы, нағызы, арұяты);
- 3) рухани шығармашылық туындылары (әдебиет, өнер, музика, ғылым);

- 4) құқықтық қатынасқа қатысушылардың әрекетінің нәтижесі;
- 5) бағалы қағаздар мен құжаттар жатқызылады.

Құқықтық қатынастар әр түрлі негіздер бойынша топтастырылады.

Құқықтық реттеу пәніне байланысты құқықтық қатынастар конституциялық құқықтық қатынастар, азаматтық құқықтық қатынастар, қылмыстық құқықтық қатынастар, экологиялық құқықтық қатынастар, әкімшілік құқықтық қатынастар, еңбектік құқықтық қатынастар және т.б. болып бөлінеді.

Сипатына байланысты материалдық және процессуалдық болып бөлінеді. Функционалдық роліне байланысты реттеуші (құқық нормасы немесе шарт негізінде пайда болады) және қорғаушы (мемлекеттік мәжбүр ету мен заңды жауапкершілікті жүзеге асырумен байланысты) болып екіге бөлінеді.

Заңды міндеттерінің табиғатына байланысты құқықтық қатынастар белсенді және бәсек болып жіктеледі.

Қатысушыларының құрамына байланысты құқықтық қатынастар қарапайым және құрделі болып ажыратылады. Қарапайым құқықтық қатынас екі субъектінің арасында жүзеге асады. Мысалы, сатып алу - сату шарты. Ал құрделі құқықтық қатынастар бірнеше субъектінің арасында жүзеге асады. Мысалы, қылмыстық жазаны өтеу. Құқықтық қатынастар әрекет ету мерзіміне байланысты қысқа мерзімді (айырбас) және ұзақ мерзімді (азаматтық) болып бөлінеді. Жақтардың анықталу дәрежесіне байланысты салыстырмалы, абсолютті және жалпы құқықтық қатынастар болып айырылады.

Салыстырмалы құқықтық қатынас деп екі тарап та дербес және нақты анықталған және бір-біріне қатысты құқықтар мен міндеттердің иесі болып табылатын құқықтық қатынастың бір түрін айтамыз. Абсолютті құқықтық қатынас деп субъективті құқық иесі ғана нақты анықталған, өзге субъектілердің барлығына оның субъективті құқығын бұзбау міндеті жүктелген құқықтық қатынастың түрін айтамыз.

Жалпы құқықтық қатынастар жеке тұлға мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынасты туындалатын заңдардан бастау алатын қатынастың бір түрі. Нақты құқықтық қатынастар нақты заңдық фактінің негізінде пайда болатын жеке тұлғалардың өзара немесе белгілі бір ұйыммен, мекемемен қарым қатынасын реттейтін құқықтық қатынастың бір түрі.

Заңды факт деп құқық нормасы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын байланыстыратын өмірлік нақты мән-жайларды айтамыз. Заңды фактілер құқықтық қатынастардың алғы шарты болып табылады. Олардың моделі заңдық норманың гипотезасында тіркеледі. Заңды фактілерді де әр түрлі негізде жіктеуге болады. Туындастырылған нәтижелерінің сипатына байланысты: құқық қалыптастырушы; құқық өзгертуші; құқықты тоқтатушы болып бөлінеді. Құқықтық қатынасқа қатысушылардың еркіне байланысты: - оқиға; - әрекет болып бөлінеді. Оқиға құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін, адамдардың еркінен тыс өтетін заңдық факт. Оған баланың туылуды, төтенше оқиғалар т.б. жатады. Әрекет құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің еркіне байланысты болады да екіге бөлінеді: құқықтық және құқыққа қарсы. Құқықтық әрекеттің

өзі екіге белінеді: зандық актілер және зандық әрекет. Зандық акт белгілі бір зандық нәтижелерге жетуге бағытталған әрекет. Зандық әрекет жанның ой-пифылынан тыс зандық нәтижелердің пайда болуына әкелетін әрекеттер. Құқыққа қарсы әрекеттер қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, тәртіпшілік болады. Кейде құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе жойылуына бір факті аздық етеді, бұндайда зандық құрам әрекет етеді.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 147-155; 156-168

11-тақырып. Құқықтық қатынастар.

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық қатынас ұғымы.
2. Құқықтық қатынас құрамы.
3. Қазақстан Республикасы ПО-ның қатысуымен құқықтық қатынас негізгі топтары.

Әдістемелік ұсыныс:

Семинар сабағына дайындық барысында жалпы бағыт ретінде осы тақырып бойынша алған дәріс, тәжірибелік жұмыс материалдарын қолдану қажет. Бірінші сұрақ оқып қарастыруда қоғамдық, қатынастардың әр түрлігі ретінде құқықтық қатынас ұғымын және де оның құрамды элементтерін (объектісін, субъектісін, мазмұнын” анықтап, оларға сипаттама беру керек. Құқықтық қатынастар - құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қоғамдық байланыстар. Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық қатынас — бұл субъективтік құқықтар мен занды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы зандылық пен тәртіпті де жақсартуға мүмкіншілік жасайды. Құқықтық қатынас материалдық, ықтиярлық және зандық мазмұнын білу, қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастың материалдық мазмұнын құрайтынын, ықтиярлық құқықтық нормада сініскең мемлекеттік ықтияр (ерік), субъективті құқықтар мен занды міндеттер занды мазмұнын зерделеу. Құқықтың мазмұны субъективтік құқық пен занды міндеттер арқылы құқықтық қатынасқа қатысушылардың занды байланысын ажырату керек.

Екінші сұрақта, занды деректің ұғымын, құқықтық қатынастардың туындау негізін және оның әр түрлігін анықтаған жөн. Құқықтық қатынастың құрылымы төрт элементі: субъект, объект, субъективтік құқық, занды міндеттердің ұғымына көніл бөлу. Құқықтық қатынастың субъектісі - жеке адам мен занды тұлғалар қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеті және әрекеттілігі қалыптасуы керек. Құқықтық қабілет — құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Әрекеттілік адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілетіне мысалдар ойлап табу.

Әрекеттіліктің басты шарты кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады. Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) адамның

тәртіп бұзғаны үшін зандылық жауапқа тартылу жағдайына байланысты бөлігі: құқықтық жауаптылық мүмкіндігін (деликтоспособность) анықтау.

Занды тұлғалар: мемлекет, мемлекеттік аппарат-мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одактар, ұйымдар, ұжымдар занды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық қабілеті мен әрекеттілігі бар деп саналады, оның шеңбері олардың ережелері мен Уставын толық көрсету. Занды міндеттер мен занды себептердің бір-бірінен айырмашылықтарына түсініктеме беру керек.

Үшінші сұрақ бойынша құқықтық қатынастардың өмірге келуінің, өзгеруінің, ескіруінің, жаңаруының, дамуының занды себептерінен басқа үш бөлімнен тұратын негізі болады: нормативтік актілер, занды себептер, субъективтік құқық. Осы күрделі үш негіздер арқылы құқықтық қатынастар дамып, нығайып қоғамның объективтік даму процесін реттеп-басқарып отыратынын назарға алу қажет. Қазақстан Республикасы ПО-ның қатысуымен құқықтық қатынас негізгі топтарына кеңірек тоқтала отырып, тәжірибелік мысалдармен зерделеп талдау.

Тапсырмалар:

1. Құқықтық қатынас тақырыбы бойынша сөзжұмбақ құрастыру.
2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, окулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу

Әдістемелік нұсқаулар:

«Құқықтық қатынас» категориясы құқық теориясындағы өзекті тақырыптардың бірі, себебі құқықтың адам әрекетіне қалай әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл тақырыпта құқықтық қатынас түсінігі, құрылымы және түрлері қарастырылуға тиісті. Құқықтық қатынасты жіктеу құқық теориясында даулы мәселе екендігін атап өткен жөн. Тақырыпты барынша жетік менгеру үшін бірнеше қайнар көздерді қатар пайдаланған жөн.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 147-155; 156-168

11-тақырып. Құқықтық қатынастар

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: кесте толтыру

№1 кесте

Құқықтық қатынас үтімі.	Құқықтық қатынас пайда болуының негізі, оның түрлері.	Құқықтық қатынас субъектісі.	Құқықтық қатынас объектісі.	Құқықтық қатынас мазмұны.

№2 кесте

Құқықты іске асыру түрлері	Құқықты іске асырудың белгілері	Құқықты іске асырудың субъектілері

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсныныс:

Тәжірибелік жұмыс кезінде курсант қоғамдық қатынастардың ерекше түрі ретінде құқықтық қатынас ұғымын, оның негізгі белгілерін және де элементтерін анықтауы тиіс. Тәжірибелік жұмыс барысында курсант құқықты жүзеге асырудың түсінігін ұғынып және құқықты қолданудың, құқықты жүзеге асырудың ерекше түрі екендігін айқындалап, оның белгілерін анықтап және субъектілерін айқындау қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 147-155; 156-168

11-тақырып. Құқықтық қатынастар

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

Мына анықтамаларды жазыңыздар: құқықтық қатынастар әрекет қабілеттілік және құқық қабілеттілік.

1. Құқық қабілеттілік әрекет қабілеттілік құқықтық қатынас ұғымдарын терминологиялық сөздікке жазыныз.

2. Арнайы оқулықтар оқып рефераттар дайынданыз:

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Құқықтық қатынас түсінігі, белгілері
2. Құқықтық қатынастардың құрылымы. Мазмұны.
3. Құқықтық қатынас субъектілері.
4. Құқыққабілеттілік, әрекет қабілеттілік. Құқықсубъектілік.
5. Құқықтық қатынас объектілері.
6. Занды факт: түсінігі, түрлері.
7. Құқықтық қатынастардың түрлері.

12-тақырып. Құқықты жүзеге асыру

Сабак мақсаты: Құқықты жүзеге асыру: ұғымы және нысандары, құқықты қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше түрі ретінде маңызды.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықты жүзеге асыру: ұғымы және нысандары.
2. Құқықты қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше түрі ретінде.

Дәріс тезисі:

Құқықты жүзеге асыру. Құқықтық қоғамда халық бір жағынан, ал мемлекет екінші жағынан өз тарапынан құқық нормаларының талаптарын орындауға міндеттеме алады. Осы түрғыдан алғанда құқықты іске асыру мәселесі екі жақты сипатқа ие болады және оны қарастыру екі бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыты мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалардың тарапынан құқыққа мойын сұнумен анықталса, екінші бағыт азаматтар мен олардың ұйымдары мен бірлестіктері әрекетінде құқықты іске асырумен ерекшеленеді.

Соңғы нәтиже ретіндегі құқықты іске асыру белгілі бір әрекет жасау немесе одан бас тарту талабы мен нақты жасалған әрекеттер арасында толық

сәйкестікке жетуді білдіреді. Құқықты іске асыру арқылы заң шығарушы мүдделі болған нәтижеге, пайдалы мақсатқа жетуге болады. Әрине мақсатқа жету құқықты іске асыру ауқымынан тыс болады, дегенмен де құқықтанушыны заң талап еткен әрекеттер қызықтырады.

Үрдіс ретіндегі құқықты іске асыру объективті және субъективті жақтарымен сипатталады. Объективті жағынан ол белгілі кезектілікпен анықталған құралдармен және анықталған мерзімде әрі орында құқық нормаларында көрсетілген заңды әрекеттерді жетілдіруді білдіреді. Субъективті жағынан құқықты іске асыру субъектінің жүзеге асырылатын құқықтық талаптарға қатынасымен, нұсқалынған әрекеттерді жасау сәтіндегі оның еркімен сипатталынады. Ол құқықты іске асыруға өз еркімен, мүдделілігімен баруы немесе жағымсыз салдардан қорыққандықтан баруы мүмкін. Бастысы – әрекет түріне, оны жасаудың орны мен уақыты шарттарына қойылатын талаптарды мүлтіксіз орындау болып табылады. Міндетті шарттардың біреуін бұзуға жол берілетін болса, құқықты іске асыру болмаған деп саналады. Құқық теориясында құқық нормаларын іске асырудың әр түрлі нысандары танылған. Құқық нормасының мазмұнымен негізделген құқықты іске асыру әрекетінің сипатына байланысты төрт нысан танылған: құқықты сақтау, орындау, пайдалану және қолдану.

Сақтау арқылы тыйым салушы нормалар іске асырылады, бұл нысанның мәні – тыйым салынған әрекетті жасаудан бас тарту болып табылады. Субъектінің әрекеті пәстігімен айқындалады немесе қазақшаласақ «сен тимесен, мен тимен» қағидасына сүйенеді деуге болады.

Орындау керісінше субъектіден міндеттеуші құқықтық нұсқауларды жүзеге асырумен байланысты болатын белсенді әрекеттерді талап ететін іске асыру нысаны болып табылады. Бұнда субъект өзіне жүктелген белсенді әрекетке деген міндеттілікті атқарады.

Құқықты пайдалану субъектінің өкілеттілігін жүзеге асыруға бағытталған, сондықтан да бұнда оның ерік-жігеріне байланысты белсенді мінез-құлық та, пәс әрекет те жасалуы мүмкін. Құқықты пайдалану - рұқсат беруші нормалардан бастау алатын мүмкіндіктерді жүзеге асырудан көрінетін құқықты іске асыру нысаны. Ол азаматтардың құқықтарын қорғауы, меншік объектілеріне заңдық жарлық ету құқығы, сайлау құқығын пайдалануы түрінде кездеседі. Расын айтқанда құқықты іске асыру туралы оны орындауға қатыстығана айту жөн. Бұнда өзге құқықтық құралдармен бірге кепілдендірілген нәтижелерге жетуді қамтамасыз ететін заңдық нормаларда танымал әрекет тәртібі қалыптастырылады, олар соңынан нақты, тікелей мағынасында фактілі қатынастарға ауысуға, яғни өмірде жүзеге асырылуға тиісті.

Құқықтық жүйенің тереңіне бойлайтын пайдалану және сақтау тәріздес құқықты іске асыру нысандарына жүгінсек алдымен анықталған тұжырым дәлелдене түседі. Бұл тұрғыда құқық реттеуші және тиімді қорғаушы әлеуметтік механизм ретінде көрінеді. Ол жоғарғы деңгейдегі ұйымдастырушылыққа сүйене отырып, экономикалық, жалпы әлеуметтік заңдылықтардың қызметін көрсететін құқықтық әрекет жасауға барынша

мүмкіндік беріп, оны кепілдендіруі қажет. Және оның қызметі адам, олардың ұжымы әрекетін, қажеттіліктері мен мүддесін экономикалық, жалпы әлеуметтік, соның ішінде психологиялық көтермеледі, реттеудің барлық жүйесімен терең, біртұтас өзара байланыс пен өзара әрекеттестікте болуымен сипатталады. Міне, осы тұрғыда құқықтың нысанды дамытудың, оның мүмкіндіктері мен қорларын пайдаланудың, құқықтың ролін қоғамдағы әлеуметтік, материалдық, рухани және өзге реттеушілер кешенімен үйлестіре отырып көтерудің анық жолы көрінеді. Құқыққа осындай көзқарас оған қарапайымдатылған түсінік беру мен оның ролін жөнсіз көтеру тәріздес әрекеттердің алдын алып, қоғам өміріндегі құқықтың шынайы құндылығын ашуға, оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі занды ролін анықтауға мүмкіндік береді.

Құқық нормаларын қолдану. Құқықтың реттеу үрдісіне оның соңғы сатысында, ал кейбір жағдайларда құқықтық қатынастар пайда болған кезде құқықты қолдану қосылады. Құқық қолдану - құзіретті органдардың нақты өмірлік жағдайларға қатысты құқық нормаларын жүзеге асыруындағы мемлекеттік-биліктік ұйымдастыруши әрекеті. Құқық қолдану құқық шығармашылықтан кейінгі екінші маңызды, құқықтық реттеуге мәнді ықпалы бар фактор. Құқық шығармашылық органдары құқықтық жүйеге қоғамдық қатынастарға қатысуышылардың мінез-құлқының жалпы бағдарламаларын енгізсе, құқық қолдану органдары басталған реттеуді әрі қарай қағып алып кетіп, зандық нормаларды өмірге енгізуі қамтамасыз етеді.

Құқық қолдануды туыннататын жағдайлар ішінде құқықтық қатынастардың пайда болуымен байланысты түрлері де бар. Бірақ басым түрде құқық қолдануды анықтайтын жағдайлар оның басты функциясын – құқықтық реттеу үрдісінде мемлекеттік-биліктік қамтамасыз етілу әрекетінің қажеттілігін көрсетеді. Ал бұл жағдайлар өз сипатына байланысты құқықтық реттеу үрдісінде мемлекеттік мәжбүрлеуді пайдалануды талап етеді. Жалпы алғанда тарих мемлекеттік бұйырымдарды іске асыруға адам еркін көндірудің екі негізгі құралын таниды: ол марапаттауға уәде ету және белгілі бір құндылықтардан айырумен қорқытып, мәжбүрлеу. Құқықтық мемлекетте жазалаушы және мәжбүр етуші шаралардың аймағы мен көлемі күрт өзгереді де, құқықтық нұсқаулардың «өзін-өзі қамтамасыз етуіне» мүмкіндіктер ашылады. Құқық қолданудың ерекше белгілері:

- құзіретті мемлекеттік органдармен қолданылады;
- биліктік сипатта болады;
- сатылардан тұрады: істің фактілі және занды негізін табу, шешім қабылдау;
- тиісті жеке биліктік акт қабылдаумен байланысты.

Құқық қолдану актісі – құзіретті субъектінің құқықтар мен занды міндеттердің бар-жоқтығын және тиісті норманың негізінде олардың мөлшерін анықтау мақсатымен жасалатын мемлекеттік-өкілді жеке анықталған акт.

Құқық қолдану актісі:

- нормативті акті негізінде қолданылады;

- нормативті актіде мазмұндалған құқық нормаларын нақты жағдайларға, қатынастарға қатысты нақтыландырады;
- жекеленген (индивидуалды-анықталған) сипаты бар;
- құқық нысаны болып табылмайды және бір мәрте қолдануға ғана арналған;
- тиісті қоғамдық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына негіз болатын заңдық факт қызметін атқарады.

Құқықтың мақсаты адамдардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандырумен анықталады. Сондықтан да мемлекеттік ерікті құқықты іске асыру субъектілерінің еркімен сәйкестендірудің мән-мағынасы өте зор.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 59; 74; 80; 147-155; 156-168

12-тақырып. Құқықты жүзеге асыру

Семинар - 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықты жүзеге асыру: ұғымы және нысандары.
2. Құқықты нормасын қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны. Құқық қолдану сатылары. Құқық қолдану актілері.

Әдістемелік ұсныныс:

Бірінші сұраққа дайындық барысында айтатын жағдай, ол құқық нормаларының жүзеге асуы, оларды сақтау негізінде орындалуы мүмкін. Мысал ретінде, қылмыстық құқық нормаларын сақтауды айтуға болады. Нақтырақ айтсақ, қылмыстық заңмен көзделгенмен де жасалмаған іс-әрекет. Құқық нормаларын жүзеге асыруға, сонымен қатар шарт жасасу негізінде іске асатын орындау және қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Құқық нормаларын жүзеге асырудың негізгі нысаны – қолдануды қарастыра келе, өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымдыв адамдармен орындалатынын білуіміз қажет. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру - құқықтық нормалардың ережелері көрініс тапқан адамдардың жүріс-тұрысы, олардың құқықтарды жүзеге асыру мен заңды міндеттерді орындаумен байланысты тәжірибелік қызметін анықтау. Субъектілердің әрекеттерінің сипатына қарай құқықты жүзеге асырудың төрт нысанын бөліп карастыру.

Келесі сұраққа дайындық барысында айтатын жағдай, ол құқық нормаларының жүзеге асуы, оларды сақтау негізінде орындалуы мүмкін. Мысал ретінде, қылмыстық құқық нормаларын сақтауды айтуға болады. Нақтырақ айтсақ, қылмыстық заңмен көзделгенмен де жасалмаған іс-әрекет. Құқық нормаларын жүзеге асыруға, сонымен қатар шарт жасасу негізінде іске асатын орындау және қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Құқық нормаларын жүзеге асырудың негізгі нысаны – қолдануды қарастыра келе, өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдармен орындалатынын білуіміз қажет. Құқықты қолдану - бұл құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны, ол құқық пен міндеттері қарастырылған нақты адамға қатысты жазба, қолдану актісі арқылы жүзеге асады және субъектілердің билік органдарының қомегінсіз өз құқықтары мен міндеттерін

жүзеге асыра алмау жағдайын зерделеу қажет. Құқық қолданудың ерекше белгілерін, осы сұраққа дайындалу кезінде қолдану актісінің нормативтік актілерден айырмашылығын анықтау керек. Құқық нормаларын қолдану Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде маңызды орын алады. Қылмыспен құресу барысында олармен құқық бұзушылықты ескерту, оны жасаған кінәлі адамды жауаптылықта тарту бойынша әкімшілік және қылмыстық-құқықтық шаралар қолдануы. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде құқық нормаларын қолдану, қатаң түрде зандылық қағидасын сақтауға негізделеді. Құқық қолдану процесі белгілі бір кезектілікпен жүзеге асады. Мемлекеттік-құқықтық теория мен тәжірибеде нақты осы процестің бірқатар дербес сатылары бөлініп шығады. Олардың қарапайым түрі ретінде мыналар танылады: а) істің шын мәніндегі мән-жайларын анықтау және зерттеу; б) уақыт мөлшері, кеңістіктегі және адамдар арасындағы әрекеттердің нақтылығы мен зандылығы тұғысында құқық нормаларының наңдауы мен талдауы; в) құқық нормалары мазмұнының талдау және шешім қабылдау (дербес акті шығару); г) қабылданған шешім мазмұны мүдделі мемлекеттік, қоғамдық органдар мен лауазымды адамдарға мәлімдеу. Кейбір жағдайда құқық қолдану қызметінің тек үш сатысы ғана бөлініп, қарастырылады. Әрине мәселенің төркіні құқық қолдану процесінің бөлінетін сатыларында емес, керісінше олардың мән-мағынасында.

Құқық нормаларын қолдану – құқық пен міндеттері қарастырылған нақты адамға қатысты жазба, қолдану актісі арқылы жүзеге асады. Бұл сабакқа дайындалу кезінде қолдану актісінің нормативтік актілерден айырмашылығын анықтау қажет. Құқық нормаларын қолдану Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде маңызды орын алады. Қылмыспен құресу барысында олармен құқық бұзушылықты ескерту, оны жасаған кінәлі адамды жауаптылықта тарту бойынша әкімшілік және қылмыстық-құқықтық шаралар қолдануы. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде құқық нормаларын қолдану, қатаң түрде зандылық қағидасын сақтауға негізделеді.

Тапсырмалар:

1. Құқық қолдану актісінің жобасын дайындау.
2. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу.

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқыққолдану әрекеті бірнеше сатыда жүзеге асырылады. Әр түрлі авторлардың еңбектерінде әр түрлі анықтамалар берілсе, дегенмен де түпкі ой ортақ. Осылай дей келе құқыққолданудың жеке сатыларына жан-жақты тоқтала кету керек. Құқыққолдану әрекетінің нәтижесі құқыққолдану актісі болып табылады. Студент осы актілердің құрылымына, шығарылу тәртібіне қойылатын талаптармен таныс болуға тиісті және оны пайдалана білуі керек. Оның қуәсі ретінде құқыққолдану актісінің өздері таңдаған бір түрінің жобасын жасап көрсетуге тиісті. Сонында құқыққолдану актісінің нормативті актіден айырмашылығы қарастырылады.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 59; 74; 147-155; 156-168

12-тақырып. Құқықты жүзеге асыру

КОӘЖ – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықты нормасын қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны.
2. Құқық қолдану сатылары. Құқық қолдану актілері.

Тапсырма:

Кесте толтыру

Құқықты іске асыру түрлері	Құқықты іске асырудың белгілері	Құқықты іске асырудың субъектілері

Құқық қолдану актісінің жобасын дайындау

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсныым:

Құқыққолдану әрекетінің нәтижесі құқыққолдану актісі болып табылады. Студент осы актілердің құрылымына, шығарылу тәртібіне қойылатын талаптармен таныс болуға тиісті және оны пайдалана білуі керек. Оның күесі ретінде құқыққолдану актісінің өздері таңдаған бір түрінің жобасын жасап көрсетуге тиісті. Сонында құқыққолдану актісінің нормативті актіден айырмашылығы қарастырылады.

Әдебиеттер: 1-20; 49; 59; 74; 147-155; 156-168

12-тақырып. Құқықты жүзеге асыру

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Сөздікке құқықты жүзеге асыру ұғымын жазыныз.
2. Құқықты қолдану сақтау орындау пайдалану ұғымдарына мысал келтірініз.

Озіндік текстеру материалдары:

1. «Құқық субъектілерінің айғағы мінез-құлдығындағы құқықтық нормалардың үйіншілдерінің жүзеге асыру, нақтылы түрде көрсету» ұғымына берілген анықтамасы -

- құқық бұзушылық;
- құқықтық мәдениет;
- құқықтық сезіну;
- құқықты іске асыру;
- құқықты қолдану.

2. Құқықты жүзеге асырудан тікелей нысандарына жатады -

- қолдану;
- сақтау және қолдану;

- сақтау, орындау, пайдалану;
- барлық айтылғандар;
- дұрыс жауабы жоқ.

3. Құқық нормаларын қолдану түсінігінің анықтамасы -

- бұл нақты өмірлік жағдайларға қатысты құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша құзыретті органдардың қызметін ұйымдастыратын мемлекеттік-біліктік;

- құқық нормаларын қолдану – бұл құқық нормасымен тыйым салыанан әрекеттерден ұстану;

- субъектілермен өз құқықтарын жүзеге асырудан тұратын құқықты жүзеге асыру нысаны;

- бұл нақты өмірлік жағдайларға қатысты құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша құзыретті органдардың қызметін ұйымдастыратын мемлекеттік-біліктік, құқықты жүзеге асырудың мемлекеттік нысаны;

- бұл нақты өмірлік жағдайларға қатысты құқықтық нормаларды жүзеге асыру бойынша мемлекет органдардың қызметін ұйымдастырушылық-біліктік.

4. Құқық қолдану процессинің негізгі сатылары -

- істің дәлелді жағдайларын талдау, зандық саралау, құқық нормасын түсіндіру, іс бойынша шешім қабылдау;

- істің дәлелді жағдайларын талдау, құқық нормасын таңдау, істі шешу, адамның мінез-құлқын (мінез-құлқын) бақылау;

- істің дәлелі жағдайларын талдау, құқық нормаларын түсіндіру, істі шешу;

- оқиға болған жерді қарау, қылмыстық іс қозғау, істі сотқа беру;

- істің дәлелді жағдайларын қарау, зандық талдау, құқық нормасын түсіндіру, іс бойынша шешім қабылдау.

5. Құқықты орындау барысында қандай құқықтық нормалар іске асырылады?

- міндеттеуші;
- басқарушы;
- тыйым салушы;
- реттеуші;
- қорғаушы.

13 тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру

Сабак мақсаты: Құқық нормаларына түсінік берудің ұғымы мен қажеттілігі, түсінік беру әдістері (тәсілдері), құқық нормаларына көлемі бойынша түсінік беру түрлері, құқық нормаларына субъектілер бойынша түсінік беру түрлері және т.б. маңызды тақырып мәселелерін жете зерделеу

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық нормаларына түсінік берудің ұғымы мен қажеттілігі.
2. Түсінік беру әдістері (тәсілдері). Құқық нормаларына көлемі бойынша түсінік беру түрлері.
3. Құқық нормаларына субъектілер бойынша түсінік беру түрлері.

Дәріс тезисі:

Нормативтік-құқықтық актілерді талқылау. Құқық нормаларын талқылау – құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру. Талқылау барысында нормативті нұсқаудың мазмұны, олардың әлеуметтік бағытталғандығы, құқықтық реттеу жүйесіндегі ролі мәселелері шешіледі. Талқылау зандық нормалардың абстрактілігіне, арнаулы терминологияға, құқық шығармашылық әрекеттің ақаулығына байланысты қажет. Құқықтық нормаларды талқылау әрекетінің мақсаты зандық нұсқауларды біртекtes дұрыс түсінуді және оларды орынды қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Талқылаудың екі жағы танылған:

- мазмұнын субъектінің өзінің ұғынуы;
- өзгелерге түсіндіруі.

Ішкі интеллектуалды процесс ретіндегі норма талаптарын ұғыну мен құқық мазмұны туралы өзіндік тұжырымдарын құқықтық актіні қалай түсіну қажеттігін көрсету мақсатында сыртқа шығару құқықты талқылау ұғымына бірігеді. Құқықты талқылау мәселелері құқық қолдану мен құқықты жүзеге асыру көлемінен асып кетуде. Себебі, ол мемлекеттік-құқықтық өмірді ғылыми және кәдуілгі тану процесінде дербес мағынаға ие. Сондай-ақ, қолданыстағы құқықтың мазмұны туралы нақты түсінікті болуы құқықшығармашылық әрекетінің барысында да аса қажет. Онсыз жаңа құқықтық акт қабылдау немесе бар актілерді жүйелендіру мүмкіндігі болмай қалады.

Талқылау объектісі болып зандар және заңға бағынышты актілер саналады. Оларда бекітілген нормалар ғана емес, актілердің преамбуласы да, өзге де бекітілген ережелері маңызды болып табылады. Талқылау пәні занда көрініс тапқан заң шығарушының тарихи еркі танылады. Занды қолдану уақытындағы заң шығарушының да еркі ескеріледі, себебі талқыланған актілерден кейінгі шығарылған құжаттарда алдыңғы актінің мазмұны тікелей немесе жанама түрде бұзылуы мүмкін. Эрине, бұндай жағдай зандылықтың қатаң режимі сақталған және құқықтық тәртіп орнатылған жағдайда орын алуды тіпті де мүмкін емес. Талқылау субъектілері деп құқық нормасының мазмұнын түсіндіруге заңмен, арнаулы құзіретті органдардың өкілеттілігімен рұқсат етілген құқық субъектілерін айтамыз. Құқықты талқылаудың түрлеріне байланысты талқылау субъектілері де әртүрлі болады. Кәдімгі талқылау субъектісі ретінде кез келген адам танылатын болса, кәсіби талқылаудың субъектілер заң мамандары болып табылады. Ал, ресми талқылау құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Сот Кеңесіне берілген. Конституциялық Кеңес Парламент қабылдаған зандарды, халықаралық шарттарды бекіткенге дейін Конституцияға сәйкестігін қарайтын, дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізуіндің және респубикалық референдум өткізуіндің дұрыстығы туралы мәселені шешетін, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беретін арнаулы мемлекеттік орган болып табылады. Жоғарғы Сот Кеңесі соттардың қарауындағы істерге

байланысты талқылау жасауға құқылы. Талқылау субъектілеріне байланысты екі топқа жіктеледі: ресми және биресми. Ресми талқылау – құқық нормаларының мазмұнын арнаулы заңдық нәтиже туғызатын актілерде арнаулы мемлекеттік органдардың түсіндіруі. Ресми талқылау нормативті және казуалды болып бөлінеді. Нормативті түсіндіру біртекtes барлық істерді шешу барысында міндettі болатын, жалпы сипаттағы түсіндірме. Оның өзі екіге бөлінеді: аутентикалық және легалдық. Аутентикалық талқылау деп нормативті актілерді қабылдаған органның өзінің түсіндірме беруін айтамыз. Легалдық талқылау - басқа органдар қабылдаған құқықтық актілерді заңмен рұқсат етілген, соған өкілетті мемлекет органдарының талқылауы. Казуалды түсіндіру нақты істі қарау кезінде міндettі болатын түсіндірме. Қазақстан Республикасында заң актілерін талқылау құқығы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне және сот органдарына берілген.

Биресми талқылау деп заңды міндettілік күші болмайтын, талдау терендігімен, сенімділігімен және негізделгендігімен сипатталатын құқық нормаларын талқылаудың бір түрін айтамыз. Ол үшке бөлінеді: доктриналды, кәсіби және кәдімгі талқылау. Кәдімгі талқылау – құқықтық нормаларды әрбір жеке азаматтың өзінің білім деңгейіне және жеке сенімдеріне сәйкес түсіндіруі.

Кәсіби талқылау деп құқықтық арнаулы білімі бар мамандардың өз қызметін жүзеге асыру барысында беретін құқық нормаларына түсіндірмесін айтамыз. Доктриналды талқылау – монографияларда, ғылыми еңбектерде және тағы басқа құқық нормаларын ғылыми саралау кезінде жүргізілетін талқылау.

Талқылау тәсілдері құқықтық актілерді талдау әдістерінің салыстырмалы ерекшеленген жиынтығы. Оның мынандай түрлері бар: - грамматикалық (тіл заңдылықтары, грамматика ережелері, орфография көмегімен талқылау); - логикалық (логика заңдылықтары мен ережелері көмегімен талқылау); - жүйелік (құқық нормасының өзге нормалармен жүйелік байланысын анықтай отырып, оның нақты орнын ескере отырып шешу); -арнаулы заңдық (заңнамада қолданылатын заңдық терминдердің мазмұнын ашу арқылы талқылау); - тарихи-саяси (нақты құқықтық норманы қабылдаудың саяси және нақты тарихи астарын анықтай отырып түсіндіру).

Құқық нормаларын талқылау барысында талқылау актілері қабылданады. Оған мынандай белгілер тән: заң нормасы мазмұнын түсіндіру қызметін атқарады; нормативті емес, нақтыландыруши нұсқаулардан тұрады; дербес маңызы болмайды, талқылау жасалынып отырған актілермен бірге қолданылады; құқық нысаны немесе қайнар көзі бола алмайды.

Әдебиеттер: 1-21; 26-28; 30; 52; 147-155; 156-168

13 тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық нормаларына түсінік беру: ұғымы, әдістері және түрлері.
2. Құқықтың ұқсастығы және заң ұқсастығы.

Әдістемелік ұсныныс:

Құқық нормасын талқылау құқық шығармашылық үрдісінде, құқықты жүйелеуде және тіпті құқық қолдануда маңызды орынға ие, әсіресе, құқықты қолданудан бұрын оның мағынасын ұғыну керек, ал кей жағдайда оны талқылау қажет. Құқық нормаларын талқылау барлық құқық субъектілері (мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алғатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру болып табылады. Құқықты түсіндірудің қажеттілігі неде деген сұраққа жауап беру керек. Түсіндіру процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т.б. анықтай білу қажет. Талқылаудың мақсаты заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Талқылау қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол зандағы ережелерді талқылауға және нақтылауға бағытталғандығын білу абыз.

Құқық нормаларын қолдану барысында, құқық нормаларының мазмұнын тереңнен оқып ұғыну керек, бір сөзben айтқанда оларға түсінік беру қажет. “Құқық нормасына түсінік беру” – термині ұш мағынада қарастырылады. Біріншіден, түсінік беру деп, құқық нормаларын жалпылай түсіндіру. Құқық нормаларын кімнің түсінік беруіне баланысты ресми және бейресми болып екіге бөлінеді. Ресми түсінік өкілетті мемлекеттік орган және лауазымды адаммен беріледі. Ол жалпыға міндет не болмаса тек нақты жағдай үшін ғана міндетті болуы мүмкін. Түсіндірме, оқулық монографияларда зангер ғалымдармен берілген түсініктеме тәжірибе үшін маңызы бар, бірақ міндетті сипатқа ие емес. Екіншіден, түсінік беру, құқық нормасының мәнін ұғыну ретінде болмақ. Құқық нормасын ұғыну – құқық нормаларын қолдануға қажетті саты. Құқық нормасын қолданатын адам, заң шығарушының ойы мен құқық нормасын шығара отыра мемлекеттің алдына қойған міндеттерін айқындалап алғаны жөн. Негізінде құқық нормасын ұғынуында төрт тәсіл бар: а) тарихи-саяси; б) сауаттамалы; в) жүйелі; г) қисынды. Үшіншіден, қисынды түрде ұғындыру нәтижесінде құқық нормаларының мынандай тұстарын айқындауға болады. Мысалы: құқық нормасының сөздік пайымдалуы заң шығарушыменен сәйкес келмейді. Ондай жағдайларда құқық нормасына көлемі бойынша түсінік беру жөнінде сұрақ туындаиды.

Құқық нормалары көп жағдайларда қатаң түрде заң әріпімен түсіндіріліп, қолданылады. Мұндай түсінік беру сөзбе-сөз деп аталады. Алайда, белгілі бір жағдайларда құқық нормасының мәні, оның сөзбе-сөз мәтінінен кең немесе тар болғанда, таралмалы немесе шек қоятын түсінік берудің қажеттілі жөнінде сұрақ туындаиды. Құқық нормасының мазмұнын анықтауға бағытталған амал, құрал, тәсілдердің жиынтығы болатын талқылау әдістері: грамматикалық, логикалық жүйелік, тарихи-саяси, арнаулы зандық, телеологиялық (мақсатты) әдістерді анықтаудың көмегімен талқылап, мысалдар келтіру. Талқылаудың нәтижесі мәтін мен занды нормалардың нақты мазмұны қатынастарына байланысты әр түрлі болуы мүмкіндігін анықтау. Осы қатынастан шыға келе,

көлемі бойынша талқылаудың үш түрі: сөзбе-сөз, шектеулі, таралушылардың мағынасын мысал келтіре отырып, түсіндіру қажет.

Субъектілер бойынша талқылау түрлері, субъектілеріне байланысты талқылаудың мынадай түрлері болады: ресми мұндай түсіндіруді өкілетті субъектілер ғана береді, олар арнайы актіде көрініс табады және занды салдарды туындалады; бейресми; мұндай түсіндірудің занды міндетті мәні болмайды және биліктік күші жоқ екендігіне түсініктеме беру керек Ресми түсіндіру: нормативтік (тұлғалар мен жағдайлардың кең шеңберіне таралады) және казуалды (тек нақты бір жағдай үшін міндетті болып табылады) болып екіге бөлінеді, нормативтік талқылау өз кезегінде аутентикалық (нормативгік актіні қабылдаган органмен беріледі) және легалды (өкілетті субъектілер береді) болып екіге бөлінетіндігін мысалдармен анықтамасын жасау қажет. Курсанттар құқық нормаларына түсінік берудің барлық осы түрлерін білулері қажет.

Бұл тақырыпты оқу барысында құқықтың ұқсастығы мен заң ұқсастығы туралы сұрақты қарағандары жөн. Бұл үғымдар оқулықта жеткілікті түрде толық түсіндірілген. Алайда курсанттар дұрыс жауап беруге жиі қиналады. Құқық ұқсастығы мен заң ұқсастығы құқық кемшіліктерін жою үшін қолданылады. Бұл қайта туындауы мүмкін сұрақтарды шешу үшін қажет. Бірақта, мұндай тәсіл қылмыстық құқық үшін қолдануға жарамсыз. Себебі қылмыстық жауаптылық тікелей занда (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 9-шы бабының 1-ші тармағы) көрсетілген іс әрекеттер жасалған жағдайда ғана туады. Құқықтың басқа салаларында заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығы сакталады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 10-шы бабы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-ші бабы).

Тапсырма:

Мына сұрақтарды өздігімен қарастыру қажет:

- Құқықты талқылау түсінігі
- Құқықты талқылау субъектілер
- Талқылау түрлері

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқықты талқылау құқыққолданушы субъектілер мен азаматтардың норма талаптарын бірдей түсініп, жүзеге асыра алуды үшін қажет. Сондықтан студент талқылау субъектілерін, оны жүзеге асыруши органдарды, талқылау түрлері мен тәсілдерін білуге тиісті. Талқылау әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Құқықты талқылау субъектілеріне байланысты ресми және биресми деп жіктеледі. Ресми өз алдына аутентикалық және легалдық, нормативті және казуалды болып бөлінеді. Биресми талқылау түрлері доктриналдық, кәсіби және кәдімгі болып табылады. Талқылаудың көлеміне, әдістеріне де байланысты түрлері танылған.

Әдебиеттер: 1-21; 26-28; 30; 52; 147-155; 156-168

13 тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма:

1. Құқық нормаларына субъектілер бойынша түсінік беру түрлері.
2. Құқықтың ұқастығы мен заң ұқастығы.

КОӘЖ өткізу нысаны: ауызша

Әдістемелік ұсыныс:

КУРСАНТ өздігімен жұмыска дайындалу барысында әрекеттегі Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасап оған түсінік берудің негізін анықтау керек. Қолдануға ұсынылатын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.

Әдебиеттер: 1-21; 26-28; 30; 52; 147-155; 156-168

13 тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Сөздікке мына ұғымдарды жазынызыз, (әдістері) талқылау, талқылау көлемі бойынша, ресми талқылау, Би ресми талқылау, нормативтік, казуальдық, аутентентикалық, зандық талқылау.
2. ҚР азаматтық кодексінен 5 бабын оқыныз (құқықтағы және зандағы оқаулықтар) - қандай орган конституциялық түсінік береді? Ол қалай аталады?
- құқық нормасын талқылауға мысалдар келтірініз.

Озіндік тексеру материалдары:

1. Ресми және биресми талқылау.
2. Нормативті және казуалды талқылау.
3. Талқылау тәсілдері.
4. Құқықтағы ақаулық және оның орнын толтыру әдістері.
5. Құқық ұқастығы және заң ұқастығы

14 тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет

және құқықтық нигилизм

Сабак мақсаты: Құқықтық сана ұғымы, құрылымы және оның турлери, құқықтық мәдениет түсінігі және құрылымы, құқықтық сана мен мәдениеттің арақатынасы және олардың қалыптасуындағы құқықтық тәрбие маңызды тақырып мәселелерін жете зерделеу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық сана ұғымы, құрылымы және түрлері.
2. Құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие.
3. Құқықтық нигилизм мәні мен нысандары.

Дәріс тезисі:

Құқықтық сана. Құқықтық сана – адамдардың әрекеттегі құқыққа, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа қатынасын көрсететін көзқарастарының, сезімдерінің және көңіл-күйлерінің, бағаларының жиынтығы. Құқықтық сана идеалды, тікелей көрінбейтін құбылыс. Ол қоғамдық сананың үлгісі болып табылады. Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылданған заңдарға, нормативті акт жобаларына деген жағымды немесе жағымсыз қатынасын білдіреді. Құқықтық сана қоғамда әртүрлі қызмет атқарады. Олардың қатарына танымдық, бағалық және реттеушілік функциялар жатады. Құқықтық сананың мәліметтік, болжамдық қызметтері негізгі функцияларын толықтыра түседі.

Құқықтық сана құрылымы екі элементтен тұрады. Оған құқықтық идеология және құқықтық психология енеді. Құқықтық психология – қоршаған құқықтың болмыстық әсерінен қалыптасып, пайда болатын, құқықтық сананың алғашқы, бастапқы тәжірибелік сатысы. Құқықтық идеология – ғылыми-теоретикалық деңгейдегі құқықтық сана, құқыққа қатынас көрсетілген идея, теория, концепциялар. Құқықтық идеология құқықтық сананың басты құрылымдық элементі. Құқықтық сана мазмұнына байланысты: кәдімгі, кәсіби және ғылыми құқықтық сана болып бөлінеді. Кәдімгі құқықтық сана – құқық және заңдылық, сот әділдігі туралы стихиялы түрде қалыптасқан жалпылама пікір, ұғым, сезім, дәстүр. Кәсіби құқықтық сана – құқық және заңдылық туралы маман-заң қызметкерлерінде қалыптасатын ұғымдар, пікірлер, сенімдер және ойлар. Ғылыми құқықтық сана – құқықтың теоретикалық негіздерін көрсететін идеялар, түсініктер, конструкциялар. Құқықтық сана субъектісі бойынша – жеке, топтық, қоғамдық құқықтық сана бөліп жіктеледі. Жеке және топтық құқықтық сана әлеуметтік сипатта болады, қоғамдық және топтық құқықтық сана жеке санадан тыс өмір сүре алмайды.

Құқықтық мәдениет. Тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықты терең білу, түсіну, оның талаптарын саналы түрде орындау болып табылады. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен тығыз байланысты және оған сүйенеді. Ол көлемі бойынша құқықтық санадан кең, себебі психологиялық және идеологиялық элементтерімен қоса, заңды маңызды әрекетті қамтиды. Аталған үшеуі жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің құрылымын құрайды.

Тұлғаның құқықтық мәдениеттілігі адамның құқықтық білімділігін, құқықтық санасын, құқықты пайдалана білу машықтарын, өз әрекетін заңдық норма талаптарына бағындыра білуін білдіреді. Қоғамның құқықтық мәдениеттілігі – қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі, заңдық нормалар мен заңдық әрекеттің прогрессивтік деңгейі.

Құқықтық мәдениеттің құқықтық мемлекет қалыптастыруды маңызы зор. Қазіргі заңгер әрекетіндегі құқықтық мәдениет деңгейі әлі де болса көтеруді талап етеді. Лауазымды тұлғалар мен азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтеру – Қазақстан Республикасында демократиялы, тәуелсіз және құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

Құқықтық тәрбие – мемлекеттік органдар мен қоғамдастықтың азаматтар мен лауазымды тұлғаларда құқықтық сана мен құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағытталған әрекеті. Құқықтық тәрбие кадрлар, заң қызметкерлерін даярлау, құқықтық насиҳат жүргізу, құқықтық сананы нығайту және заң мәдениетін дамыту жұмыстарын жүргізу үшін қоғамда қолданылатын идеологиялық-ұйымдастыру ықпалының жүйесі.

Тәрбиелеу нысандары да әртүрлі. Олардың қатарына құқықтық білім беру, құқықтық насиҳат, зандық тәжірибе, өзін-өзі тәрбиелеу жатады. Құқықтық білім беру орта мектепте, орта арнаулы және жоғарғы білім беру мекемелерінде құқықтық білім беру, жинақтау және игеруден турады. Құқықтық насиҳат құқықтық идеяларды және құқықтық талаптарды теледидар, радио және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен тұрғындарға таратуды білдіреді. Зандық тәжірибе құқық қолдану әрекеті үрдісіне азаматтардың қатысуымен зандық мәлімет, білім беруге көмектеседі. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке тәжірибемен, өзіндік білім қалыптастырумен, құқықтық құбылыстарды өзіндік талдаумен байланысты.

Құқықтық нигилизм. Қазіргі қоғамда құқық пен зандылықтың девальвациясы, зандарды жоққа шығару немесе олардың реттеуші, әлеуметтік ролін бағаламау түрінде көрініс табатын құқықтық нигилизм кең таралған. Құқықтық нигилизм – құқықтың әлеуметтік және жеке құндылығын жоққа шығаратын, оны қоғамдық қатынастарды реттеудің аз жетілген әдісі ретінде санайтын қоғамдық-саяси ойдың бағыты. Әлеуметтік құбылыс ретіндегі, қоғамдық, топтық және жеке сана қасиеті ретіндегі құқықтық нигилизмнің көрінісі әртүрлі:

- құқықтың ролі мен маңызына бейқам, қаперсіз карау;
- құқық мүмкіндіктеріне сенімсіздікпен қарау;
- құқыққа толықтай сенбеу және оған жағымсыз көзқараста болу.

Құқықтық нигилизмнің таралуына негіз болатын себептер:

1) Құқықтық нигилизмнің тарихи астары бар. Адамдарды ғасырлар бойы қанау, құқықтар мен бостандықтардан айыру, жазалауды басым түрде қолдану сияқты жағдаяттар құқықтың реттеу мүмкіндіктеріне күмән келтіруге әкеліп соғады;

2) Әкімшілік-командалық әдістердің, құпия және жартылай құпия заңға бағынышты нормативтік-актілердің үстемділігімен танылған құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен байланысты. Онда конституциялар мен аздаған демократиялық зандар тұлға құқықтары мен бостандықтарын тек жарияладап қана қойды, соттардың ролі, құқық беделі төмен еді.

3) өтпелі кезеңдегі зандылықтың дағдарысы және қабылданған зандардың әрекет ету механизмінің дұрыс жолға қойылмауы, реформаларды жүзеге асырудың ұзақтығы себеп болды.

Құқықты конструктивті сынауды құқықтық нигилизмнен ажырата білу қажет. Сондай-ақ, зандық идеализмнен – құқықтың және құқықтық құралдардың ролін абсолюттендіруден де аулақ болған жөн.

Әдебиеттер: 1-21; 54; 62; 66; 89; 108; 147-155; 156-168

14 тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық сана ұғымы, құрылымы және оның түрлері.
2. Құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие.
3. Құқықтық нигилизм мәні мен нысандары.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақты оқуда ең алдымен қоғамдық сананың бір нысаны ретінде құқықтық сана ұғымын түсінген соң екі элементтен тұратын оның құрылымына ауысу керек. Адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны құқықтық сананың жаңадан қабылданған зандарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген он немесе теріс көзқарасын айта кету керек. Құқықтық сананың құқықтың қажеттігін түсіну және сезіну, құқықты бағалау, заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсіну, қолданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуіндегі қажеттігін түсіну, құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдау сынды белгілеріне тоқтала отырып, құқықтық сананың ерекшеліктерін көрсету қажет. Сонымен қатар, құқықтық сананың рөлі және оның функцияларынан қалай көрініс табатынын зерделеу.

Келесі сұраққа дайындық кезінде, құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрганмен, алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда кең болу себебі психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, занды мәні бар мінез-құлқыты да қамтитынын атап өту қажет. Құқықтық мәдениеттің құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бірденгейі, халықтың зандарды білуінің тиісті дәрежесі, құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі, құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру процесстерінің сапалық жағдайы, құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері, құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері түріндегі белгілерінің мәнін ашып айту. Бұлардың барлығын жекелік және қоғамдық тұрғысынан қарастыру керек. Сонымен қатар, құқықты білу және түсіну, соған сәйкес әрекет ету тұлғаның құқықтық мәдениеті, білімділігін білдіретінін, құқықты қолданудың дағдылары мен қабілеті, өз мінез-құлқын заң нормаларына бағындыру жататындығын келтіру.

Үшінші сұрақ бойынша әлеуметтік нигилизмнің бір түрі, жалпы алғанда құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз - қарсы, сыйламаушылық қатынас құқықтық нигилизмнің басты себебі тұрғындардың көвшілігінің занды қадірлемеушілігі, құқықтық тәрбиесіздігі, тұғырында қоғамға деген құқықтың қажетсіздігі жататындығына дәлелдер мен мысалдар келтіру. Нигилизм субъектінің өз әлеуметтік-құқықтық мәртебесімен қанағаттанбауының, оның пікірі бойынша өзінің потенциалды мүмкіндігін дұрыс бағаламауының нәтижесін көрсету керек. Оның көрінісінің сан алуан қыры, жақтары, нысандары бар мысалдармен анықтамасын жасау қажет.

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасындағы құқықтық сана мен мәдениеттің дәрежесі туралы ой толғау (жазбаша жұмыс)

2. Құқықтық нигилизм себептері, нысаны және жою жолдары туралы ой қорыту

3. Құқықтағы ақаулық және олардың орнын толтыру әдістері туралы (реферат)

КОӘЖ өткізу түрі: ауызша, жазбаша

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқықтық сана мәселелерін қарастыруды оның түсінігін, мәнін, құрылымын, функцияларын, түрлерін анықтаумен ашу қажет. Құқықтық сананың әртүрлі деңгейлерінің құқықтық шындықты түсінудегі ролі де айқындалады. Сондай-ақ, бұл тақырыпта құқықтық мәдениет мазмұны, элементтері, функциялары да қарастырылады. Құқықтық мәдениеттің құқықтық мемлекетті қалыптастырудың, заң шығармашылық және құқыққолданушылық әрекеттегі маңызы көрсетілуге тиісті

Әдебиеттер: 1-21; 54; 62; 66; 89; 108; 147-155; 156-168

14 тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм

КОӘЖ-1 сағат

Тапсырма:

1. Құқықтық нигилизм мәні мен нысандары.

2. Құқықтық сана, құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет, олардың өзара байланысы мен ара қатынасы.

3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті.

КОӘЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдебиеттер: 1-21; 54; 62; 66; 89; 108; 147-155; 156-168

14 тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм

КОӘЖ – 3 сағат

Тапсырма:

Сөздікке анықтамасын жазыныз:

1. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, құқықтық тәрбие мына жарлықты оқыныз № 424 14.06.02ж.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 ж. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» конспектілеу.

Өзіндік тексеру материалдары:

1. Құқық аналогиясы дегеніміз -

- заңды істі қажетті құқықтық норма болмаған жағдайда, мазмұны жағынан жақын құқықтық норма негізінде шешу;

- істі әдет-нормалар негізінде шешу;
- істі моральдық нормалар негізінде шешу;
- істі құқықтың жалпы принциптері негізінде шешу;
- істі діни нормалар негізінде шешу.

2. Зан ұқсастығы дегеніміз -

- істің шешімін құқықтық реттеудің жалпы бастаулары мен принциптері негізінде табу;
- істің шешімін мазмұны жағынан ең жақын келетін құқық нормасы негізінде табу;
- істің шешімін сот үлгі ісі негізінде табу;
- істің шешімін өнеге нормасы негізінде табу;
- істің шешімін әдет-ғұрып негізінде табу.

3. Құқықтық сана денегіміз -

- күші бар және тілегіне сай (ықыласы түскен) құқықтарға адамдардың қатысын білдіретін түсініктері мен сезімдерінің жиынтығы;
- құқыққа теріс көзқарасын білдіруі;
- құқыққа оң көзқарас, құқықты құрмет тұту және дұрыс бағалау;
- субъектінің заңды мінез-құлықы;
- субъектінің заңға теріс келетін (заңға сыймайтын) мінез-құлықтары.

4. Қоғамның құқықтық мәдениетінің көрсеткіштері -

- төменде аталғандардың бәрі, сондай-ақ құқық шығармашылық ісінің және құқықты жүзеге асыру мәдениеттерінің деңгейі;
- құқық қорғау органдарының жұмыс атқару деңгейі, олардың материалдық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілуі;
- заңдылық пен құқықтық тәртіптің деңгейі;
- заң жасау, шығару ісінің кемелдену деңгейі;
- азаматтармен лауазымды тұлғалардың құқықтық санасының, олардың құқықтық нормалар үйғарымдардың орындалуына сенімдерінің деңгейлері.

5. Құқықтық мәдениет түсінігі -

- құқықты терең білу, түсіну, оның талаптарын саналы турде орындау;
- құқық нормаларды жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын қоғамдық тәртіп;
- ғылыми-теоретикалық деңгейдегі құқықтық сана;
- қоршаған құқықтық болмыстың әсерінен қалыптасатын құқықтық сананың бастапқы тәжірибелік сатысы;
- құқықтың теоретикалық негіздерін көрсететін идеялар, түсініктер, конструкциялар.

15-тақырып. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық.

Заңды жауаптылық

Сабак мақсаты: Құқықтық мінез-құлық ұғымы мен түрлері, құқық бұзушылық ұғымы, белгілері және оның түрлері, құқық бұзушылық құрамының тақырып мәселелерін жете зерделеу.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мінез-құлық ұғымы және түрлері.
2. Құқық бұзушылық ұғымы, белгілері және оның түрлері.
3. Құқық бұзушылық құрамы.
4. Занды жауаптылық ұғымы, белгілері және оның түрлері.
5. Занды жауаптылықтан босату негіздері.

Дәріс тезисі:

Құқықтық мінез-құлық. Адам әрекеті заң түрғысынан үш түрлі болуы мүмкін: құқықтық, құқыққа қарсы, занды бей-жай /құқықтық салдары болмайды, құқық түрғысынан бағаланбайды/. Құқықтық мінез-құлық - құқық нормасында көрсетілген, мемлекетпен кепілдендірілетін және қорғалатын, қоғам мүддесі түрғысынан қажетті және мүмкін болатын құқық субъектілерінің әрекеті.

Белгілері: 1/ Әлеуметтік маңыздылығының болуы, қоғамдық мақсат, мүдделерге сай келеді /мазмұндық жағы/; 2/ Жеке тұлғаның санасы мен еркіне бағынышты /субъектілік жақ/; 3/ Заңмен белгіленген көлемде болады /формалды жағы/; 4/ Мемлекетпен қорғалады; 5/ зандық салдар туындалады.

Құқыққа сай әрекеттердің түрлері:

- Әлеуметтік белсенді, пайдалы әрекет /құқықтық сана мен мәдениеттің, жауапкершіліктің және еріктіліктің ең жоғарғы дәрежеде болуы/.
- Конформисттік әрекет /тұлғаның сыртқы жағдайлар мен өзгелерге бейімделуінің нәтижесі; терең және жан-жақты сезінусіз орындау/.
- Маргиналды әрекет /корқынышқа немесе жеке есепке негізделген әрекет/.

Құқық бұзушылық және занды жауапкершілік. Құқық бұзушылық - занды жауапкершілік тудыратын деликт қабілетті адамдардың кінәлі, құқыққа қарсы әрекеті. Белгілері: іс-қимыл /әрекет немесе әрекетсіздік/; кінә; құқыққа қарсылық; қоғамға зияндылық, зиянды нәтиже; іс-қимыл мен зиянды нәтиженің арасындағы себепті байланыс; занды жауапкершілік.

Құқыққа қарсылық пен қоғамға зияндылық - негізгі объективті белгі болып табылады. Құқық пен құқыққа қарсылық ажыратады. Қоғамға зияндылық - адамзат қоғамының құндылықтарына қол сұғады, жеке және қоғамдық мүддеге зиян келтіреді. Ол типтілігі, кең таралғандығымен де қоғамға зиянды.

Қоғамдық қарсылық 2 жақты: 1/ қоғамға зиянды /қауіпті/ әрекет заңмен ресми түрде құқыққа қарсы деп танылуы керек. Құқыққа қарсылық қоғамға зиянды әрекеттің объективті формасы /сыртқы жағы/; 2/ құқыққа қарсылық құқық бұзушылықтың объективті жағы. Объективті болу себебі: құқық бұзушылық құқықтағы мәндікке зиян келтіреді, яғни қоғамдық құрылым негіздеріне, адам және азамат құқықтарына қол сұғады. Зандық форма мен әлеуметтік мазмұн арақатынасы мынадан көрініс табады:

1/ зандық форма құқық бұзушылық ретінде қоғамға аса қауіпті және зиянды әрекетті бекітеді. Бұнда қоғамға қауіптілікпен зияндылықпен қатар тікелей топтық - саяси мүдде де үлкен роль атқарады. Сондықтан әлеуметтік

мазмұнға сәйкес; 2/ заңдық форма қылмысты анықтау барысында салыстырмалы дербестік көрсетеді; 3/ экономикалық саладағы әлеуметке қарсы көріністерді бекітуде заңдық форма үлесі аз. Бірақ ол оның әлеуметтік мәніне сай келеді; 4/ Мемлекеттік-саяси, әкімшілік қатынастар аймағында заңдық бекітілуге тиісті билікті қолдау міндепті жатады.

Құқық бұзушылық 4 құрамдас бөліктен тұрады: субъект, объект, субъективті жақ, объективті жақ.

Құқық бұзушылықтың объектісі – құқыққа қарсы және қоғамға зиянды әрекет бағытталған қоршаған ортаның құбылыстары. Объект үшке бөлінеді: текті объект, онда қоғамдық қатынастардың барынша үлкен тобы қарастырылады; түрлі объект /адам өмірі, денсаулығы, мұлкі, намысы т.б./ және тікелей объект болады /ол қылмыс нақты бағытталған құбылыс/.

Құқық бұзушылықтың объективті жағы құқыққа қарсы және қоғамға зиянды әрекеттің анықталған актісі ретінде сипаттайтын элементтерінен құралады. Оған үш түрлі элемент кіреді: әрекет немесе әрекетсіздік; зиянды нәтиже; әрекет немесе әрекетсіздіктің зиянды нәтижемен себеп салдарлы байланысы.

Құқық бұзушылықтың субъективті жағын оны жасаудың әлеуметтік-психологиялық механизмін сипаттайтын, жеке тұлға санасының элементтері құрайды. Субъективті жақ кінә ұғымымен анықталады. Ол қасақана және абайсыздық болып бөлінеді. Қасақана тікелей кінә - тұлға өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін біледі, зиянды нәтиже туындау мүмкіндігін немесе тиістілігін көре біледі, соны қажет етеді. Жанама қасақана кінә - субъект өз әрекетінің қоғамға қауіпті сипатын алдын ала біледі, зиянды нәтиже болу мүмкіндігін көре біледі, тілемейді, бірақ занда көрсетілген зиянды нәтиже туындауын саналы түрде мүмкін етеді немесе оған бейжай қарайды.

Абайсыздық өз алдына екіге бөлінеді: қылмыстық өз-өзіне сенушілік немесе менмендік және қылмыстық немкұрайдылық немесе салғырттық. Қылмыстық өз-өзіне сенушілік тұлға өз әрекетінің қоғамға зиянды нәтижесін алдын ала біледі, бірақ негізсіз өзін-өзіне сену арқылы оның алдын аламын деп ойлайды. Қылмыстық салғырттық тұлға өз әрекетінің қоғамға зиянды нәтижесін көре білмейді, бірақ тиісті және көре білуі мүмкін болады.

Құқық бұзушылықтың субъектісі деликт қабілетті жеке тұлғалар мен әлеуметтік ұйымдар. Құқық бұзушылық әлеуметтік қауіптілігі /зияндылығына/ байланысты екі топқа бөлінеді: қылмыс және теріс қылық.

Қылмыс қылмыстық занда көрсетілген және қылмыстық жазалау шараларын қолдануды тудыратын қоғамға қауіпті әрекет. Ол занда толық түрде беріледі, кеңейте талқылауға болмайды.

Теріс қылық – занда қылмыс деп танылмаған, қылмыспен салыстырғанда қоғамға қауіптілігінің төменділігімен сипатталатын өзге де Құқық бұзушылықтар. Теріс қылық

- азаматтық /мұліктік және жеке мұліктік емес қатынастар аймағында жасалатын, ұйымдар мен жеке азаматтарға мұліктік зиян келтірудегі т.б. көрінетін әрекет;

- әкімшілік /заңмен тағайындалған қоғамдық тәртіпке, мемлекеттік органдарды атқару жарлық ету әрекеті аймағындағы қатынастарға қызметтік міндettі жүзеге асырумен байланыссыз/ зиян келтіretіn Құқық бұзушылықтар;

- еңбектік /еңбектік қатынастар аймағында жасалатын кәсіпорын мекеме, ұйым әрекетіндегі ішкі тәртіпке қол сұғатын Құқық бұзушылықтар;

- іс жүргізушилік /әділсотты жүргізудің занда тағайындалған ұрдісіне қол сұғатын құқық бұзушылықтар болып бөлінеді.

Занды жауапкершілік жасалған Құқық бұзушылыққа сәйкес қолданылатын, кінәлі жаннның жеке, мұліктік немесе ұйымдастырушылық сипаттағы айырылышылықтарымен байланысты болатын мемлекеттік мәжбүр ету шаралары.

Занды жауапкершілік шаралары: жеке, мұліктік, ұйымдастырушылық сипатында болуы мүмкін. Занды жауапкершілікке тән белгілер:

- 1) құқықтық нормаларда мемлекетпен тағайындалады;
- 2) мемлекеттік мәжбүрлеумен негізделеді;
- 3) арнаулы өкілді мемлекеттік органдармен қолданылады;
- 4) жаңа қосымша міндett жүктеумен байланысты болады;
- 5) жеке, мұліктік, ұйымдастырушылық сипаттағы белгілі теріс нәтиже түрінде көрінеді;
- 6) құқық норма санкциясын жүзеге асыру нысаны, нақты жағдайда нақты адамға қатысты қолданылады;
- 7) іс жүргізу нысанында жүктеледі;
- 8) жасалған қылмыс үшін және соның деңгейіне сай қолданылады.

Занды жауапкершіліктің фактілі негізі - Құқық бұзушылық; занда негізі - құқық нормасы және тиісті құқық қолдану актісі /мәжбүрлеу шаралар көлемі, нысаны/. Мақсаты - субъективті құқықтар мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамды тәртіпті қорғау.

Занды жауапкершілік әртүрлі негіздер бойынша жіктелінеді. Құқық салаларына байланысты:

- қылмыстық /құқыққа сәйкес қолданылады, ешкім сот үкімінсіз жауапқа тартылмайды; ең ауыр жаза/

- әкімшілік /қоғамдық тәртіпті бұзы немесе атқаруши органдардың қызметіне кедергі келтіруге қатысты қолданылады

- азаматтық /шарт бұзғандық үшін немесе шарттан тыс міндettемелерді орындау барысында қолданылады.

- тәртіпшілік /еңбек, оқу, қызмет ету, әскери тәртіpterді бұзғандық үшін қолданылады; түсініктеме талап етіледі; әкімшілік немесе тәртіпшілік алқамен салынады; - материалдық /еңбектік міндettтерін атқару барысында қызметкер, жұмысшыға келтірілген кәсіпорын, мекеме, ұйым зияны үшін туындайды

Әдебиеттер: 1-21; 31-32; 39; 42; 57; 86; 105; 147-155; 156-168

15-тақырып. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық.

Занды жауаптылық

Семинар – 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мінез-құлық ұғымы және түрлері.
2. Құқық бұзушылық ұғымы, белгілері және оның түрлері.
3. Құқық бұзушылық құрамы.
4. Занды жауаптылық ұғымы, белгілері және оның түрлері.
5. Занды жауаптылықтан босату негіздері.

Әдістемелік ұснысы:

Аталмыш сабакқа дайындық барысында курсанттар, дәріс материалдары мен тәжірибелік жұмыстан алынған білімдерін пайдаланулары қажет. Бірінші сұраққа дайындалғанда курсанттар құқықтық мінез-құлық ұғымы, құқық бұзушылықтан кері екенін еске алып оның белгілерін нақты ұғуы қажет. Содан соң құқықтық мінез-құлықтың негізгі түрлерін қарастырулары тиіс. Құқықтық мінез-құлық құқық нормасында көрсетілген, мемлекетпен кепілдендірілетін және қорғалатын, қоғам мұддесі тұрғысынан қажетті және мүмкін болатын құқық субъектілерінің әрекеті ретінде оның басты белгілеріне көніл бөлген абзал. Құқықтық мінез-құлық мына негіздер бойынша әлеуметтік маңыздылығы дәрежесіне қарай: қажетті, қалаулы, рұқсат етілген және себептеріне, яғни, субъективтік жағына, байланысты: әлеуметтік белсенді; конформисттік; әдettі; маргиналды. болып түрлерге бөлінетінін ажырата отырып, түрлі мысалдармен дәлелдемелер қажет.

Тындауши екінші сұраққа дайындалғанда құқық бұзушылық ұғымын, белгілерін және құқықтың зерттеу пәні бойынша қоғамға қауіпті дәрежесі негізінде топтасатын оның негізгі түрлерін білулері керек. Құқық бұзушылық қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мұдделеріне нұксан келтіруші, тұлғаның кінәлі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекеті ретінде оның басты белгілеріне тоқталып, мәнін ашып өткен жөн. Әлеуметтік қауіптілігіне қарай барлық құқық бұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылмыктарға бөлінетінін ескере отырып, Құқық бұзушылықтардың барлық түрлері үшін құқықты қалпына келтіруші және айып-пұлдық санкциялар көзделгендігіне тоқтала кеткен жөн. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар міндетті мәжбүрлі түрде орындануға, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіруге бағытталған, ал айып-пұлдық санкциялар құқық бұзушының белгілі бір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттерді жүктеуді немесе оны ресми түрде сынға алуды көздейтінін түрлі мысалдармен дәлелдеу.

Құқық бұзушылық құрамы туралы үшінші сұрақта, сіздерге сол құқық бұзушылықтың мәнін ашатын төрт элементінен тұратынын біліп және оның әр бір түріне сипаттама жүргізу қажет. Құқық бұзушылықты занды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі Құқық бұзушылықтың құрамы болып, құқық бұзушылықтың субъектісі (осы әрекетті немесе әрекетсіздікті жасаған құқық әрекет қабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым), Құқық бұзушылықтың субъективтік жағы (тұлғаның өз әрекетіне және оның салдарына деген субъективтік қатынасын сипаттайтын белгілердің

жынтығы), құқық бұзушылықтың объектісі (осы Құқық бұзушылықтың неге бағытталғанын көрсетеді), Құқық бұзушылықтың объективтік жағы (Құқық бұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілердің жынтығы) туралы жан-жақты талдаулар жасай отырып, ҚР ҚК баптарына сүйену керек. Бұл жерде басты категория тұлғаның өзі жасаған құқыққа қайшы әрекетіне психологиялық қатынасы кінәге анықтама бере отырып, оның түрлеріне көп көңіл бөлген абзal. Құқық бұзушылық құрамы туралы үшінші сұрақта, сіздерге сол құқық бұзушылықтың мәнін ашатын төрт элементінен тұратынын біліп және оның әр бір түріне сипаттама жүргізу қажет.

Құқық бұзушылықтың заңды салдары болып заңды жауаптылық болып табылады. Заңды жауаптылық туралы сұрақты айқындау барысында, оны белгілі бір құқық бұзушылықты жасаған адам мен мемлекет арасындағы өзгеше бір құқықтық қатынас ретінде қарастырған жөн. Заңды жауаптылық мемлекетпен, құқық нормасымен, құқыққа қарсы әрекетпен және міндеттермен тығыз байланысты, мемлекет құқық нормасын қабылдай отырып, субъектілердің ықтияр-тілегінен тыс заңды жауаптылықты бекітіп, мемлекеттік мәжбүрлеу сипатта болатынын көрсетіңіз. Жасалған Құқық бұзушылық үшін тұлғаға белгілі айыруларға төзетін міндеті жүктелетін және мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын, заңды жауаптылықтың шараларын атап өтіңіз. Бұл құқықтық қатынаста мемлекет атынан шығатын тиісті мемлекет органдары, құқық нормаларында белгіленген әсер ету шараларын қолдануға құқығы бар және де міндетті. Ал құқық бұзушы өз кезегінде мемлекет органымен белгіленген әсер ету шарасын мойындан оны орындауға міндетті. Сонымен қатар, құқық бұзушы, өзінің кінәлілігін қарастыру барысында, заңдылықтың және де сол мемлекет азаматы ретінде оның барлық заңды кепілдіктерінің сақталуын талап етуге құқығы бар. Сонымен құқық бұзушының заңды жауаптылығы мен заңды міндеті, оған қатысты айқындалған субъективтік құқықтардың бар екендігін болжалайды. Заңды жауаптылықтың мақсаты мен функцияларын терең тануға мүмкіндік беретін, осы құқықтық құралдың көмегімен жететін нәтижелерді ескере кету керек. Субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау заңды жауаптылықтың негізгі мақсаты болып табылатындықтан, құқық субъектілерінің мұддесін қанағаттандыру, әлеуметтік байланыстарды әділ реттеу үшін осы құқықтық аспапты бекіту, заңды жауаптылықтың функциялары мақсатты анықтау үшін туындастырылған міндеттерді атап өткен жөн. Осы міндеттерді жүзеге асыруға заңды жауаптылықтың қағидаларын да ескеру.

Келесі сұрақты қарастыру барысында құқық бұзушылықтың түрлеріне сәйкес заңды жауаптылық негізін анықтап, олардың: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптік, материалдық түрлерінің мән-мағынасын ұғынып, мысалдар ойлап тауып, оны Қазақстан Республикасының қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстері және Қарулы Күштердің әскери жарғысын қолдана отырып тиісті санкциялар жасау. Соңғы кездері заң ғылымында ретроспективтік (өткенді шолатын) және перспективтік жауаптылыктардың ара-жігін ажыратып қарастыру. Ретроспективтік — жасалынған құқық

бұзушылық үшін жауаптылық, перспективтік - бұл құқық субъектілерінің заң талаптарына сәйкес әрекет ету міндеті ретіндегі болашак әрекеттері үшін жауаптылықтарға мысалдар келтіру.

Занды жауаптылық белгілі бір құқықтық және де шың мәніндегі негіздердің бар болғанын да ғана туындаиды. Сондықтан оның негізі болып құқық нормасы, құқық бұзушылықтың жасалуы, қолдану актісі болып табылады. Бұл аталмыш негіздер теориялық және ғылыми тұрғыда қалыптаспақ. Заң шығаруши болса, занды жауаптылықтың негізі ретінде тек құқық бұзушының құрамын таниды. Кез келген заңға қайшы іс-әрекет занды жауаптылықты туғызады, бір-ақ, мән-жайлар жауаптылықты тудырмайтындығы зандарда арнайы қарастырылғандығын да айта кету абзал. Мемлекет және құқық теориясында іс-әрекеті занды қайшылығын жоққа шығаратын жалпылыма түрде қарастыратын жағдайлар: есі дұрыс еместік, қажетті қорғаныс, қоғамға аса қауіптілігі жоқ Құқық бұзушылық, казус (жағдай), қылмыс жасаған тұлғаны ұстая, аса қажеттілік, физикалық және психологиялық мәжбүр ету, орынды тәуекел, бұйрық немесе өкімдерді орындау, қоғамға қауіп төндірмейтін елеусіз Құқық бұзушылықтарды және т.б. Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы зандарында (КР ҚҚ, КР ӘҚ, т. б.) тиісті занды жауаптылық түрлерінен босататын накты негіздерін тауып конспектілеу. Занды жауаптылық түрлерін қарастыра отыра, салалық белгілерге зейін қою.

Әдебиеттер: 1-21; 31-32; 39; 42; 57; 86; 105; 147-155; 156-168

15-тақырып. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық. Занды жауаптылық

КОӘЖ – 1 сағат

Тапсырма: Кесте толтырыңыз

